

---

# **ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

---

**альманах**

**№1 (43) / 2016**



**ТІА ҚОҒАМ**  
және

## альманах

Қазақстан  
Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп,  
№ 516-ж кәуәлігі берілген  
(14.06.2004)

**Бас редактор**  
Қонысбай Әбіл

### **Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-  
саяси жұмыс комитеті

### **Редакциялық алқа:**

#### **Марат Әзілханов**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
спорт вице-министрі

#### **Өмірзақ Айтбайұлы**

ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ тілі»  
қоғамының президенті

#### **Қойшығара Салғараұлы**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы

#### **Сұлтан Оразалинов**

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген  
қайраткері, жазушы

#### **Асылы Осман**

«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің  
төрайымы

#### **Дихан Қамзабекұлы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА  
корреспондент мүшесі

#### **Дархан Қыдырәлі**

ҚР Білім және ғылым министрлігі  
Халықаралық түркі академиясының  
президенті, тарих ғылымдарының докторы

#### **Дос Көшім**

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы



### **Оқырманға арнау!**

*Еліміздің тәуелсіздікке ие болуы, қоғамның барлық саласының тынысын ашқан еркіндік самалы, азаттық мұраттарының жаңғыруы – ең басты рухани қазынамыз, хатталған тарихымыз, бабалар аманаты сақталған тіліміздің өрісін ашып, Алаш баласын тұтастырар тірек болуымен бірге, қазақтың атымен мемлекет құрған елдің негізгі тіліне де айналды. Қазақ тілінің Конституциямен бекітілген осындай мемлекеттік мәртебесі тілдің қолданыс аясын кеңейту жұмыстарында насихаттық шараларды да жүргізуді қажет етеді. Еліміздегі тіл саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік орган – Мәдениет және спорт министрлігінің басылымы болғандықтан, «Тіл және қоғам» журналы алғаш жарық көрген кезден бастап тіл саласына қатысты басым бағыттарды негізге алып келеді. Журналдың биылғы жылғы алғашқы санында да осындай дәстүрлі бағыт жалғасын тауып, сонымен бірге бұрынғыларға қоса, жаңадан «Маржан сөз», «Әлемдік ақыл-ойдан», «Қалтарыста қалған қазына» сияқты айдарлар енгізілді. Мұндағы мақсат – қазақ тілінің байлығы мен бейнелілігін таныту, тілдің адам мен қоғам өміріндегі айрықша маңызын ашқан әлемдік деңгейдегі тұлғалардың ойларымен қазақ оқырмандарын қауыштыру және тарихи кезеңдерде тіл туралы жазылған, бүгіндері әлі де өзектілігін сақтаған көпшілікке беймәлім еңбектерді таныстыру. Әлбетте, журнал ономастика, терминология және әдістеме мәселелері туралы мақалалар жариялауды жалғастырып, «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды орынды, дәмді болуына сыншылдық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек» деп ұлттық тіл біліміміздің атасы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, авторлардан жаңашыл мазмұндағы еңбектер күтеміз.*



**ТӨЛЕН ӘБДІК**

*ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы*

## Мемлекеттік тіл — міндетті тіл

*Ел егемендігін тілге тиек етсек тіл мәселесінен бастаймыз, олай болуы заңды да. Өйткені барлық істің бастауында қашанда тіл тұрады. Қазақ тілін дамытудың бүгінгі жағдайы туралы не айтасыз?*

Тәуелсіз ұлт болу үшін ең алдымен екі нәрсе керек: бірі – тіл, екіншісі – жер. Жер мәселесі өз алдына жеке әңгіме, оның да проблемасы аз болып жатқан жоқ. Ал тілге келетін болсақ, оның дауы тәуелсіздік алған кезден бастап, әлі күнге дейін толастаған емес. Басты себептерінің бірі – тіл мәселесі төңірегіндегі пікірлердің бір жерге тоғыспауы, шашыраңқылығы. Тілді дамытудың жолдары, тәсілдері, қиыншылықтары шаш етекпен. Оның бәрін бір күнде шешу мүмкін емес. Сондықтан проблемалардың ең маңыздысын бірінші орынға қоя білуіміз керек. Қазақ тілінің екі статусы бар – ана тілі және мемлекеттік тіл. Ана тілін үйрену, оқыту - заң тұрғысында міндетті түрде деп айта алмайсың, адамның өз еркіндігіне, перзенттік парызына, азаматтық жауапкершілігіне байланысты. Ал мемлекеттік тіл – міндетті тіл болып есептеледі. Өйткені мемлекеттік тіл - мемлекеттік органдардың тілі, мемлекеттік басқару жүйесінің тілі, мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оны Президенттен бастап бүкіл мемлекеттік қызметкерлер білуге міндетті. Алайда бұл заңның орындалмай отырғаны баршаға аян: бізде билік жүйесінде мемлекеттік тілді білмейтіндер, білгісі де келмейтіндер жеткілікті. Сондықтан мемлекеттік тіл туралы арнайы заң керек. Ресей бұл заңды 2006 жылы қабылдады. Біздің неден қорқып отырғанымыз түсініксіз.

Мемлекеттік тіл өзінің заңды тұғырына қонса, дамудың жаңа сатысына көтерілеміз. Қазағы да, қазақ емесі де оны білуге мүдделі болады. Өйткені қызметке тұру, карьера жасау, қоғамнан лайықты орын табу әркімнің өмірлік мақсаты. Өз күшінде тұрған мемлекеттік тілді олар үйренбе десең де, үйренеді. Осыдан кейін мемлекеттік деңгейдегі ұлт қалыптасады. Ұлт де-



ген этникалық топ емес. Өзіндік мәдениет жасаушы, сол арқылы өркениет көшіне қосыла алатын, дамудың жоғарғы сатысына іліккен үлкен халық. Ол өзге ұлт өкілдерін де өзінің аясына тарта алады. Яғни ұлтты ұйытатын, қалыптастыратын мемлекеттік тіл.

***Оқытудың бастапқы деңгейінде тіл күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде үйретіледі. Сонда мемлекеттік тіл тұрмыста ғана қолданылып, әдеби тіл ғалымдардың, ақын-жазушылардың тілі болып қалмай ма?***

Қазақ тілі күнделікті қарым-қатынас тілі ғана болып қала алмайтын шығар. Өйткені мектептерде қаншама гуманитарлық, ғылыми пәндер бар. Бірақ соңғы кезде айтылып жүрген даулы мәселелер көңілге қорқыныш ұялатады. Ол – ғылыми пәндер жоғарғы сыныптарда тек ағылшынша жүреді екен деген әңгімелер. Бұл біріншіден, тіл туралы заңға және Президент қол қойған тілдерді дамыту туралы үлкен бағдарламаға қайшы келеді. Онда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, яғни оны ғылым, медицина, бизнес саласына енгізу, сөйтіп толыққанды мемлекеттік тіл жасау деген концепция басы ашық айтылған. Мемлекеттік тілдің дамуын тежеу арқылы ағылшын тілін үйрету жақсы нәрсе емес, бірақ түбі дұрыс шешім табатын шығар деген үміттемін.

***Балалар тілді теледидардан үйренеді. Сонда «бес» деген сөзді «без» деп айтатын шоумендерден тіл үйренгендер болашақта кім болып шығады?***

Өз басым балалар тілді тек теледидардан үйренеді деп ойламаймын. Рас ықпалы болады. Бірақ негізінен отбасы мен мектептің әсері көбірек. Әлгіндей шала қазақтар қоғамдық өмірдің бар саласында бар. Олармен күресу үшін мемлекеттік тілдің рөлін көтеру керек. Сонда шала сауаттылар, дүмшелер өзінен өзі қажетсіз мүліктей ысырылып қалады.

***Аралас мектептер туралы көзқарасыңыз қандай?***

Аралас мектеп туралы көзқарасым жақсы емес. Бұл кешегі кеңес үкіметінен қалған мұра. Одан құтылу керек деп ойлаймын.

***Жас жеткіншектер арасында қатыгездік, мейрімсіздік белең алып келеді. Бұл індеттен қалай құтылуға болады?***

Оның себебі көп болуы мүмкін. Қоғамда әлеуметтік проблемалар көбейген сайын, тұрмыс төмендеген сайын, жастарға адамгершілік тәрбиесін беретін өнер, әдебиет құнсызданған сайын өзіңіз айтып отырған кеселді құбылыстар одан әрі де етек ала беруі ғажап емес. Жастар тәрбиесі өте қиын мәселе. Құрғақ ақыл тәрбие бола алмайды. Аға ұрпақ өзінің жүріс-тұрысымен, істеген ісімен оларға үлгі бола білуі керек деп ойлаймын. Өзің орындамайтын ақылды біреуге айтудың қажеті жоқ. Яғни, ең алдымен, мына өзіміз (аға ұрпақтың өкілі ретінде айтып отырмын) өтірік айтпауымыз керек, ұрлық жасамауымыз керек, жағымпаз болмауымыз керек, ел мүддесін қорғайтын



кезде жалтақтамай табандылық көрсетуіміз керек, т.с.с. Өркениеттің басты көрсеткіші – салынған қалалардың үлкендігі де, қоймадағы астықтың молдығы да, тіпті ғылым мен техниканың жетістігі де емес, басты көрсеткіш – сол мемлекет өсірген адамның кісілік келбеті болып табылады.

***Жаһандандудың құйынына қалай қарсы тұруға болады? Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды құндай алмай жүрген жоқпыз ба?***

Жетілген ұлттардың тәжірибелерін пайдалану керек.

Мәселен, жапондар өздерінің ұлттық сипатын сақтай отырып, бүгінгі заманның талабына сай ұлт бола білді. Біз де өркениет көшіне қазақ болып енуіміз керек. Алайда бүгінгі күннің адамына орта ғасырлық қазақтарды үлгі қылып, жаңа заманға тек үрке қарайтын болсақ, одан ештеңе ұта алмаспыз. Заман өзгереді. Халық та өзгереді. Өзгеріс тек ізгілік, әділдік, тазалық, адамгершілік бағытында болуы керек.

***Төлен аға, Кеңес империясының қылышынан қан тамып тұрған кезде де, Қызыл қырғынды суреттеген «Өліара» романын, астары терең «Тозақ оттары жымыңдайды» повесін өмірге әкеліп едіңіз. Тағы қандай тың туындыларыңызбен қуанта аласыз?***

Қазір «Өліараның» екінші кітабын жазу үстіндемін. Оның үстіне аяқ астынан тағы бір повестің идеясы келіп, суып кетпей тұрғанда жазып қалайын деп, оны да әурелеп жатқан жайым бар.

Өңгімеңізге рақмет!

*Сұхбаттасқан – Қ. Баев*



### **ӨМІРЗАҚ АЙТБАЙҰЛЫ**

*ҚР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,  
ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

## **Терминдену принципі хақында**

Қазақ әдеби тілі әр алуан лексикалық арналардан құралатынын лингвист-ғалымдарымыздың көбі мойындайды. Бірақ оны қазбалап зерттеп, қадағалап қарастырып, әрқайсысына тән өзгеше сипатын тануда істелетін жұмыс әлі де баршылық. Сол тарамдана толысып, сөз байлығын молайтып жатқан салалардың мүмкіншілігі мен ауқымын анықтап алмай тұрып, әдеби тіл жайында әңгіме қозғау қиын. Неге десеніз, қоғам өміріндегі әлеуметтік өзгерістер әсерінен, белгілі дәрежеде, тілде де әрқилы құбылыстар болып жататынын біздің қоғамдық өмір дәлелдеп отыр. Әсіресе, ғылымның, техника, өнердің т.т. тарихта бұрын-соңды болмаған сапада жандануына байланысты ана тіліміздің қолданыс өрісі кеңейіп, әлеуметтік мәні арта түскені мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әдеби тіліміздің ауқымын аумақтандырып, оның ғылыми өрісін нақтыландырып отырған терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек.

Тіліміз дамыды, жетілді, қызметі артты дегенде ойға алдымен оралар арналардың бірі – осы термин сөздер жүйесі. Қазақ тілі терминологиясының мәселелері түбегейлі зерттеліп, салалары сараланып бітті деп әзір айта алмаймыз. Тіпті, керек десеніз, термин деген сөздің өзінің мән-мағынасын түсіндіруде әлі күнге ала-құлалық кездеседі. Мұның бер жағында әрбір ғылым саласының өзіне тән терминдер жүйесін тұрақтандырып, сұрыптауға байланысты қарастырар қаншама әңгіме бар.

Бүгінгідей арқалы жиында «Термин дегеніміз не? Оны қалай түсінеміз?» деген мәселені тағы бір тәптіштеп алудың артығы жоқ. Ғылыми түсініктеме беретін көптеген сөздіктер мен сұраулық, сондай-ақ осы саланы қазбалап қарастырып жүрген мамандар пікіріне жүгінсек, бұл сөздің түп төркіні латын тіліне барып тіреледі екен. Әдепкіде «шек», «шекара» деген мағынаны білдіріпті. Олай болса, терминдер басқа сөздердің барлығынан өзіне тән шектеулі мағыналық сипатымен ерекшеленеді. Талап бойынша ол контексте осы қасиетін бұзбай сақтауы тиіс. Қай ғылымның саласында қандай мағына тұрақталса, бір ғана сол қатып ұсталуға тиіс. Қолданыстың ыңғайына қарай сан құбылып, әр алуан өріс ашатын



өзге сөздер бойындағы құбылмалылық бұларға жат. Яғни сөз мағынасының дәлдігі, жалқылығы, нақтылығы және тұрақтылығы терминдердің басты белгілері, міне, осы тектес.

Олар құрамы, құрылысы жағынан түрлі болып келе береді. Жеке сөз, сөз тіркесі немесе біріккен сөз т.с.с. термин сөздердің өзіне тән тағы бір қасиеті сол, олардың көбі қолдан жасалады, не өзге тілдерден аударылады, не сол бөгде тұлғадағы күйі өзгеріссіз сақталып, қабылданады. Тілдегі байырғы сөздерге терминдік мағына телініп, жаңа қызметке жұмсалып жатқан сөздер қаншама (А. Байтұрсынұлы). Терминдік мағына теліну деп отырғанымыз мағынасы көмескілеу сөздерге қосымша қызмет жүктеп, оларды жеке-дара мағынада қолдану деген сөз. Екі сөзді біріктіру арқылы жасалған терминдер де тілімізде жетерлік.

Термин жасауда жалғау, жұрнақтардың рөлі зор (*анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, етістік, есімдік т.т.*), сондай-ақ сөздерді тіркестіріп барып, оларға терминдік сипат беру (*зат есім, сын есім, сан есім, сөз тіркесі, жақты сөйлем, жақсыз сөйлем т.т.*) болып табылады. Мұның бәрі негізінен ұлттық тіліміздің өз сөз байлығын сарапқа салу нәтижесінде өріс алған тілдік құбылыс.

Термин жасаудағы екінші бір өнімді тәсіл өзге тілдің лексикалық байлығын қабылдауға байланысты көрінеді. Бұл қабылдау күні кешеге дейін екі түрлі принцип негізінде, екі ыңғайда жүріп жатты. Бірі калька жолымен, яғни тіке аудару арқылы, екіншісі – дүниежүзі халықтары тілінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді және социалистік елдер тілінің ортақ сөз құрамына енген кешегі советизмдерді сол қалпында қабылдау принципі. Жасалу жолдарының әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, талдағанда біраз мәселенің беті ашылды.

Жалпы бір есте болатын ақиқат, жасалу жолдары да алуан-алуан, осы процестің бәрінде ана тілінің ежелден қалыптасқан, сыннан өткен заңдылықтары сақталып отыруға тиіс. Ол сақталмаған жерде термин тілге сіңбейді. Ондай термин уақыт сынынан өте алмай, керексіз элемент есебінде қолданыстан шығып қалады.

Сонымен, арнаулы ұғымдар мен арнаулы заттар және нәрселерді білдіретін мағыналы сөздер тобын терминдер деп тану керек.

Әдеби тіліміздің даму, қалыптасу жолын бағдарласақ, Кеңес өкіметі тұсында дамып, қалыптасып отырмаған, яғни сөздердің терминдену сипаты әр алуан. Оның да бастау көзі, шарықтау шағы болған. Қазақ тілі терминдері Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы кезеңде, яғни 20-жылдарда елді жаппай сауаттандыру шараларымен қанаттаса жасала бастайды. Ал сауаттану үшін жазудың тиянақтылығы керек. Міне, сондықтан да ә дегеннен-ақ әліпби мен орфография мәселесі күн тәртібіне қойылып, бұлармен қатар термин жасау принциптерінің сөз болуы тегіннен-тегін емес. Бұлар, бейнелеп айтқанда, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын, бірін-бірі қатты қажет ететін мәселелер.

Қазақ халқының сауат ашу тарихында үш түрлі жазу болғаны мәлім (араб, латын, орыс графикасына негізделген). Мұның әрқайсысының өзінше пай-



далы жақтары мен кемшіліктері болды. Қай-қайсысы да кезінде сауат ашуға қызмет етті, алайда жаңа өмірдің даму қарқыны араб пен латын жазуының кемшіліктерін көрсетпей тұра алмады. Ол кездегі жағдайды жетік білетін және өз халқының мәдени болашағын алдын ала болжай алатын зиялылар үкімет пен партияның қолдауының арқасында біртіндеп орыс графикасына негізделген жазуды қолайлырақ деп танып, осыған ойысты. Сөйтіп 42 әріптен тұратын қазақ әліпбиі ұлттық жазуымызды жөнге келтіріп, халқымызды прогреске жетелегендей болды.

Әрине араб жазуының да, латын жазуының да қазақтардың табиғатына жақындайтын тұстары болды. Тіпті А. Байтұрсынұлы негіздеген төте араб жазуымен қала беруге болатын еді. Алайда саясат салқыны мұны басқаша арнаға тартып кеткені мәлім. Дегенмен бұл жазудың кемшілігін атап көрсеткендер де болды. Соның қайсыбірін еске алалық. Мәселен, араб әліпбиінің құрамындағы небәрі үш дауысты дыбыстың негізінен әуезді, үнді, ашық дауыстылардан тұратын қазақ сөздерін жазуға келгенде жетімсіздігі, кемшілігі байқала берді. Өйткені онда қазақ тілінің 9 дауыстысына саймай келетін дыбыстар жоқ еді. Ал, латын жазуына келетін болсақ, алғашқыда қалтқысыз қызмет еткенмен, көптеген сөздерді, әсіресе, өзгертпей қабылдап, жазуда талап ете бастаған сол заманда халықаралық терминдерді дұрыс таңбалауда мұның да олпы-солпы тұстары жетерлік болатын. Мәселен, *физика, химия, хлор, фабрика, цемент тәрізді, терминдерді физика, қыймия, қылор, пабіріике, семент* деп жазатын болдық. Ал енді бұлардың қазіргі кейпінде жазып қалыптастыруға дейін қаншама талас-тартыс, дау-дамайдың болғанын білеміз. Әсіресе, ана тілін өзге тілдер «шабуылынан» таза ұстауды көздеген патриотизм бой көрсеткені рас. Мұны пуристік ағым деп таныдық. Осындай пуристік ағымды қатты ұстанған топ сол кезде халықаралық және кеңестік ұғым терминдерін жобасы келсін-келмесін, қалайда қазақшалауды мақсат еткен. Кезінде *қара айғырдың-паравоз, отарбаның-поезд, бибауырмашылықтың-интернационалист, орданың-институт, ортақшылдың-коммунист* мағынасында алынуы осыған дәлел. Тілдің даму заңдылығы бұл әрекеттердің дәйексіз болғанын дәлелдеп шықты.

Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында 1933 жылы құрылған мемлекеттік терминология комиссиясының рөлі ерекше болды. Оның алғашқы председателі профессор Құдайберген Жұбановтың басшылығымен комиссия мүшелері аз ғана жылдың ішінде қыруар жұмыс істеген. Басқасын былай қойғанда, 1935 жылы мәдениет қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық I съезі өткізілер қарсаңда жұртшылыққа ұсынылған Мемтерминком «Бюллетенінің» төрт санының өзі-ақ осы кезде істелген шаруалар жайында біраз мағлұмат береді. Термин жасау, қабылдау принциптері ғылыми заңдылықтарға негізделіп, талас туғызып жүрген біраз мәселенің беті ашылды. Бірыңғай ғылыми жүйеге көшті.

Съезде профессор Қ. Жұбанов ұсынған жоба талқыланды. Ол жобада қазақ терминологиясын жасаудың, халықаралық терминдерді қабылдау, олар-



ды қолдану, тұрақтандырудың ғылыми принциптері жан-жақты қамтылған болатын. Міне, содан бері Мемлекеттік терминология комиссиясы арақидік үзілістен болса да қазақ тілі терминологиясын бірізге түсіруде үлкен жұмыс атқарып келеді. Ғылым мен техниканың сала-саласы бойынша сан түрлі терминдер сарапқа түсіп, мамандардың талқысынан өтіп, күнделікті қолданысқа жолдама алды. Олардың көбі ана тіліміздің сөздік құрамына еніп, әсіресе, ғылыми ой-пікірді өрнектеуге жұмсалатын лексикалық байлық есебінде арнайы қызмет атқарып келеді. Терминология шаруашылығында күнделікті жүргізілетін осындай шаралардың нәтижесінде қазір қазақ тілінің терминдік жүйесі біршама қалыптасып қалды деп айта аламыз. Қай ғылым саласын қарасаңыз да өзіндік терминдер жүйесі бар. Бұлар әдеби тіліміздің өрісін кеңейтіп отырған лексикалық байлығымыз.

Термин жасау мен қалыптастыруда күнделікті баспасөз бен баспа орындарының, радио мен телевидениенің қызметі айрықша. Қазір әдеби тілімізге сіңісіп, байырғы сөздер қатарына қосыла бастаған қаншама термин о баста көпшілікке қызмет ететін осы органдар арқылы іске жаратылып, жүйеленген болатын.

Қазақ тілі терминологиясының даму көздерінің бірі ретінде аударма ісінің жандануы да зор қызмет атқарады. Әсіресе, марксизм–ленинизм классиктері де шығармаларын қазақ тіліне аударуға да байланысты қаншама сөздер қайта електен өтіп, бұрын бұйығы жатқан мағыналық белгілері қайта жаңғырып, терминдік мәнге ие болды. Сөйтіп қоғамдық, саяси терминологияны жинақтап, жүйелеп алдық. Бұл процесте қазақ тілінің төл сөздері, тіпті байырғы көне лексикалық арабизмдер мен парсизмдерге дейін сарапқа түсті. Қарап отырсақ, осылай саналы түрде реттеу, жүйелеу барысында тіліміздің бүгінгі болмысында зор мүмкіншіліктер көзі ашылған екен.

Кейде терминдер тасқынынан тіксініп, «тіліміз бейнелі қасиетінен, өз табиғатынан айырылып бара жатқан жоқ па?» деп қауіп ойлайтындар да табылып қалады. Егер әдеби тілдің қоғам өміріндегі даму заңдылықтарына саналы көзбен қарасақ, «бұзып-жарып» бұра тартатын пәлендей өрескелдік жоқ. Жоғарыда ескерткеніміздей, тілдің даму өзгешілігіне орай, түзілген принциптер негізінде терминологиялық лексика әдеби тіліміздің бір үлкен тармағы – арнасы есебінде бой көрсетіп отыр.

Принциптер дегенде оның ең басты түріне назар аудару қажет. Бір термин жасауда төл сөздерді кеңірек тарту, яғни өз байлығымызды А. Байтұрсынұлының айтқанда, сарқа пайдалану принципі болса, екіншісі –орыс және интертерминдерді сол күйінде бұлжытпай қабылдау болатын. Мұның өзі екі ыңғайда бой көрсетті. Аударуға келетіндерін аударып, калька жасау жолымен тілімізге сіңген көптеген терминдер бар. Мәселен, *өнеркәсіп, жемшөп, бесжылдық, міндеттеме, қызыл бұрыш, үндеу шешім, бұйрық, шығарма* және тағы басқа. Толып жатқан терминдер тіл байлығына айналып кетті. Егер ана тілінде толық мағынасын беруге болмайтын жағдайда, терминдердің сол түпнұсқадағы қалпын сақтап алу бірден–бір дұрыс тәсіл деп танылады. Мәселен, *коммунизм, ленинизм, марксизм, совет, космос, ре-*



*волюция, станция, фабрика, рентген, орбита, композиция, ракета, спутник, механика, алгебра* т.т қазақ тілінің байлығына қосылып отырған қазына ретінде насихатталды.

Іргелес отырған елдер тілі біріне-бірі әсер етпей тұрмайтынын талай тарихи деректер растайды. Мәселен, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің көптеген сөздері орыс тілінің игілігіне айналған. Бұл жайында ертелі-кеш шығып жатқан екі тілді түсіндірме және сөздер төркінін баяндайтын сөздіктер материалдарымен танысуға болады. Әсіресе, «Орыс тілі құрамындағы түркізмдер» деп аталатын Е.Н. Шипованың еңбегін қарасақ, толып жатқан мысалдар табасыз. Мысалы, орыс баспасөзі мен орыс жазушылары шығармаларының кез келгенінен мынандай сөздерді кездестіреміз: *адам, айтыс, ақын, аймақ, арғымақ, арқан, ауыл, база, бәйге, бауырсақ, бешпет, болат, жайлау, жігіт, жайран, домбыра, дастархан, доға, қазы, қазына, қаймақ, қаракөл, қарға, қатық, кетпен, қанжар, кірпіш, қобыз, көш, көк, сағыз, құймақ, құрт, маржан, марал, мата, нар, наурыз, орда, отар, сазан, сайғақ, сақпан, сабан, сандық, сарай, сүйрік (севрюга), сел, сырға (серьги), тостаған, тұлпар, тұмақ, тұрме, ұлыс, өріс, хан,, шайхана, шапан, шекпен, шопан, сорпа, жарлық, жақұт* т.б сөздер осыған дәлел.

Алайда кеңестік дәуірдің білім-ғылым саласында атап өтуге тұрарлық жақсы нышандармен қатар ұлт мәдениетінің дамуына кесірін тигізген тұстар да болғаны тарихтан мәлім. Мұндай жағдай қазақ тілінде термин реттеу барысында орын алып жатты. Мәселен, 30–жылдардың аяғынан белең ала бастағын интертерминдерді орыс тіліндегі қалпынша жазып қабылдау керек деген принцип 80-жылдардың ортасына дейін қатып ұсталды. Осының салдарынан тіл табиғатынан туындаған төл байлықты сарқа пайдалану дейтін А.Байтұрсынұлы принципі көмескілене берді. Терминжасамдағы бұл теріс көзқарастың қырсығынан әлі күнге арыла алмай келеміз. Тек 90-жылдардың басынан бастап қана қазақ терминологиясы өз негізінде лайықты жүйелене түсті. Термин жасау көздері мен арналарын абай көзбен қарай бастады.

Осыдан шығатын қорытынды, тілдердің өзара байланысы, сөз алмасу, яғни ауыс-түйіс жасауы табиғи құбылыс. Тіл қашанда өзінің құрамына керектіні алып, керексізді қабылдамайды. Әрине, бұл процеске, өмірдің даму заңдылығына қоғамның талап-тілегіне орай, саналы түрде араласып, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, қалыптастырып, отыратын кез болады. Қазақ терминологиясының даму, қалыптасу тарихынан біз осыны байқаймыз.

Ендеше, табиғи тіліміздің бүгінгі болмысында табиғи өріс және жақсы жарасымдылық бар. Қазір ана тіліміздің мүмкіншілігінің бұрынғыдан да молайғаны соншалық, әлемде болып жатқан оқиғалардың қандайын болсын, кемеңгер мұраттар мен ғылыми ой-пікірлердің қандайын болсын қалағаныңызша баяндап бере алатын, тіпті суреттеп бере алатын қуаты мол, дамыған тілдер қатарында 10 миллионға таяу халықтың қажетіне мүлтіксіз жарап отырған бұл тілдің болашағы бүгінгіден де жарқын. Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында масатанып айтуға болатын қазақ тілінің бүгінгі болмысындағы бір жетістігіміз осы.



**САРҚЫТ ӘЛІСЖАН**

*Назарбаев Университетінің  
қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының доценті*

## Түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдер

Түркі әлемінде соңғы он шақты жылдың ішінде болған қоғамдық-саяси, мәдени өзгеріс тілге, соның ішінде терминология саласына да өз ізін салғаны белгілі. Туыстас тілдер бір-бірімен түсінушілікке, үйлесе дамуға ден қоюда. Бұл құбылыс әсіресе, ғылым тілі саласында қатты байқалады. Олай болуы заңды да, өйткені ғылыми ұғымдар мен түсініктерді ортақтастыру, үйлестіру саналы іс-әрекет ретінде ежелден болған және бола береді де. Алайда түркі тілдері үшін бұл мәселе ерекше болмаса да, енді ғана шынайы қолға алынуда [1].

Академик Ә. Қайдаров қазақ тілі терминологиясын реттеу және ілгері дамыту жөніндегі тұжырымдамасында негізгі принциптердің бірі ретінде: “Термин шығармашылдығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалануды” [2, 15] ұсынады. Түркі тілдеріндегі ғылыми терминдерді үйлестіру мәселесімен түрік және өзге түркі елдерінің ғалымдары айналысуда.

Әуел баста туыстас түркі елдерге ортақ терминологиялық қор жасау мәселесінің орындалуы екіталай алып-қашпа идея сияқты болып көрінуі ықтимал. Алайда ғылыми тұрғыдан терең зер салсақ, белгілі бір сала бойынша түркі тілдерінің терминдер жүйесіне нақты талдаулар жүргізсек, көтеріліп отырған мәселенің бұлжымас негізі бар екеніне және оған қол жеткізу мүмкін болатынына сеніміміз арта түседі.

Бұл мақалада түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің қолданылуы, қалыптасу ерекшеліктері және ортақтығы мен оған жетудің кейбір қырлары сөз болады.

Түркі тілдеріндегі ортақтық жалпы халықтық тілде негізінен сақталған. Бірақ бұл ортақтық пен ұқсастық түркі термин жасау тәжірибелерінде пайда-



ланылмаған. Ә. Қайдаров мұның себебін сол кездегі саясаттан іздейді: “Өйткені түркі тілдерінің жазуы мен терминологиясы арқылы жақындасуы кезіндегі тіл саясатына онша қолайлы болмады. Себебі бөлініп-бөлшектелген, басы қосылып тілі бірікпеген елдерді билеп-төстеу кімге де болса оңай болатын” [2, 16].

Қолда бар материалдарға жүгінсек [3], түркі тілдерінің өз топырағында лингвистикалық терминдерді қалыптастыру бұл тілдердің әрқайсысында әр түрлі жолмен жүзеге асқан. Соның өзінде туыстас тілдерге тән ұқсастық олардан байқалып тұрады. Енді осыған көз жеткізу үшін материалдарға назар аударалық.

*Есім* (исем) және *ат* (ад) сөздері жалпы түркілік сөз ретінде түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Бұл сөздер жалпы қолданыста бір-біріне синоним болып жұмсалады. Мәселе оларды бір ұғымды белгілейтін термин қатарына тартуда түркі тілдерінде бірізділіктің болмауында. Айталық, татар тілінде “зат есім” мағынасын білдіретін термин есебінде исеме сөзі іріктелген: *ялгызылык исеме* (жалқы есім), *кумәклек/уртаклыкисеме* (жалпы есім). Әзірбайжан тілінде *исим* (зат есім), *хусиси исим* (жалқы есім), *умуми исим* (жалпы есім) қолданылса, өзбек тіліндегі *исм*, *ном*, *от* мәндес сөздерінің ішінен “зат есім” және оның құрылымдық түрлерін белгілейтін лингвистикалық термин ретінде *от* сөзі алынған: *от* (зат есім), *отокли от* (жалқы есім), *турдош от* (жалпы есім), ал “қимыл есімі” терминін беруде аталған тілде *ном* сөзі пайдаланылады: *харакат номи*. “Есім” сөзін келтірілген тілдерден басқа түрік тілі (*исим*), башқұрт тілі (*исем*), ұйғыр тілі (*исим*) “зат есім” мәнінде қолданылады. Қырғыз тілінде бұл термин *ат* сөзі арқылы беріледі. Мысалы: *зат атооч* (зат есім), *енишилүү ат* (жалқы есім), *жалпы ат* (жалпы есім), *қыймыл атооч* (қимыл есімі) және т.б. Ноғай, қарашай, балқар тілдеріндегі жағдай да осыған ұқсас.

“Қимыл есімі” (немесе тұйық етістікті) түркі тілдерінің оғыз тобына жататын түрік, әзірбайжан тілдерінде *мастар//мәсдер* термині арқылы берілген, басқа түркі тілдері (өзбек, қырғыз тілдерін қоспағанда) негізінен “инфинитив” кірме сөзін қолданады.

Келтірілген *есім//исем//исим*, *ат//ад//от* сөздерінің термин ретінде қолданылуында бірізділік жоқ дегеннің өзінде, олардағы түбір ортақтығы көзге бірден шалынады, бұдан жалпы халықтық тілде сақталған осы ортақтықты термин қалыптастыруда кәдеге жарату керек деген пікірдің негізі бар екені айқындала түседі.

Сөз болған *ат//ад* түбірі орыс тіліндегі “номинация” терминінің түркілік баламасы ретінде де қолданылып жүр. Қараңыз:

“номинация”  
 түрік тілінде: *адландырма*  
 әзірбайжан тілінде: *адландырма*



түркімен тілінде: *атландырма*  
ұйғыр тілінде: *атач*  
башқұрт тілінде: *атама*

Ал өзбек және татар тілдерінде *ат//ад* түбірі ном және исем сөздерімен алмастырылған, соған сәйкес “номинация” термині бұл тілдерде *номлач* және *исемләчу* болып дыбысталады.

Қазіргі қазақ тілінде “термин” сөзі кейбір еңбектерде *атау, атауыш, аталым* деген баламаларымен қатар қолданылып жүр. Мұндай жағдай өзге түркі тілдерінде де ұшырасады:

өзбек тілінде: *термин//атама*  
ұйғыр тілінде: *термин//аталғы*  
татар тілінде: *термин//атама*  
түрік тілінде: *терим*

Біз өз тарапымыздан түркі лингвистикалық терминологиясында термин лексемасының қалғанын (мүмкін жеке түркі тілдерінің айтылу заңдылықтарына сай ала отырып) қалар едік, өйткені *ат//ад* түбірінен тараған терминдер, терминдік тіркестер, термин ыңғайында қолданылатын сөздер онсыз да жетерлік.

Түркі лингвистикалық терминологиясында жаңа ұғымды бір сөзбен белгілеуде тәжірибе алмасудың болмағанын дәлелдейтін тағы бір факт – “шылау”, “шақ” т.б. терминдерге қатысты. Шылау грамматикалық қызметі жағынан көмекшілік қызмет атқарып, сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылады, өздері тіркескен сөздердің мағыналарына әр қилы реңктер үстейді [4, 362]. Демек, шылаулар негізгі сөздердің шылауында жүреді, осы қасиетіне қарап А. Байтұрсынұлы мұндай сөздер тобын “шылау сөздер” деп атаған және олардың “демеу”, “жалғаулық” түрлерін қоса көрсетеді [5, 194-196]. Дәл осындай картинаны өзге түркі тілдерінен де көреміз. Шылаудың негізгі сөздерге тіркесімділігіне, тіркестерде айқындалатын мағыналарына қарап, соған сәйкес атау беру бұл тілдерде кездеседі. Мысалы: түрікше *баглаш*, әзірбайжанша *баглајычы*, өзбекше *боғловичи*, түркіменше *баглајжы*, татарша *теркәгеч*, башқұртша *теркәуеш*, қырғызша *байламта*, ноғайша *тіркеуіш* т.т. Келтірілген терминдер қазақ тілі тұрғысынан “байлау” (негізгі сөздердің байлауында жүретініне байланысты), “тіркеуіш” (тіркесімділік қабілетіне байланысты) мағыналарын беретінін түсіндіріп жату артық.

Түркі тілдерінде жалпы қолданыста мезгіл ұғымын білдіретін сөздер мыналар: *вахт//вакыт//вақт//убакыт//уақыт, заман//замон, чағ//чак//чоғ//шақ*. Қимыл-қозғалыстың, іс-әрекеттің мезгілге қатысын білдіруде қазақ пен қырғыз тілінде *шақ//чак* сөзін пайдаланады, өзге түркі тілдерінде *заман* сөзі іріктеліп алынған. Түрік, әзірбайжан, түркімен, ұйғыр, татар және т.б.



тілдерде *заман*, ал өзбек тілінде *замон*. Айта кету керек, грамматикалық категорияларды түсінуде, тұжырымдауда қайсыбір сәйкессіздіктер түркі лингвистикасында кездеседі. Айталық, өзбек, қырғыз тілінде осы шақтың екі түрі белгілі болса, татар тілінде бір ғана формасы бар, бұл терминологияға өз бедерін салды: татар тілінде *хәзерге заман* (осы шақ); өзбек тілінде *хозиргикеласи замон* (қазақ тіліндегі “ауыспалы осы шақ”), *конкрет хозирги замон* (нақ осы шақ); қырғыз тілінде *учур-келер чак* (ауыспалы осы шақ), *азыркы учур чак* (осы шақ).

Септеу мен жіктеу кейбір тілдерде бір ғана терминмен беріліп жүр. Бұл жөнінде В.Н.Филюшина былай деп жазады: “... түркімен тілінің грамматикасында септеу мен жіктеуді білдіретін терминдер жоқ: есімдердің септелуі, етістіктердің жіктелуі және жақпен сан бойынша өзгеруі *үйтгейши* терминімен беріледі...” [6, 44]. Дегенмен “Түркі дүниесі грамматикалық терминдері” (Анкара, 1997) сөздігінде бұл ұғымдар үшін *йөңкеме//биленүйтгеме* (түркімен тілі бойынша) терминдері берілген. Бұған қарағанда, соңғы кезеңде түркі тілдерінің грамматистері әрбір ұғымды саралап көрсетуге ұмтылып отырғаны аңғарылады. Өзбек грамматистері *турланиши* (септеу), *тусланиши* (жіктеу) терминдерін қолданса, қырғыз тілінің маманы Б.О.Орузбаева осы ұғымдар үшін *жөңделуши* және *жақталуу* терминдерін ұсынған [7]. Бірақ Анкарада шыққан аталған сөздікте қырғыз тілі бойынша септеу мен жіктеуді бір ғана *жөңделуши* терминімен берген. Х.Ф.Исхакова татар тілінде мұндай жағдайларда *төрленеш* терминінің қолданылатынын келтіреді [8, 9].

Басқа түркі тілдерімен салыстыра қарағанда, қазақ тілі лингвистикалық терминдер жасауда өзіндік кейбір ерекшеліктерге ие.

Зерттеуші О.Бекжанүбри қазақ тіліндегі “көсемше” термині өзі білдіретін грамматикалық мәнді толық аша алмайтынын, одан гөрі “үстеуше” сөзі толыққанды балама болу мүмкіндігіне ие екенін айтқан. Дәлірек айтқанда, көсемшенің негізгі етістікке жанасып, қосарланып айтылатынын, яғни етістіктің үстеуге тән қызметін “көсемше” емес, “үстеуше” термині дәл беретінін дәлелдеген [9, 12-17]. Бұл пікір көсемшенің грамматикалық табиғатын толық ескеруден туған және басқа түркі тілдерінде де “көсемшені” сөзбен таңбалауда осы жайт ескерілген. Қараңыз:

“көсемше”

түрік тілінде:	<i>зарф фиил</i>
өзбек тілінде:	<i>равшидош</i>
түркімен тілінде:	<i>хал ишлик</i>
татар тілінде:	<i>рәвеш фигиль</i>

Ал бұл тілдерде “үстеу” қалай айтылады, салыстырыңыз:

түрік тілінде: *зарф*



өзбек тілінде:	<i>равши</i>
түркімен тілінде:	<i>хал</i>
татар тілінде:	<i>рәвеш</i>

Бұл салыстырудан шығатын қорытынды, түркі тілдерінің көбінде “көсемше” терминін белгілеуде олардың үстеуге ұқсас жақтары ескерілген, сондықтан “үстеу етістік” деген мәнге ие болған, қараңыз: *рәвши фигурь* (татар) немесе *зарф фишл* (түрік), әзірбайжан тілінде *фели баглама*.

Қазақ тілінде зат есім, сын есім, сан есім сияқты сөз таптарының атаулары тіркес күйінде берілсе, түркі тілдерінің көбінде олай емес. Мысалы:

“зат есім”

түрік тілінде:	<i>исим//ад</i>
әзірбайжан тілінде:	<i>исим</i>
өзбек тілінде:	<i>от</i>
түркімен тілінде:	<i>ат</i>
татар тілінде:	<i>исем</i>
башқұрт тілінде:	<i>исем</i>

“сын есім”

түрік тілінде:	<i>сыфат</i>
әзірбайжан тілінде:	<i>сифәт</i>
өзбек тілінде:	<i>сифат</i>
түркімен тілінде:	<i>сыпат</i>
татар тілінде:	<i>сыйфат</i>
башқұрт тілінде:	<i>сифат</i>

“сан есім”

әзірбайжан тілінде:	<i>сај</i>
өзбек тілінде:	<i>сон</i>
түркімен тілінде:	<i>сан</i>
татар тілінде:	<i>сан</i>
башқұрт тілінде:	<i>һан</i>

Қырғыз тіліндегі көрініс біздің тілге (қазақ тілі) ұқсас: *зат атооч, сын атооч, сан атооч*.

Түркі тілдеріндегі лингвистикалық атауларда кездесетін түбір ортақтығын төменде келтірілген мысалдар дәлелдей түседі. Енді соған назар аударалық:

ТІЛ – *дил* (түрік, әзірбайжан, түркімен, гагауыз), *тил* (өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз), *тел* (татар, башқұрт);



ӘДЕБИ ТІЛ – *едеби дил* (түрік), *адаби дил* (әзірбайжан), *едеби дил* (түркімен), *адаби тил* (өзбек), *әдәби тел//йазма тел* (татар), *адаби тил* (қырғыз);

РЕСМИ ТІЛ – түркі тілдерінің барлығында дерлік *ресми тіл*;

ЕМЛЕ – *имлә* (түрік), *имла* (әзірбайжан), *имло*(өзбек);

ӘРІП – *харф* (түрік), *хәрф* (әзірбайжан), *харп* (түркімен), *харф* (өзбек), *хариф* (татар, башқұрт), *әрип* (қырғыз);

СӨЙЛЕМ – *жүмле* (түрік), *жүмлә*(әзірбайжан), *сөзлем* (түркімен),

*жумла//ган* (өзбек), *жөмлә* (татар), *һөйләм* (башқұрт), *сүйлем* (қырғыз);

СӨЗ – *сөз//кәлмә* (әзірбайжан), *сөз* (түркімен), *соз* (өзбек), *сүз* (татар), *һүз* (башқұрт);

ҚОСЫМША – *госылма//аффикс* (түркімен), *кучимша//аффикс* (өзбек), *кучымша* (татар), *јалғау//аффикс* (башқұрт) және т.б.

Әрине, тірнектеп жинаған адам түбірі ортақ мұндай терминдердің қатарын соза берері даусыз. Қазақ тілі тұрғысынан қарағанда *т~д, і~и, с~һ, с~ж, ж~й* және т.б. дыбыс сәйкестіктері болмаса, бұл атаулардың бір негізден тарағаны сезіліп-ақ тұр.

Түркі лингвистикалық терминологиясындағы ортақтық орыс тілі арқылы енген еуропалық терминдерден де көрінеді. Бұл орайда қазіргі түркі тілдерінің арасында түрік тілі ерекшеленеді. Енді осыған қатысты кейбір материалдарға көз жүгіртелік.

Түрік тілі шығу тегі еуропалық терминдерді дыбыстық өзгеріске түсіріп немесе өз сөздерімен аударып қабылдаған. Мысалы: “фонетика” термині қазіргі түрік тілінде *сес билгиши//фонетик* нұсқаларымен жұмсалады. Осындай жағдайды басқа кірме терминдердің қолданысынан да көреміз. Қараңыз:

“фонология”

түрік тілінде:		<i>сес билими</i>
басқа	түркі	<i>Фонология</i>
тілдерінде:		

“фонема”

түрік тілінде:		<i>сес бирими//фонем</i>
басқа	түркі	<i>Фонема</i>
тілдерінде:		



“грамматика”

түрік тілінде: *граммер*  
 басқа түркі *грамматика*  
 тілдерінде:

“морфология”

түрік тілінде: *чекіл билгиши*  
 басқа түркі *Морфология*  
 тілдерінде:

“синтаксис”

түрік тілінде: *жүмле*  
*билгиши//сентакс*  
 басқа түркі *синтаксис*  
 тілдерінде:

Бұл мысалдардан байқалатыны, шет тілдік терминдерді қабылдауда түрік тілі бұрынғы Кенес Одағындағы түркі тілдерінен өзгеше жол ұстанған. Дегенмен кейбір кірме терминдерді өз сөздік қорындағы баламасымен беру түрік тілінен басқа тілдердің тәжірибесінде де бар. Осы орайда әзірбайжан, өзбек тілдері көзге түседі. Айталық, “акустика” термині әзірбайжан тілінде хава ахини сөзімен берілген және ол термин ретінде әзірбайжан тіл білімінде тұрақты қолданылып келеді. Өзге түркі тілдерінде “акустика” термині ешқандай өзгеріссіз қолданылады, түрік тілінде *акустик* болып жұмсалады. Стилистикада жиі қолданылатын “троп” термині әзірбайжан тілінде *мәчаз*, өзбек тілінде *кучим//трон*, “эпитет” термині өзбек тілінде *сифлатлаш*, “метафора” - әзірбайжан тілінде *истиарә*, өзбек тілінде *истиора*; “гипербола” - әзірбайжанша *мубалига*, өзбекше *муболага*, татарша *улалтма//гипербола*, қазақша *әсірелеу* болып қолданылады. Аталған кірме терминдер туыстас тілдердің өзгелерінде орыс тіліндегідей қолданылады. “Говор” термині түрік тілінде *ағыз*, әзірбайжан тілінде *шәвә*, татар тілінде *сөйләч*, башқұрт тілінде *һөйләч* болып жұмсалады. Қазақ диалектологиясына қатысты соңғы шыққан еңбектерде “говор” – *сөйленім* деген атаумен беріліп жүр. Жалпы түркі лингвистикалық терминологиясында түркілік сөздер негізінде қалыптасқан терминдер кірме (орысша) терминдермен синонимдік қатар құруы қалыптасқан жайт, бұл ғылыми ұғымды түсінуге кері әсерін тигізген емес. Мысалы: қазақ тілінде *дыбыс//фонема*, *дауыссыз дыбыстар жүйесі//консонантизм*; татар тілі бойынша *аваз//фонема*, *охшашлану//ассимляция*, *тартық авазлар системасы//консонантизм* т.т.

Алайда түркі терминологиясының тіл білімі саласындағы мұндай жарыс-



палылықты бұдан былайғы уақытта тереңдете берудің еш мәні жоқ. Біздің ойымызша, туыстас тілдерде қалыптасып қалған кірме терминдердің баламасын түрліше құбылта бергеннен гөрі, түркінің өз топырағында жасалған төл терминдердің ұқсастығын, ортақтығын салыстыру, оның нәтижелерін жаңа ұғымдардың жасалуында пайдалану әлдеқайда тиімді.

Сонымен, бұл тақырыпшада айтылған жайттарды қорытындылай келе, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасауға немесе терминдер қалыптастыруда түркі тілдерінің сөздік қорын пайдалануда негіз болатын мына мәселелерге назар аударғымыз келеді:

- түбір ортақтығы – түркі тілдері терминдер жүйесін түзудің табиғи көзі.
- туыстас тілдердің термин жасау үлгілерін игеруді дағдылы іс-әрекетке айналдыру. Бұған дейін қазақ пен түрік тілдері арасында сөз алмасудың болғаны белгілі (*ушақ//ұшақ, хаваалаң//әуежай* т.т.).
- академик Ә.Қайдаров айтқандай: “Түркі дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен бір шарасы – бір әліпбиге негізделген ортақ түркі жазуын қалыптастыру” [10]. Бұл жерде әңгіме бірыңғай латын алфавиті жөнінде болып отыр.

Зерттеуші Ш.Құрманбайұлы “Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында сөз алмасу, ортақ терминологиялық қор құру тәжірибесі бар” екенін айта келе, практикалық бағыттағы төмендегідей түйінді мәселелерге назар аударады:

1. Түркі халықтарының ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту негізінде туыстас халықтардың ортақ терминологиялық қорын құру мәселесін ақылдасу бағытында түркі тілдес мемлекеттердің тілші-терминолог ғалымдарының басын қоса отырып, халықаралық ғылыми конференция өткізу.
2. Түркі тілдес мемлекеттердің ғалымдарынан тұратын, өзара терминалмасу мәселесін шешумен айналысатын, терминологиялық жұмыстарды халықаралық деңгейде үйлестіріп отыратын ғылыми-үйлестіру орталығын құру.
3. Түркі тілдес халықтардың терминологиялық лексикалық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Өзара терминалмасу тәжірибесін жетілдіру мақсатында екі тілді (қазақша-түрікше, түрікше-қазақша) немесе көптілді (қазақша-түрікше-өзбекше, түрікше-өзбекше-қазақша) терминологиялық сөздіктер шығару мәселесін қолға алу.
5. Әлемдегі терминология саласында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу, өзара терминалмасу процесін жақсарту мақсатында екі айда бір рет шығатын халықаралық ғылыми журнал немесе түркі терминология мәселелеріне арналған арнайы басылым шығару [11, 32].



Қорыта айтқанда, түркі тілдес мамандардың барлығы түсінетіндей ортақ терминология жүйесін қалыптастыру – түркі ғылыми әлемінің бір-бірімен тығыз қарым-қатынасына жақындататын бірден-бір жол.

**Әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. Түркі тілдері арасындағы термин алмасуды үйлестіру туралы // Терминологиялық Хабаршы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені. 2004. №1 (7), 28-32 беттер.

2. Қайдаров Ә. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993, №1.

3. Материалдар негізінен мына сөздіктен алынды: Turk dunyasi gramer terimleri kilavuzu. Ankara. 1997. 446 бет.

4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991. 384 бет.

5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1994.

6. Филюшина В. Современное состояние лингвистической терминологии туркменского языка // Известия АН ТССР. Серия общественных наук. 1973. №2. 41-46 беттер.

7. Орузбаева Б.О. Лингвистикалық терминдерин орусча-кыргызча сзддүгүү (доолбоор). Фрунзе. 1963.

8. Исхакова Х.Ф. Структуры терминологических систем. Тюркские языки. М., 1987. 128 бет.

9. Бекжанұбри О. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеушенің зерттелуі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994. №6.

10. Қайдаров Ә. Ортақ тіл жасау ма, әлде ортақ тіл табысу ма? // Ана тілі. 1998, 22-қаңтар.

11. Құрманбайұлы Ш. Түркі тілдері арасындағы терминалмасуды үйлестіру туралы // Терминологиялық Хабаршы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені. 2004. №1 (7), 28-32 беттер.



**МҰРАТ САБЫР**

*Батыс Қазақстан инженерлік- гуманитарлық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **Орта түркі жазба мұраларының қазақ тілімен тілдік-мәдени сабақтастығы**

Түркітануда бірінші кезекте тіл тарихы сөз етілсе, ол сөз жоқ ұлт тарихымен өзектес өріледі. Түркітану ғылымындағы тарихилық болмыс түркі халықтарының тарихына үңілу ғана емес, бүгінгі түркі халықтарының мәдени, рухани байлығының түп-төркінін тіл деректері арқылы зерделеу болып табылады. Жаңа ғасырда түркітануда тіл білімімен қатар этнологиялық және мәдениеттанымдық бағытта зертеулер жүргізу міндеті тұр. Түркітануға осындай қоғамдық, этностық, мәдени мән беруіміз бүгінгі күннің талабы. Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, тіл тарихы ол – этностар тарихы, мәдениеттер тарихы, мемлекет пен мемлекетаралық, халық пен халықаралық байланыстардың тарихы. Тіл арқылы тайпалар бір орталыққа бірігіп, тұтас ұлт ретінде қалыптасты, ел болды. Ел болу идеясы байырғы түркілік заманнан бастау алған. Ел болған жерде оның тілі, тіл арқылы өрілген дүниетанымы, мәдениеті, салт-дәстүрі қалыптасып, ғасырдан-ғасырға ұласып жататыны белгілі. Түркі әлемінің бір дара бұтағы қазақ ұлтының тілдік-мәдени деректерін, тарихи тағылымын тек ауыз әдебиетінен ғана емес, жазба мұралар тілінен іздеу нәтижелі, игілікті іс болмақ.

Түркітану ғылымында X-XV ғасыр аралығын орта түркі дәуірі деп белгілеу қалыптасқан. Бұл кезең тарихи дүбірлі оқиғаларға толы. Қарахандықтар кезеңі, монғолдар дәуірі, Дешті-Қыпшақтың дәуірлеуі, Алтын Орданың өркендеуі сияқты қилы конфедерациялар мен мемлекеттердің орнауымен ерекшеленеді. XIII-XV ғасырда поляк ғалымы А.Зайончковскийдің айтуынша «біртұтас түркі әдеби немесе жазба тілі» қалыптасты [1]. Ал қазақ ғалымдары XIII-XV ғасырлардағы мұралар тілі «орта түркілік жазба әдеби тілінде» жазылды деп жориды. Белгілі кеңес түркітанушы Э.Наджиб Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштері оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз аралас тілдерінде жазылды деп тұжырымдады [2]. Дегенмен, осы орта түркі дә-



уірінде күллі түркі тайпалары бір ортақ тілде сөйлегені айқын. Ал жазба мұралардың жазылуы аймағына қарай бірінде оғыз элементтері басым болса, енді бірінде қыпшақ элементтері басым болған. Ұланғайыр Дешті-Қыпшақта қыпшақ тайпаларының саяси гегомондық рөлінің басым болғанына сүйенсек, қыпшақ тілі сөзсіз алдыңғы қатарға шығады. Орта түркі жазба мұраларында көне қыпшақ тілінің ізі сайрап жатыр. Бұл көне тіл бүгінгі қыпшақ тілдерінің тарихи көзі екені даусыз. Кеңестік түркітануда орта түркі жазба ескерткіштері біршама зерттелді. Соңғы Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде рухани құндылықтарымызды зерделеуде Мәдени мұра бағдарламасы аясында елімізде біршама шаруалар атқарылды. Дейтұрғанмен, орта түркі жазба мұраларын, оның ішінде XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштерін бүгінгі түркі тілдерімен тілдік-мәдени сабақтастық деңгейін зерттеу әлі де кемшін жатыр.

Лингвомәденитанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұғым-тіл-мәдениет жиынтығынан құралатын, халықтық жаратылыстан тұратын ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі. Жазба мұралар тіліндегі бүгінгі тіл деректерімен сабақтас, мағыналас тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным жүйесінен, ұлттық мәдениеттен ақпарат береді.

Орта түркі дәуірі жазба мұраларын шартты түрде үш түрге бөлуге болады: 1. Әдеби шығармалар, 2. Діни әдебиеттер, 3. Ғылыми әдебиеттер және түркі тілдерінің сөздіктері мен грамматикалық еңбектер.

Жазба мұралардың ішінде әдеби шығармалардың маңызы зор. Жазба әдеби ескерткіштерді қазақ әдеби тілінің бір қайнар көзі деп тани отырып, ұлттық мәдени таным түсінігіміздің көрінісі ретінде лексикасын, фразеологиясын, паремиологиялық қорын зерделеу - маңызды іс. Мақал-мәтелдер (әрі қарай ММ) мен фразеологизмдердің бойынан ұлт тарихына, төл мәдениетімізге, танымымыз бен талғамымызға, мінезіміз бен санамызға, дәстүр мен даналығымызға сай тұтастықты сақтаған тілдік құбылысты аңғарамыз. Орта түркі дәуірінің бір топ мұраларын Алтын Орда дәуірінің жазба ескерткіштері деп даралап қарастырсақ, құнды мұраларға тап боламыз.

Соның бірі – Құтып ақын жырлаған «**Хұсрау мен Шырын**» ескерткіші. Низамидың парсы тілінде жазған осы аттас поэмасының еркін аудармасы. Түп нұсқасы 1341-1342 жылдары, Тыныбек шаһзаданың тұсында жазылған. Поэmanın біздің заманымызға келіп жеткен бір-ақ көшірмесі бар. Бұл көшірме Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Көшірмені алғашқы зерттеушілердің бірі А.Н.Самойлович оны Алтын Орда мемлекетінің ең көне ескерткіші деп бағалады. 1970 жылдардың басында Э.Н.Наджи́п аталмыш ескерткішті зерттеуді қолға алып грамматикалық очерктер жазады. «Хұсрау мен Шырын» поэмасы лексикасының түркі қабатын негізге ала отырып жазған тарихи-салыстырмалы сөздігінің бірінші томын жариялады.



Алтын Орда әдебиетінің XIV ғасырдағы аса көрнекті өкілдерінің бірі – Сайф Сарайи. Ол лирик және эпик ақын, жазушы және аудармашы ретінде түркі тектес халықтар әдебиетінің дамуына едәуір үлес қосқан қаламгер. Белгілі түріктанушы Э.Н.Наджиб ақын өз шығармаларын қыпшақ тілінде жазғанын айта келіп, әрі оның қазақ халқының негізін құраған ру тайпаларынан шыққанын ерекше атап көрсетеді. С.Сарайидың бізге жеткен жалғыз көлемді еңбегі бар. Ол «**Гүлстан бит-түрки**» деп аталады. Ақын бұл еңбегін Еділ сағасындағы Сарай қаласында бастап, Мысырдағы Ніл өзені бойында жазып бітірген. Бұл өзі парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидың «Гүлстан» атты шығармасының еркін аудармасы. Сағди Ширази бұл шығармасын 1258 жылы жазған. Ал Сайф Сарайи оны 1391 жылы Алтын Орданы Өзбек хан билеп тұрған тұсында түрікше тәржімалаған, жолма-жол аударуды мақсат етпеген. Поэманың өн бойына қыпшақ еліне тән эпизодтар мен жыр жолдарын қосып отырған.

Алтын Орда дәуірінде XIV ғасырда дүниеге келген құнды жәдігерліктің бірі Хорезмидің «**Мұхаббат наме**» поэмасы. Ол 1353 жылы Сыр бойында жазылған. Хорезми автордың лақап аты. Ақ Орданың ірі әмірлерінің бірі Мұхаммед Хожа бектің сарайында қызмет етіп, өз шығармасын соған арнап жазған. «Мұхаббат наменің» біздің дәуірімізге араб жазумен және ұйғыр жазуымен жазылған екі нұсқасы жетті. Екеуінің де түпнұсқасы Лондонның Британ музейінде сақтаулы. Сонымен қатар 1971 жылы Ыстамбұлдың Ұлттық кітапханасынан араб нұсқасының екі көшірмесі табылады. Белгілі түріктанушы А.Н.Самойлович поэманың араб нұсқасын 1928 жылы басқа да ескерткіштермен қоса зерттеді. Осы араб нұсқасын ұзақ жылдар бойы түбегейлі зерттеп, жариялауда белгілі түріктанушы ғалым Э. Наджибтің еңбегі ерекше атауға лайық. Ол араб нұсқасын орыс тіліне аударып, факсимилесімен, оқылуы мен глоссариін, түсініктемесімен және ұйғыр нұсқасымен салыстырып басып шығарады.

Орта түркі дәуіріндегі құнды жәдігерліктің бірі-Махмуд бин Али ас-Сарайидың “**Нахдж әл-Фарадис**” шығармасы. Біздің дәуірімізге бұл ескерткіштің бірнеше көшірмесі жеткен. Ең көне көшірмелері Ыстамбұлда және Қырымда сақталған. Басқа да көшірмелері Татарстанда кездеседі. Ірі прозалық шығарманың мазмұны төрт тараудан тұрады: бірінші тарауда Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен қызметі суреттеледі, екінші тарауда Хулафай Рашиддиннің, Али мен Фатиманың және төрт имамның өмірі мен қызметі сипатталған, үшінші тарауда адамдардың игі істері, ал төртінші тарауда адамдардың зұлымдық істері кеңінен әңгімеленеді. Бұл шығарма Хорезмидің “Мұхаббат-намесінен” үш жылдан кейін, 1358 жылы жазылған. Ескерткіш туралы ең бірінші 1885 жылы татар ғалымы Шихаб ад-дин Марджани хабарлаған болатын. Оның қолында “Нахдж әл-Фарадистің” ең көне



көшірмесі болыпты. Өкінішке қарай, қазіргі таңда бұл көшірме із-түссіз жоғалған. 1930 жылы Ялта шығыс музейінің ғылыми қызметкері Якуб Кемаль 1928 жылы табылған Қырым көшірмесінен үзінді жариялады. Ялта көшірмесі 549 беттен тұрады. Әр бетте 13 жол бар. Орта ғасырларда көне Қырымдағы Салхат қаласы ірі мәдени орталық болатын. Я.Кемалдың пікірінше Қырым варианты осы қалада көшірілген. Қолжазба негізінен қырық бөлімге бөлінген, төрт тараудан тұрады. Қырым көшірмесінде бастапқы екі тарауы ғана болатын. 1928 жылы Зәки Уәлиди Тоған Стамбулдағы Яниджами кітапханасынан бұл шығарманың көнелеу көшірмесін тауып алды. Зәки Уәлиди Тоған Стамбул көшірмесін жан-жақты зерттеп, бұл шығарма Хорезмде жазылған деп қорытынды жасады. Аталмыш жазба ескерткіштерді зерттеуде қазақ ғалымдары Б.Сағындықұлы, А.Ибатов, Ә.Керімовтер үлкен үлес қосты.

Бүгінгі таңда осы жазба ескерткіштер тіліндегі ақыл-нақыл сөздерді рухани тәрбиенің көзі ретінде зерттеу – өзекті мәселенің бірі. Орта ғасырдағы рухани ой-сана бүгінгі қазақ мақал-мәтелдерінен көрініс тапқан. Қазақ халқының ММ-і сонау ықылым заманнан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалған асыл дүние. Жүздеген жылдар бойғы тұрмыс-тіршіліктің, әлеуметтік өмірдің тәжірибесі ауыз әдебиетінің осы бір саласында молынан көрініс тапқан. Мақалдарда халықтың тарихы, ой-арманы, мақсат-мүддесі, дүниеге көзқарасы айқын сезіледі. Құлақтан-құлаққа сіңіп, ауыздан-ауызға жеткен ММ ауыз әдебиетінің үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі. «Сөздің көркі – мақал» деп халық тегін айтпаса керек-ті. Бүгінгі тіліміздегі ММ-дер, қанатты, нақыл сөздердің бастау бұлағы ауыз әдебиеті екені анық. Сонымен қатар бұл көркем сөз кестелері бізге көне түркі заманынан келе жатқан жазба ескерткіштер арқылы да жетті. М.Қашқари өз еңбегінде мақал-мәтелдерге, тіл өнеріне мән берген. «Игі істің басы – тіл» деп ашып айтқан.

Ал жазба ескерткіштердегі ММ-ді, ақыл-нақыл сөздерді саралап зерттеудің, жинастырудың игі бастамасын бастаған Ә.Құрышжанов болатын. Аға ғалым «... осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те аталады, яғни бұл – «атадан мирас болып келе жатқан қазына деген сөз» - дейді [3]. Осы алтын қазынаның бір көмбесі, асыл арнасы XIV ғасыр жазба ескерткіштерінде жатыр. Мұрағаттар тілі өте бай, ақыл-нақыл, қанатты сөздерге, ММ-дерге толы, тақырыптары да сан-алуан. Лексика-семантикалық сипаты күрделі.

Білім тақырыбы – XIV ғасыр жазбаларындағы ең келелі мәселе. Біраз дерек келтірейік:

*Илм икки жәхан көрки (Г,463).*

Білім – екі дүниенің көркі.



*Амалсыз алим балсыз занбурға охшар (Г, 173а9).  
Еңбегі жоқ ғалым балсыз араға ұқсайды.*

*Ариф билә олтурмак жахилгә ерур зиндан  
Жахил билә олтурмак арифгә жәхәннамдур (XIII, 119,5)  
Наданға ғалыммен бірге отыру – зындан,  
Ал ғалымға наданмен бірге отыру – тамұқ.*

*Ердәм әйәсин хасуу севмәс,  
Ватват иегүн ки севмәс нур (Г, 107,5)  
Жарқанат нұрды ұнатпағандай  
Білімді ерді надан ұнатпас.*

Бұл мақалдарда білімді әрдайым надандыққа қарама-қарсы қойып нәтижелі ой түйіледі. Өнер-білімді әрдайым жоғары қою, сонау XI ғасырлардағы Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінен бастау алады. Мәселен, Жүсіп Хас-Хажіб білім туралы:

*Билигликкә сөзләдим уш бу сөзүм  
Билиг сөз тилини билүмәз озум – деп түйіндейді.*

Осы жазба ескерткіштерде қаланған ой мәйегі бүгінгі қазақ тілінде үндесе дамып, жалғаса жетілген. Мысалы,

*Білекті бірді жығар,  
Білімді мыңды жығар.*

Орта ғасыр ғұламалары жас ұрпақ тәрбиесіне өте көңіл бөлген. Сымға тартқан күмістей терең ой бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр. Мысалы,

*Кичикликда адәб өгрәнмәгән ер улу болса,  
Бил андан хаир келмәс (Г, 442а1).*

*Бала кезде әдепке үйренбеген ерден  
Өскенде еш хаир болмас.*

*Ақил вә әдәб билән тирикгил (НФ, 142а1).*

*Ақыл және әдеппен өмір сүр.*

*Ата михриндән уста жәври йахшы (Г, 141,5).*

*Ата мейірімінен ұстаздың қаталдығы жақсы.*

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей, түркі халықтары бала тәрбиесіне бесіктен мән берген. Бала тәрбиесіне ата-анамен қатар көрші-қолаң, ауыл-аймақ, рулас ел де жауапты. Сондықтан да қазақ:

*Ұлың өссе,  
Ұлықтымен ауыл бол.  
Қызың өссе,  
Қылықтымен ауыл бол, - деп қорытады.*



ММ-де халықтың көне дәуірдегі салт-санасы, әдет-ғұрпы мол сақталған. Олай болса екі дәуірге ортақ ММ-дер халқымыздың ауыз әдебиетінен әрідегі этнографиялық тарихын жасауда баға жетпес қазына. Аталар сөзінде халық өмірінің көрінісі, ұлттық психологиясының бейнесі анық байқалады.

Яғни этнос пен оның тілінің сабақтастығын осы ММ-дерден нақ көреміз де, этнолингвистикаға жүгінеміз. Этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты мойындаймыз. Осы қағида бойынша ғасырлар қойнауынан келе жатқан мақал-мәтелдердің кумулятивтік қасиетін танып, ұлттық болмысы мен мазмұнын саралап, олардың о баста қалыптасуына негіз болған әр алуан этнолингвистикалық уәждерді де анықтауға болады. Бірер аталы сөзге тоқталайық: *Он киши сүфрэдә йемәк йер дағы артар, икки ит бир мурдар үчүн бири бирини йыртар*. «Он адам бір дастарханнан тамақ ішер, онысы артылып та қалар, ал екі ит бір сүйекке бола бірін-бірі талап, дал-дұлын шығарар» (Г, 166а3). 1) Тура мағынасы: Әншейінде тату екі ит лақтырылған бір жілікке таласып, төбелесіп шаң-шұң болатыны анық. 2) Ауыспалы мағынасы: Кейбір адамдар да ит сияқты, бүгін тату, ертең қату. Билікке, таққа итке ұқсап таласа кететін, бет жыртысатын адамдар өмірде көп-ақ. Жоғарыда «ит» дегені ауыспалы мағынада «адамдар». Қазақта «екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деген де ауыспалы түрде айтылып, екі мықтының, екі ханның бір жерге сыймайтынын, дауласып, керек болса соғысып ел ішін ала тайдай бүлдіретінін айтып отыр.

Орта ғасырлардағы әр ММ-дің астарында осындай этнолингвистикалық уәждер жатыр. Және де олар түркілік менталитеттен туындағасын бүгінгі қазақы менталитеттен тіпті де алшақ емес, өзектес, мағыналас дүниелер.

Екі дәуір ММ-дегі ұқсастықтар мен ортақтықтар түркі халықтарының өткен тарихы, қазақ ұлтының қалыптасуының, рухани мәдениетінің дамуының дерек көзі, дербес ұлт ретінде өркендеуінің көрінісі. Тарихи ортақтық пен ұқсастықтың жалғасын қазақ тіліндегі көптеген мақал-мәтел, қанатты сөздер бойынан анық көруге болады. ММ – халықтың тәрбие кодексі. Ұлттық педагогиканың көнелігі де осы көне мақал-мәтелдерден сезіледі. ММ-дің ортақ қоры қазақ халқының орта ғасырлардағы қыпшақ тайпаларымен рухани, мәдени ортақтығын білдірсе, кейінгі дәуірлердегі ұлт болып қалыптасу, өсу, желілу үдерісін көрсетеді.

Орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдерден қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне тән, ұлт бойындағы қасиеттер мен, ескі әдеп-ғұрыпты да кездестіруге болады. Ұлтқа тән руханилықты болмыс-бітіміне жиған фразеологизмдерді халық мақсат-мүддесіне орай қолданудың маңызы зор. Жәдігерліктер тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық рухани мәдениет, ұлттық мінез-құлық, ұлттық психологияны танытуда өзіндік орны бар. «Фразеологизмдер бойында бұл ұлттық бояу, әр халықтың санасындағы әлем бейнесімен тығыз байланысты. Яғни фразеологизм, бір жағынан, тіл



көркемдігінің құралы болса, екіншіден, ой көркемдігінің сипаты» [4,476.]. Ұлттың рухани дүниетанымын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық мінезін өн бойына жиып, сан ғасырлар өтсе де санадан өшпейтін ұлт тіліндегі асыл қазыналардың бірі – фразеологизмдер.

Халық менталдығынан хабардар етер фразеологизмдердің лингвомәдени танымдық мәні зор. Олар ұлттық мәдени құндылықтарды, ұлттық психологияны, ұлтқа тән болмысты бойына сіңірген лингвомәдени бірліктер. Қазақ тіліндегі бейнелі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерделеу этностың кешегісі мен бүгінгісін білуге, тіл сабақтастығын айқындауға жол ашады. Қарап отырсақ, әр дәуірдің өзіне тән тілдік құрылымдардың ерекшеліктерін көрсететін ойлау нормасы болған сықылды. Бұл сөз тіркесінде де көрінеді. Күнді сары алтынға, қызыл алтынға теңеуі қазіргі нормада жоқ. Немесе зұлымдық қамшысы, ақылдың тізгіні деген тіркестер халық ұғымына бүгінгі түсінікте кездеспейді. Бұл көне дәуірдегі тілдік ойлау жүйесінен қалған, сол кездегі адамдардың шындық дүниедегі құбылыстарды абстракциялау стилін көрсететін реликтілік құрылым сықылды.

Қазақ тілі лексикасын этнографиялық тұрғыдан зерттеген ғалым Ж.А. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде: «Қазақ тілінің лексикасы – қат-қабат, сарқылмас мол қазына. Ол байлықтың ең бір сүбелі қабаты – этнографиялық лексика. Онда мағынасы күнгірттеніп, қолданыстан шығып қалған, өткен өмір мен ескірген әдет-ғұрыпты бейнелейтін, әртүрлі кәсіпке байланысты ұмыт болған атаулар мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Байырғы құбылыстардың тілдік бейнесі ретінде сөз тіркестері мен фразеологизмдерде, тіл шеберлерінің дайын үлгілері – мақал-мәтелдерде халқымыздың басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр» деген болатын [5,68]. Расында да, ұлттық руханилыққа негізделген этностың тілдік бейнесінің тарихи сілемдері көшпелі қазақ өмірінде, жазба ескерткіштер тілінде, көненің көзіндей болған әдет-ғұрпында, көнерген сөздер мен сөз тіркестерінде көрініс тапқан. Тіл белгілі бір этностың қарым-қатынас құралы болуымен қатар халқымыздың өткені, тарихы, жүріп өткен жолында қалдырған мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізетін құрал.

Жазба жәдігерліктер тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің этномәдени сипатын анықтау кезінде «этнолингвистика» ғылымына сүйенеміз. «Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы» [5].

Фразеологизмдердің ішінде метафоралық түрлері көптеп кездеседі. Фразеологиялық тіркес жасауда, қазақ тіліндегідей, адамның дене мүшелерінің атаулары (ай йүзі, ағу тіллі, шәкәр ерін, пісте ағыз т.б.) мен қызыл, қара сияқты түс атаулары жиі қатысады (қара йер).



*Aғу тіллі* – у тілді. Ол ачығ сөзлі ағу тіллі қары (68в - 5, XIII) – ол ащы сөзді, у тілді қарт. Ағу – улы, ащы (турк: аву; а:вы – ағы – ағу (6,79), ағу – яд, отрава – у, zahar. Бұл тіркес XII ғасыр ескерткіші - «Һибат-ул хакайикта» да көрініс береді. Йоқамаққа йумшақ ичи пур ағу (Сипағанға жұмсақ, бірақ іші тола у) [6,81].

Зерттеу барысында жазба тілдегі фразеологизмдердің этномәдени сипатын анықтай отырып аспан әлеміне қатысты тіркестердің көптеп кездесетінін аңғардық.

Ескерткіштер тілінде «ай» сөзіне байланысты тұрақты тіркестер көптеп кездеседі.

- Нитэк келдің бу йэргэ әй толун ай «неге келді бұл жерге, әй толған ай».

Толған айдай толықсып,

Неше алуан қылықсып [7,179].

*Он төртінчи түннүң толун айы* – он төртінші түннің толған айы, сұлу. Йелиб он төрт күн йар тилэйи, ол он төртінчи түннүң толун айы «он төртінші түннің толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді» (XIII). «Он төртінші айдай боп» - толған айдай жарқырап көзге түсер сұлулық (ҚТФС, 417). Өзіме қарасам, он төрттегі туған ай сияқтымын; саған қарасам, суы біткен көлдей, қара майы біткен шелектейсің [8,179]. Бұл жөнінде жазушы М. Есламғали былай дейді: «Наурыз күнін Батыс Қазақстанда 14 наурызда атап өтеді. Мұның өз түсінігі бар екен. Біріншіден, қазақ сұлу қыздарды сипаттағанда «Он төртінде туған айдай» деп суреттейді. Шынында әр айдың он төртінші жұлдызында шартабақтай болып, әбден толысады. Сол себепті де халқымыз осы күнді «айдың бір жаңасы» дейді [9].

*Айы тутулды* – айы тұтылды, өлді. Тутулды ерса Нушарванның айы (XIII 8в-3,) – тұтылар болса Нушарванның айы. Көшпенді қазақ халқының таным-түсінігінде аспан әлемінің маңызы зор. Қазақ халқы даламен тілдесіп, аспанмен сырласқан халық, темірқазыққа қарап тұсын бағдарласа, үркерге қарап күн райын бағамдаған. Ай да қазақ үшін ерекше орын алатын аспан әлемінің бір бөлігі. Қазақ тілінде «ай» сөзіне қатысты түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. «Айы тұтылу» тіркесінің бастапқы мағынасы ай тұтылуының ауарайы өзгерісіне соқтыратынына байланысты туындаған. Аспанмен тілдескен көшпенді қазақ халқының ұғымында ай тұтылу тіркесінің бастапқы тура мағынасы айдың буалдырланып, айналасының қораланып тұруын білдіреді. Бұл құбылыс ауа-райының бұзылуын, күннің кенеттен суытуын немесе келер күннің қарлы боранға ұласатындығы жөнінде мәлімет береді. Күнкөрісі мал болып, киіз үйде өмір сүрген халық үшін мұндай құбылыстардың маңызы зор. «Ай тұтылса, айырыңды сайла, күн тұтылса, күрегіңді сайла» деген халық даналығы тектен-тек айтылмаса керек. Бұл ай тұтылса, күннің арты боранға айналады, күн тұтылса артынан қалың қар жауатынын меңзейді. Бұл тіркес кейіннен бастапқы мағынасынан ажырап, қайғылы жағдайды білдіретін тұрақты тіркес мағынасына ауысқан.

Келтірілген мысалда кең далада жүріп, табиғатпен тілдескен ата-бабаларымыздың сезімталдық, көрегендік қасиеттері сөз болады. Бұл жөнінде



ғалым Ж. Манкеева: «Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі бір қасиеті. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды» деп көрсетеді [5,32б.]. «Айы тұтылу» тіркесі жау шапқанда, қаралы күн туғанда айтылатын тұрақты сөз тіркесі:

Ханы өліп, күні батқан, Айғаным,

Қара жамылып, айы тұтылып жатқан, Айғаным (ҚТФС).

*Ай һәм увутта турмыш* – ай ұялар. Аның көркіндин ай һәм увутта турмыш (ХШ) – оның көркінен ай ұялар. Қазақ халқының ұғымында «ұят» сөзінің алатын орны ерекше. Сөз этнос менталитетінен хабар береді.

*Ай йүзүм* – ай жүзім, сұлуым. Тілеб күн түн Уғандын ай йүзүмні (24в32) – тілеп күн-түн иемнен ай жүзімді.

Біреу жарлы, біреу бай білмейсіз бе,

*Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?* [7,178].

Орта ғасыр ескерткіштер тілінде белсенді қолданыста болған «ай» ұғымы қазіргі қазақ тілінде де өз мәнін жоғалтпаған. «Ай» сөзінің тура мағынасынан жанама мағына туындап, тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепші болған. Қазақтарда сәбиді, сұлу қызды айға теңеу түсінігі бар. Сонымен қатар айды киелі ұғымдар санатына енгізіп табынатын да болған. Оған дәлел, айды саусақпен нұсқап көрсетпеу, айға қарап дәрет сындырмау, жаңа туған айға табыну сияқты наным-сенімдерден көруге болады. Малдың төресін де «ай» сөзімен байланыстыра қолданған. Ай тұяқты тұлпарым, Ай мүйізді қошқарым, Ай мүйізді ақ серкем т.б.

Қазақ тілінде сұлулықты, сымбаттылықты суреттейтін тұрақты сөз тіркестері мол кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі сұлулықты суреттейтін фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық қорына қосқан үлесі мол.

Тіл арқылы мәдениеттанудың лингвомәдени талдауында айқындалатын «как воплощена в содержание фразеологизмов – идиом и фразеологических сочетаний, определить смысл их культурно-номинальных коннотации, благодаря которым фразеологизмы в процессах их употребления воспроизводят характерологические черты народного менталитета» [10,166] дейтін әдістемелік негіздердің жалпы міндеттеріне сай, фразеологизмдер ұлт менталдылығын анықтауда рухани мәдениеттің түп дерегі болмақшы.

Орта ғасырдағы фразеологиялық қордағы материалдарды, тілдік фактілерді түсіндіріп талдауда этномәдени маңызы бар деректерге сүйену – тіл арқылы қазақ халқының ділін зерделеу туралы деген сөз. Фразеологизмдердің беретін мағынасы көп нәрсені аңғартады, халықтың рухани және тұрмыстық мәдениетінен, дүниетанымынан хабар береді.

*Көз тегмәсүн* – көз тимесін. Кішіга тегмәсүн көз (28в-5) – кісіге көз тимесін. (Мн, 28в5). Көз тегмәсүн ұғымы қазақы таным-түсініктен де хабар береді. Қазақ халқы сәбиді, жас төлді, жүйрік атты көз тиеді деп, көзден тасалап ұстайды. Мәселен,



Құлагер, қуанышпен қосып едім,  
Алдыңнан үмітпенен тосып едім,  
Жиылып, арғын, найман қарағанда,  
Тіл мен көз *тиер ме* деп, шошып едім (І.Ж).

«Көз тию» – қазақ халқының ұғымында бар түсінік. «Тіл-көзден аулақ болсын» деп нәрестенің бесігіне үкі тағып, киіміне «көзмоншак», тұмар қадауы, бетіне күйе жағуы халық психологиясымен, дүниетанымымен, сенімі мен түсінігімен тығыз байланысып жатыр.

Ұлттың рухани мәдениетінде қаланып, бекіген кейбір әдеп-ғұрыптар мен наным-сенімдер қаншама замана жылдар өтсе де жоғалмай, ұлт санасында қайта жаңғырып, ұлт өміріне қайта оралып отырады. Айырылып қала жаздаған рухани құндылықтарымызбен қайта қауышар сәт туғанда, жоғарыдағы аталмыш бірліктер де тілімізде қайтадан қылаң бере бастағаны мәлім. Сол себепті рухани мәдениетіміздің асылдарын жаңғыртуда осындай мұраларды зерделеу – маңызды іс.

#### Әдебиеттер:

1. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв) // Вопросы языкознания. —1967. —N 6. —С. 10-14.
2. Наджип Э.Н. Кыпчакского – огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дис. д-ра филол. наук. —М., 1965. —92 с
3. Құрышжанов Ә.Сөз атасы.А.1987.
4. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолдануы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
5. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы, 2008.352б.
6. Сағындықұлы Б. «Һибат-ул хакайик» XII ғасыр ескерткіші – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184б.
7. Қоңыров Т. Батырлар жыры. –Алматы,1988. -178б.
8. Қоңыров Т. Қазақ ертегілері. –Алматы,1992. -179б.
9. Есламғалиұлы М. Сан қилы сауал. – Алматы, «Ана тілі», 1995.
10. Телия В.Н. Русская фразеология. М., 1996, стр. 80.
11. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.
12. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва, 1976. – 340 с.
13. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1981. – 97-124 б.
14. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, № 10.



### **ӘЗІМХАН ЫБЫРАЙЫМ**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## **Түркі халықтарының ортақ жазу проблемасы**

Әрбір өркениетті елдің мақтан етер жазба әдеби мұраларының бар екені белгілі. Тәуелсіз Қазақ елінің де жазу тарихының түпкі негізі, қайнар көзі архидеректемелер мен этногенез тұрғысынан алғанда қола дәуірінен, одан кейінгі кезеңдегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алатындығы ғылыми тұжырымдалған. Профессор Қ.Жұбанов: «...тіліміздің жазба өмірі, орыс тілімен салыстарғанда да, едәуір ұзақ: жазуымыз ұзақ өмір сүрген. Түріктерде VI-VIII ғасырда жазу болған. Славяндар X ғасырдан бастап жазулы болған. Орхон жазуын былай қоя тұрғанда да, бізге жеткен белгілерге қарағанда, түріктер IX-X ғасырда ұйғыр жазуымен жазып біраз кітап қалдырған», – деп көрсетсе [1,332], проф. С.Қаржаубайұлы бұл тұжырымды одан әрі нақтылай түседі: «...біздің ата-бабаларымыз 10 ғасыр ішінде қолданған 16 жазу түрі бірде-бір елде кездеспейді. Мықты дегендердің өзінде бір-екіден аспайды. Дауысты дыбысты қосқан жазу әлемде түркі жұртында ғана болған. Күлтегін ескерткішінің 732 жылы құйылған төртбұрышты киелі кірпішінен басталған дүниелер б.з.д. X-V ғ.ғ. жазбаларындағы суретке, қыш кірпіштегі б.з.д. II ғ. қаңлы дәуіріндегі жазуға ұласып, түркі дүниесінің пайдаланған әліпбиіне, финикия және арамей әрпіне ұштасып кетеді. Түркі әлемі, яғни ата-бабаларымыз қолданған 16 қаріп б.з.д. X-V ғ.ғ. дәуіріндегі арамей, б.з.д. IV – б.з. X ғ.ғ. байырғы түркі әліпбилері брахми, соғды, ұйғұр, манихей, қидан, қытай, сириялық, армян, моңғол, тод әліпбилері, өткен ғасырда Ахмет Байтұрсыновтың қалыптастырған араб төте жазуына, одан латын, қазіргі қолданыстағы кирилл әліпбиімен жалғасып жатыр» [2].

Әр халықтың ана тілі – сол ұлттың тұтастығының символы. Ал ата жазуы – сол тұтастықты жүзеге асырудың негізгі құралы. Сондықтан да қай кезде болмасын, отарлаушы мемлекеттердің негізгі іс-әрекеті – отарланушы



ұлттардың тілі мен жазуын, сол арқылы тарихы мен ұлттық санасын жоюға бағытталған. Мұндай қатаң тағдырдан қазақ халқы да қашып құтыла алмады. Араб шапқыншылығы түркілік төл ойма жазуымызды түп-тамырымен жойып, оны араб графикасына алмастырды. Тұран өлкесіне жасаған қанды жорығында олар бірден-ақ жергілікті халықтардың рухани болмысын түбірімен өзгертуді, яғни халықтың тарихи жадын мүлде жойып жіберіп, оның орнына ислам идеологиясын енгізуді көздеді. Сондықтан да жергілікті халықтың тілін, дінін, ділін, жалпы дүниетанымын, ұлттық салт-дәстүрін тарих сахнасынан өшіру үшін ойма жазу таңбаларын істен шығарып, оны араб жазуы таңбасымен алмастыру саясатын кешенді тұрғыдан жүргізуді ұстанды [3,145]. Араб жазуын түркі халықтары 1930 жылға дейін пайдаланып келді. Араб жазу таңбасын бастапқы түпнұсқа қалпында, яғни 28 әріп таңбасы бойынша қабылдаған түркі халықтары бірін-бірі аудармасыз-ақ оқып түсіне беретін ортақ жазу таңбасы ретінде қолданып келді [3,196].

Ресей империясы өз билігін мәңгі сақтап қалу үшін түркі халықтарын орыстандыруды басты мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Ол үшін түркі халықтарының діні мен діліне, тілі мен ата салтына, жазу таңбасына қысым жасады. Түркі халықтары қолданып келген араб жазуын орыс жазуына алмастыру саясатын ұстанды. Ал Кеңес Одағының алғашында латын, сосын орыс алфавитіне көшіруінің астарында да саяси-идеологиялық, отаршылдық астыртын жымысқы саясат жатты. Профессор М. Мырзахметұлы Кеңес Үкіметінің бұл саясатын екі түрлі ұрымтал саяси айла-тәсіл арқылы жүзеге асыруға асыға кіріскенін көрсетеді: «Біріншіден, латын жазуын алуды уақытша саяси айла-тәсіл деп білгендіктен, түрік халықтарының тарихи жадын аз да болса өшіріп, келер ұрпағын мәңгүрттендіре беруге бұл латын таңбасы да қызмет ете алады деп қарады. Екіншіден, алдымен латын жазуын алу арқылы ұлы орысшылдыққа қарсы наразылық білдіретін бұқара халық пікірін басқа арнаға бұрып жіберуді ойлады. Осы арқылы-ақ түбінде түркі халықтарын орыс жазуына көшіруге жағдай туады деген жасырын саясатты ұстанды, яғни үкімет ұрымтал уақытты күтті» [3,201].

Қазан төңкерісінен кейін бүкіл түркі халықтарының басын біріктіріп, ортақ мемлекет құру идеясы большевиктер партиясы тарапынан қатаң сынға алынып, оның басшылары (Т.Рұсқұлов, М.Шоқай т.б.) қуғындауға ұшырады. Осылайша түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатып, өзара қарым-қатынасын қиындатуға тырысты. Осы қасіретті жағдайды терең танып, ұғына білген Шыңғыс Айтматов: «1920 жылға дейін Түркістанда (Орта Азияда) бір ортақ жазу таңбасы, әдеби тілі болған. Өйткені ол уақытта бізде жазу формасы бір болған, ортақ араб таңбасы қолданылған. Міне, осы негізгі әліппенің арқасында жарық көрген кітаптарды әр адам алып оқи берген. Қазақ қазақша



оқыған, өзбек өзбекше, әзербайжан әзербайжанша оқыған. Осы бойдан қала бергенде, бара-бара жалпы Түркістан мәдениеті қалыптасуы ықтимал еді. Сол замандағы ақылгөй, данышпан, зиялы азаматтарымыздың ақыл-ойы да осындай болса керек. Бірақ бұл тарихи үдерістің жолы тосылды, тоқтатылды. Өйткені КСРО-ның партия басшылары сол бірігуді, сол рухани жағынан тұтасуды жаратпады. Олар біздің бөлініп-жарылып, майдаланып тұрғанымызды жөн көрді...»,– деп біздің басымыздан өткен рухани қасіреттің саяси тамырын таратып ашып берді [3,199-200].

Ғасырлар бойы отарлаудың қамытын киіп келген түркі халықтары Кеңес Одағы ыдырасымен дербестік, тәуелсіздік алуға ұмтылды. Тәуелсіздік алған түркі мемлекеттері бірден өзінің тілін, жазуын, тарихын, дінін, салт-дәстүрін жаңғыртуға, жоғалтқанын қайтаруға, ұлттық идеологиясын қалыптастыруға тырысты. Соған орай, олар әртүрлі жазуларды қолданып, түрлі саяси-идеологиялық бағыттарды ұстанды. Бұл құбылысқа проф. М.Мырзахметұлы былай баға берді: «Түрік халықтары бірін-бірі оқып білуі үшін жазу таңбасын ортақ бір ізге түсірудің орнына бір-бірінен рухани жағынан алыстататын кереғар теріс жолға түсіп отыр» [4,83].

Академик Ә.Қайдаров ортақ жазу проблемасының тамырын ХХ ғасырдың басынан іздейді: «...бұрынғы КСРО кеңістігінде тұрып жатқан 30-ға жуық түркі халықтары үшін жазу, әліппе мәселесі 1926 жылдан бері дұрыс шешімін таба алмай талайларды тұйыққа тіреген күрделі де жауапты проблемалардың бірі еді. Әр кезде қолданыста болған (орхон, араб, латын, кирилл) жазулардың ішінен бүгінгі заман талабына сай, әрі қолайлы, әрі ортақ жазу сайлап алуға байланысты түркі халықтары арасында кейінгі кезде қайта өріс ала бастаған қоғамдық үрдістің барысын бағамдап қарасақ, жұртшылықтың ықылас-ниеті көбіне-көп латын әліпбиіне ауып отырғанын айқын көреміз» [5].

1993 жылы наурыздың 8-10 аралығында Анкарада ең ірі алты түркі мемлекетінің басын қосқан конференцияда 34 әріптен тұратын латын әліпбиінің жобасы қабылданғанды. Және «бұл әліпби түркі халықтарының бәріне ортақ, оны әр ұлт өзінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты қажетінше өзгерте алады» деген келісім де жасалады.

2014 жылы Түркияның Бодрум қаласында Түркітілдес Мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің төртінші саммиті болып өтті. Бұл кеңес Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2009 жылдың қазан айында Әзірбайжанның Нахчыбан қаласында құрылған еді. Ол – түркітілдес мемлекеттер арасында сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты күшейту мен одан әрі нығайтуға бағытталған жалпытүркілік халықаралық ұйым болып табылады. Тарихқа көз жүгіртсек, түркі халықтарының тұтастығын, бірлігін ойлап, оған бар қажыр-қайратын



жұмсаған қайраткерлеріміз жетерлік. Сонау Білге қағаннан басталған түркі халықтарының бірігу идеясы – қаншама аумалы-төкпелі замандар өтсе де, өзектілігін жойған емес. Тіпті, арадан біршама уақыт өтіп, заманауи уақытқа кадам басқан түркі мемлекеттері тұтастықтың ұлт үшін қаншалықты маңызды екенін түсініп, ұғынып келеді. Тәуелсіз түркі тілдес мемлекеттердің басшылары «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақылдың бүгінгі таңдағы қажеттілігін тағы да дәлелдеуде.

Бұған дейін Түркітілдес Мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің үш саммиті түркітілдес мемлекеттер басшыларының қатысуымен өткен болатын. Алғаш саммит 2011 жылы Алматыда, 2012 жылғы саммит Бішкек қаласында өтсе, былтырғы жылы мемлекет басшылары Әзірбайжанда бас қосты.

Қазіргі кезде бұл ұйымға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия мемлекеттері мүше болып табылады. Соған орай, Бодрум қаласында өткен кеңес жұмысына осы мемлекеттердің президенттері Нұрсұлтан Назарбаев, Абдулла Гүл, Ильхам Әлиев, Алмазбек Атамбаев және байқаушы мәртебесіне ие Түркіменстан Республикасының Президенті Гурбангулы Бердымұхамедов қатысты. Бұл саммиттің басты тақырыбы туризм саласын дамыту мәселесіне арналғанмен, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұйым жұмысын әлі де жетілдірудің қажеттілігін көрсете келе, түркі әлемінің дамуына серпін беруге тиіс төрт бағытқа назар аударды.

Елбасымыз осы бағыттарға тоқтай келе, ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры тәрізді құрылымдардың маңыздылығын атай отырып, дәстүрлі мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайту қажеттілігіне ерекше көңіл бөлді. Түркі академиясының ортақ құндылықтарымыз бен мұраларымызды зерделеу ісінде көптеген жетістіктерге жете алатынын, түркі халықтарының мәдениеті мен өнерін насихаттауда ТҮРКСОЙ-дың қызметінің зор екенін атап өтті.

Қазіргі ғаламның жаһандану үрдісінде түркі халықтарының бірігу идеясы бүгінгі күннің күн тәртібіне қайта қойылуда. Оған түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мәжбүрлеп отыр. Бүгінде көптеген ғалымдар түркі халықтарының басын біріктіретін негізгі фактор ретінде ортақ жазу қалыптастыру екенін айтуда. Ұлттың басын біріктірудің негізгі жолы ұлттық жазу екенін кезінде З. Бабыр да жақсы түсініп, түрік жазба таңбасын жасауға күш салған. Түркі халықтарына ортақ жазудың аса қажеттігін түсінген Камал Ататүрік те Түрік Республикасында араб жазуын латыншаға ауыстыру саясатын ұстанған.

Профессор Ә. Жүнісбек қазіргі түркі халықтарының басын біріктіретін негізгі факторларға талдау жасай келіп, оларға жеке-жеке сипаттама береді: «... олардың басын қазіргі саясат біріктіре алмайды, өйткені олар әртүрлі сая-



си құрылымның (Ресей, Қытай, Түркия, т.б.) құрамында қалып отыр. Дін біріктіре алмайды, өйткені әртүрлі дінді (мұсылман, христиан, будда) ұстанып келеді. Қазіргі жазу үлгілері біріктіре алмайды, өйткені әртүрлі әліпбиді (латын, кирилл, араб) пайдаланып отыр» [6,120].

Түркі халықтарының ортақ жазуы қандай болуы керек? – деген мәселеде профессор М. Мырзахметұлы Ресей отаршылдарының миға сіңіп, ақыл-ойды байлаған «түркі халықтарының жас ұрпағын өз ұлтының тарихи жады мен өткендегі рухани қазыналарынан қол үздіру арқылы оларды тұтастай орыстандыру саясатынан құтылудың жолы – латын жазуына көшуде деп біліп, латын жазуының бес артықшылығын көрсетеді: «Біріншіден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; екіншіден, әріп сандары 42 әріптен 28-34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді. Интернетке де кедергісіз шығар едік; үшіншіден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын қиналмай оқи береді. Ал жастар болса шет тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан тез меңгеріп кетеді; төртіншіден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; бесіншіден, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз» [7,246-247].

Академик Ә. Қайдар «латын әліпбиіне көшу - өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі», – деп бағалап, латын әліпбиіне көшудің төмендегідей басымдықтарын көрсетеді: кириллицаның славян жазуы екені белгілі. Дегенмен, оны әлемдегі славян халықтарының бәрі бірдей қолдана бермейді. Бүгінгі күнде Еуропадағы көптеген славян мемлекеттері іс-қағаздарын латын жазуымен жүргізеді. Осы тұста бір мәселе, славян текті халықтардың арасында рухани тұтастықтың да шамалы екенін естен шығармау керек. Қысқасы, кириллицаның да белгілі бір дәрежеде кемшілігі шаш-етектен. Бұл – мәселенің бір жағы.

Екіншіден, жоғарыда атаған жәйттерге қоса кириллица жыл алға озған сайын өзіне жүктелген міндеттерді тиісті дәрежеде атқара алмауда. Қазіргі кезде Ресей ғалымдары арасында да жаһанданумен байланысты бір кездері орыс әліпбиінің де латын қарпіне көшу ықтималдығы туралы сөз бола бастады.

Үшіншіден, бүгінгі түркі халықтары қолданып жүрген кирилл жазуында айырмашылықтар өте көп. Себебі, кезінде бұл жазудың біздерге тек қаріптік белгілері, таңбалануы ғана ұсынылды. Ал әр халық өзінің тілдік ерекшеліктеріне сәйкес кейбір әріптердің варианттарын өздері жасап алды. Соның нәтижесінде, дүние жүзінің түркі қауымдастығын былай қойғанда, бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түркі халықтары мен ұлыстарының өзі ба-



сын біріктіре алмады. Керісінше, олар бірінің жазғанын екіншісі еркін оқып түсіне алмайтындай жағдайға келіп, жазу арқылы өзара жақындасудың орнына, жырақтай түсті. Сөйтіп, сыртқы күштердің о баста көздеген түркілердің бастарын біріктірмеу жоспары өз миссиясын толығымен орындап шықты» [5].

Түркі халықтары бәріне ыңғайлы жасалған ортақ жазу таңбасын жасауға, яғни қазір қолдануға бет алған латын әліпбиін ортақ жазу таңбасына айналдыруға күш салуы тиіс, сонда ғана олар ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тұтастықты қайта жаңғырта алады.

**Әдебиеттер:**

1. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010. -608 б.
2. Қаржаубай С. Орхон мұралары // Егемен Қазақстан. 18.10.2003 ж.
3. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? –Алматы, 2010.
4. Мырзахметұлы М. Тараз ой толғаныстары. –Түркістан, 2005.
5. Қайдаров Ә.Т. Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді // Егемен Қазақстан. 14 ақпан 2013 ж.
6. Жүнісбек Ә. Көне түркі жазуының фонологиялық моделі жайында // Тіл және қоғам. –Астана, 2005. № 1. -120-125 б.
7. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. –Алматы, 1998.



**АЛМАТ ПАНГЕРЕЕВ**

*Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту  
басқармасы ономастикалық жұмыстар  
және талдау бөлімінің басшысы*

## АТАУЛАР ҚҰПИЯСЫ

### немесе байырғы жер-су атауларының тарихы

Ономастика мәселесі туралы сөз қозғай қалсақ ойымызға көше атаулары мен елді мекендердің аталуы оралады. Әрине, тоталитарлық кезеңде мәні мен мағынасы бұлыңғыр, қалай болса солай аталып кеткен көшелерді түп-тамырымен өзгерте салу оңай іс емес. Солай болса да өзіміздің ұлттық құндылығымызды асыратын, кейінгі жастарға патриоттық тәрбие беретін атаулар болса деп армандайсың. Осы тұрғысында мен бірнеше мақалалар жаздым. Ауыстыруға кедергі не? Ол атаулар беруге, қайта атауға қайта-қайта жарияланып отырған мораторий, тоқтамдар. Сондықтан мен осы мақаламда оған тоқталмаймын. Айтуындай-ақ айттым, жазуындай-ақ жаздым деп ойлаймын. Ақтөбе облысында өзге ұлт өкілдері көп шоғырланғандықтан атаулары өзгеріп кеткен үш ауданда қысы, жазы іссапарда болып, сол жарияланып жатқан мораторийлерге қарамастан 69 елді мекеннің тарихи атауын алуына тікелей атсалыстым. Қазірде өздерінің байырғы тарихи атауларынан айырылып қалған 167 елді мекеннің 20-сы ғана қалып отыр. Ол алдағы күннің еншісінде. Ономастика жалқы есімдерді зерттейтін ғылым болса, тек қана атау беру, қайта атаумен шұғылданатын ғылым десек жаңсақ ұғым болады. Жұрттың көкейінде жұтаң болып қалған да осы атаулардың жоқтығы. Сондықтан да олар ономастиканы көшеге атау берумен ғана шектелетін ғылым ретінде қарайды. Олай емес.

Атау беруді қоя тұрып, жалпы ономастикалық жер-су атауларын саралайықшы. Ұлттық құндылығымыз дегенде, өзіміздің тарихи жер-су аттарына терең үнілсек сырға толы атаулардың не бір шұрайын табар едік. Бұрыннан бары емес, көмбенің астында қалғандарын айтам. Әрісін айтпай-ақ қола дәуірдің мәдениет ескерткіштерінен бастасақ та жеткілікті. Ал ол кездегі ескерткіштер бүгінге дейін ел есінде, жұрт жадында. Алайда, ертеңгі ұрпақтың есінде қалар ма екен? Мұғалжардағы Бақтыбай тауы,



Шуылдақ, реликті тоғайлар атауы, өзен-көлдер атауы көшелерге, елді мекендерге сұранып тұр. Алдымен кісі есімдерімен аталатын жер атауларын қарастырайық. Әрине, кісі есімдері тегіннен тегін қойылмайды. Сол жерде тұрған, өмір сүрген адамдар ұлықталған атаулар. Мәселен, Әйтеке би ауданында Байжанкөл деген атау бар. Байжан адам аты. Көлдің жағасында отырған кісінің есімі берілген. Басықара атауы мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімімен белгілі. Дұрысын айтсақ, оның әкесі Қара деген кісінің мекені болған. Бопай атауы – Тілеу батырдың әйелінің жерленген жеріне байланысты қойылған. Сәңкібай жазығы да батыр бабаның атына қойылса, Ноғайты, Ебейті атауларын ру атауларымен байланыстырамыз. Байғанин топонимі осы жерлердің тумасы, белгілі ақын Нұрпейіс Байғаниннің тұлғасымен байланысты антропоним. Осы жерде ру-тайпалық атауларды айтпай өтуге болмайды.

**ӘЛІМҰЛЫ.** Қазақтардың бұл тайпалық бірлестігі туралы мәліметтер VII-X ғасырдың дереккөздерінде сақталған. Әлімұлының Шөмекей, Қаракесек, Кете руларына жататындар Батыс-Түркі қағанатының халқына кіргені туралы белгілі. X ғасырда Әлімұлы Алтайдан Арал-Каспий өңіріне көшіп, жергілікті халықпен араласқан. Зерттеуші ғалым М.Тынышпаев Әлімұлының Ачинскі маңында тұрып жатқан Үлкен және кіші Алшын руларымен мүмкін болған байланысы туралы жорамал жасаған. Бұл мәліметтер Әлімұлы тайпасының көне тарихын меңзейді [7]. Әлімұлының ұрпақтары башқұрт, татар және орта Азия халықтарының құрамына кіреді [8, с.40].

Бұл тайпалық бірлестіктің қысқы көштері Жем өзенінің құйылысынан Арал теңізінің солтүстік-батыс жағалауына дейінгі аумақтарды қамтыған. Жазғы көштері Торғай, Тобыл, Ырғыз, Қобда, Елек өзендері бойы және Мұғалжар таулары кеңістігінде орналасқан.

Әлімұлынан Есет, Көтібар, Құлбарақ, Жанқожа, Ақтан, Алтай, Арал батырлар, ақын Қарасақал ақсақал, Нұртуған жырау, Жетес шешен, Әжібай би, Сопақ, Мырзағұл тараған.

### ӘЛІМҰЛЫ

	Рулар	Ұраны
1	Шекті	Бактыбай (Жанқожа)
2	Төртқара	Айыртай
3	Қаракесек	Ақпан
4	Қарасақал	Алдияр (Алдажар, Алдамжар)
5	Кете	Майлыбай
5а	Ожырай	Майлыбай
6	Шөмекей	Дойт



**БАЙҰЛЫ.** «Байұлы» этнонимі Түркі қағанатының жазбаша дереккөздерінде кездеседі. Орхон-Енисей жазбаларында олар «байырқу», Тан империясы жылнамасында «байегу» деп кездеседі [10]. Байұлы әуелі Теле бірлестігінің құрамына кіріп, жаймен түріктерімен бірге Орта Азиядан батысқа қарай жылжыған. Сол кездерде байырқу-байегулерді *байауыт* деп атаған. Белгілі орта ғасырдың тарихшысы және мемлекет қайраткері Рашид ад-Дин байауыттардың монғолдар арасында екіге бөлінгендерінің, біреуі жадаат, екіншісі хәкерін байауыт деп аталып кеткенін келтіреді [9]. Байырқу-байегұлдардың руларының негізгі бөлігі Қазақстанның батыс бөлігіне көшіп, алшын бірлестігінің құрамына кірген. Қазақ хандығының күшейген уақытында алшын, алтыауыл рулары–жем ноғайлыларының басты өкілдерінің бірі - тама руымен бірге сол мемлекеттің құрамына кірген.

Байұлының негізгі көш орындары Жем, Жайық өзендерінің арасында, Үстіртте, Каспий теңізінің Солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан. Байұлының бір бөлігі қыста Үлкен және Кіші Борсық құмдарына, ал жазда Торғай және Тобыл даласына көшетін болған.

	<b>Рулар</b>	<b>Ұраны</b>
1	Шеркеш	Шағырай
2	Есентемір	Алдоңғар
3	Таз	Бақай
4	Ысық	Байтерек
5	Беріш	Ағатай
6	Адай	Бекет
7	Байбақты	Дайқара
8	Масқар	Каратай
9	Тама	Жиёмбет
10	Алаша	Байбарақ
11	Қызылқұрт	Жиёмбай, Жайым
12	Жаппас	Баймұрат
13	Алтын	Баймұрат

**ЖЕТІРУ.** «Жеті» саны XI-XIII ғасырда басқа орта ғасыр этностарының этнонимдерінде жиі аталынған. Ауызекі аңыздарға сәйкес Жетіру тайпасы бір әскери қолбасшының жеті баласынан тараған екен. Қазақтардың басқа генеологиялық аңыздары Жетіру тайпасын Тәуке ханның (1680-1718) заманымен байланыстырады. Ол кезде Кіші Жүздің жалпы жиынтық атауы «Алшын» этнонимі болған. XVII ғасырдың екінші жартысында Тәуке хан



Орта жүздің 7 руын біріктіріп, оларға «Жетіру», яғни «жеті рудан тұратын» деп атау берген. Бұл факті орыс өкілі А.Тевкелевтің мәліметтерінде өзінің растығын тапты[8, с.202].

Жетіруға кіретін рулардың атауы көптеген түркітілдес халықтардың арасында да кездеседі, осындай этноним башқұрт, өзбек, түркімен, қырғыздардың ру-тайпалық атауларының құрамында кездеседі.

	Рулар	Ұраны
1	Тама	Қарабура
2	Табын	Тостаған, Серке, Алаш
2а	Таракты табын	
2ә	Шөмішті табын	Барақ
2б	Тартуыл (көсекти) табын	
3	Кердері	Қожахмет
4	Керейіт	Аксақал
5	Жағалбайлы	Манатау
6	Рамадан	Дулат
7	Телеу (Тидеу)	Тұлпар, Арғымақ

XVII ғасырдың басында сыртқы-саяси жағдайлардың бірқатары Кіші Жүздің саяси элитасының бөлігін Ресей мемлекетінен қолдау іздеуге мәжбүрлеген. 1731 жылдың ақпанында патшаханым Анна Иоанновна А.Тевкелевті қазақтардан ант алуға жіберді. Кіші Жүздің Ресей империясына кіруі ақырында 1732 жылы Петербургте жүзеге асты. Патша билігінің әрекеттері Кіші Жүз халқының басым бөлігінің наразылығын тудырып, олар бірнеше рет әскери тойтарыс берген. Ең алғашқы қазақтардың қақтығысы Табын, Беріш, Жағалбайлы руларының Е. Пугачевтің басшылығымен 1773-1775 жылдары теке-тіресте орын алған.

1771 жылы Еділ қалмақтары Қазақстан аумағынан Жоңғар еліне көшіп өту («Топырақ жорығын») әрекетін жасаған. Мұғалжар бөктерінде Абылай және Нұралы хандарының қол астына жиналған қазақ әскері және қалмақтармен алғашқы шайқас болған.

Қазақстанның өндірісін дамыту үшін 1901–1906 жылдары салынған Орынбор–Ташкент теміржолының үлкен рөлі болған. 1905 жылы Елек өзенінің жоғарғы ағысында Қандыағаш теміржол стансасы салынған, содан кейін Жем өзенінің ағысы бойымен осы аттас тағы бір теміржол стансасы салынған. Кейіннен олар пойыздарды қабылдау мен жолдау жөніндегі аламан жұмыс жүргізілетін, вагондарды сорттайтын, жүк тиейтін және түсіретін



арнайы құрылғылары бар, вагондарды құрастыратын ірі теміржол торабына айналды.

Қазан революциясы қарсаңында, 1916 жылы Батыс Қазақстанда қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы басталды. Колонияға қарсы көтеріліс ІІ Николай императордың Орта Азия және Қазақстанның халықтарын тыл жұмыстары мен майданға шақыру жөніндегі әділетсіз жарлығына қарсы болды. 1916 жылдың мамырында көтеріліс бүгінгі Ақтөбе облысының аумағын алып кетті. Әскери отрядпен қарсыласта Мұғалжар ауданы бұрын құрамында болған Темір ауданының көтерілісшілерін бастаған Әкімбай (Қартқожа) қаза тапты [8, с.132].

Белгілі бір оқиғаларға байланысты қойылған атаулар да кездеседі. Мысалы, «Лаққырған» атауы сайда тасыған судан қырылып қалған малға байланысты болса, «Мақтаөткел» атауы Жібек жолының бойындағы мақта алып өткен тайыз суға байланыстырыла аталған жер. Осындай атаулар көп.

Қазақ жері тек қана жер асты байлығы емес, жер үсті байлығынан да кенде емес. Өсімдік әлемін алайықшы. Байғанин ауданында жүзгін деген өсімдік бар. Осы атауды естімеген құлаққа таңсық болары мүмкін. Ол қызыл кітапқа енгізілген. Таран тұқымдастығына жатады. Қолтық бүршікті гүлдері бар. Сарсазан өсімдігі де біздің облыстың оңтүстік аудандарында кездеседі. Бір қызығы бұл өсімдік ащыны жақсы көреді, сортаңда өседі. Қос масақты қылша өсімдігінің пайдасы мол. Безгек, аллергия, қышыма, өкпе демікпесі, т.б ауруларды емдейтін өсімдік.

Жануарлар әлеміне келетін болсақ, олардың атауы да сан алуан. Біздің жерде сайғақ барын еңбектеген бала да білер, бірақ, манул мысығын көргендер шамалы шығар. Салмағы 5 кг дейін тартатын манулдар дала мысығы болып табылады. Олардың жүні қалың, мамығы жұмсақ болып келеді. Оның қорегі тышқан тұқымдастар. Ал, айдаһар атауын тек ертегілерден білеміз десек, қателесеміз. Облыстың үстірт платосында дала аждаһалары кездеседі. Әрине оларды тым үлкен дей алмаймыз, десек те аты солай аталады. Кесіртке болып кішірейіп кеткендері қаншама. Атаулар туралы, әсіресе, тарихи атауларды сөз етсек, өзге ұлт өкілдері «Дмитриевка» ауылының атауын да тарих деп шыға келеді. Әрине тарих, қарсылық жоқ. Бірақ, бұрынғы тарихты өшіріп, 1917 жылғы тарихты ғана аламыз ба сонда. Ол дұрыс болмай шығады. Ол байырғы тарихқа қиянат. Осы ретте біздің ғалымдар Байғанин ауданы бойынша зерттеген кітаптан үзінді келтіре кеткен жөн:

«Бүгінгі Байғанин ауданы аумағының Қазақстанның Арал-Каспий өңірінің дамуымен байланысты ежелгі тарихы бар. Бұл жерлерде көптеген скиф-сақ көшпенділерінің әйгілі дәуірі, қазақ халқының көп ғасырлы шығу тегі, XVIII-XIX ғасырларындағы азаттық қозғалыстары, Азаматтық соғыс



хикаялары, кеңес кезеңі және егеменді Қазақстанның дамуын бейнелейтін жағдайлар өткен.

Байғанин ауданының және оған шекаралас аумақтарда адамның өмір сүруінің археологиялық дәлелдемелері неолит дәуіріне (V мың. – б.ғ. II мың.) жатады. Б.ғ. I мың жылдығында бүгінгі Ақтөбе облысының жерлері, оның ішінде оңтүстік аудандар массагеттердің мекендеріне қарасты болған. Геродоттың айтуынша бұл Каспий теңізінің шығысына қарай орналасқан сақ одағы руларының тармақтарының бірі. Көне авторлар оларды азиат скифтері деп атаған. Бүгінгі тарихшылардың пікірі бойынша, массагеттердің рулық бірлестіктері қазақ рулары мен Кіші жүз руларының бұдан бұрынғы аталары[1, 2]. Геродоттың айтуынша Парсы империясының әскерлері массагеттердің жерлерінде қатты қарсыластыққа ұшырап, сол жерлерді иемдене алмаған[3].

Арал-Каспий теңіздерінің аралығында орналасқан кейінгі көшпенділердің белгілі қорғандардың басым бөлігі дара немесе 1-2 қорғаннан тұратын шағын топтар болып табылады. Б.ғ. дейінгі VI–V ғғ. бұл жерлерде сармат мәдениеті дамыған, оған номадтардың өткен жарқын дәуірі туралы баяндайтын түрлі археологиялық олжалар дәлел [4]. Байғанин ауданының Қаражар, Миялы, Оймауыт, Дияр ауылдарының маңында көне темір дәуірінің (б.ғ. VIII–III ғғ.) 8 қорғаны мен қорымдары табылды. Археологиялық материалдар бұл аумақтағы тарихи-мәдени процестерінің өту күрделілігін дәлелдейді. Олар осы жерлерді мекендеген тайпалардың бұл өңірдің ерекшелігін айқындайтын мәдени-климаттық факторларға бейімделуінің жоғары деңгейін аңғартады».

Көріп отырсыздар, елдің тарихы кеше пайда болған жоқ. Сондықтан атаулар құпиясын ашып, тұрғындарға түсіндіру үшін зерттеулер жүргізу керек-ақ.



### **ӘСЕТ АМАНЖОЛОВ**

*Қарағанды облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ономастика, сараптама және қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің басшысы*

## **Жер-су, елді мекендерге кісі есімін беру мәселелері**

Қазақ халқы ежелден ел мен жер атауларына ерекше мән беріп келген. Ата-бабаларымыз өзінің өмір сүрген аймағының әрбір тасы мен өзен-көлдерін, ой-шұңқырын жете меңгерген. Және олардың барлығына дербес атаулар берген. Біз ұлан-ғайыр даламыздағы есте жоқ ескі замандардан бері келе жатқан тарихи атауларды зерделеп, зерттеу арқылы көптеген өскелең ұрпақ үшін маңызы мен мәні зор тың ақпараттар мен құпияларға көз жеткізе аламыз. Тіл білімінде кенже қалған ономастика ғылымының, оның ішінде топонимика саласының басты маңыздылығы да осында жатса керек.

Халқымыз өзен-көл мен тау-тастарға және өзі тұрып жатқан жерлерге атау бергенде оның түр-түсі, көлемі, құндылығы және тарихи ерекшелігі секілді негізгі сипатына баса мән берген. Оған мысал ретінде Сарыарқа, Көкшетау, Алтай(алтынды), Алатау, Қаратау, Оқжетпес, Көкше теңіз секілді атауларды келтіруге болады. Сондай ақ, діни наным-сенімдерге, жан-жануар, аң-құс, өсімдіктер мен тұрмыс-тіршілік, салт-санаға қатысты атаулар жеткілікті. Дегенмен, ежелден келе жатқан Балқаш, Ботақара, Шешенқара, Нияз секілді кісі есімдері қойылған атауларды да көп кездестіреміз. Облысымызда ресми түрде тіркелген 537 елді мекен атауы бар. Оның 101-і (18,8%) кісі есімімен аталады. Сондай-ақ, кісі есімі қойылған өзен-көл, тау-тас, қырат-белдер қаншама.

Сарыарқа жазығында кездесетін кісі есімдері қойылған жер-су атауларын саралай келе төмендегідей жіктеуге болады.

### **I. Ел алдында абыройы ерен атакты тұлғаларға арналған атаулар:**

**1. Хан, батырлар:** **Едіге** (тау. Ұлытау ауданы), **Нияз** (тау. Осакаров ауданы), **Барак** (көл. Ұлытау ауданы), **Ағыбай** (е.м. Шет ауданы), **Деріпсалы** (е.м. Шет ауданы), **Жидебай** (е.м. Ақтоғай ауданы), **Жарылғап батыр** (е.м. Шет ауданы), **Аманкелді** (е.м. Ұлытау ауданы) т.б.



2. *Ақын-жазушылар*: Бұқар жырау (аудан аты), Абай (е.м. Абай, Ақтоғай, Қарқаралы аудандары), Жамбыл (е.м. Қарқаралы, Шет аудандары.) Сәкен (е.м. Жаңаарқа, Шет аудандарында), Мұхтар (е.м. Шет ауданы), Қасым Аманжолов (е.м. Қарқаралы ауданы), Ғабиден Мұстафин (е.м. Бұқар жырау ауданы) т.б.

3. *Ғалымдар*: Қаныш Сәтпаев (е.м. Сәтпаев қаласы), Кәрім Мыңбаев (е.м. Нұра ауданы), Нығмет Нұрмақов (е.м. Қарқаралы ауданы) т.б.

4. *Кеңес Одағының батырлары*: Мартбек Мамыраев, Нүркен Әбдіров, Тоқтар Әубәкіров (е.м. Қарқаралы, Ақтоғай аудандары.) т.б.

5. *Әнші-жырышы, айтыскер, сал-серілер*: Тәттімбет, Мәди (е.м. Қарқаралы ауданы), Доскей (е.м. Бұқар жырау ауданы), Нармамбет, Шашубай (е.м. Ақтоғай ауданы) т.б.

6. *Еңбек, қоғам қайраткерлері*: Әлихан (е.м. Шет ауданы), Уғар Жәнібеков (е.м. Қарқаралы ауданы), М.Жұмажанов, Ш.Ералиев (е.м. Жаңаарқа ауданы) т.б.

7. *Би-болыстар*: Ақтайлақ би, Байдалы би (е.м. Жаңаарқа ауданы), Қазыбек би (е.м. Қарағанды қаласы), Шабанбай би, Қараменде би, Шашубай би (е.м. Ақтоғай ауданы) т.б.

8. *Әулие, көріпкел, бақсы-балгерлер*: Қылыш, Балабақсы (е.м. Жаңаарқа ауданы), Беғазы (е.м. Ақтоғай ауданы), Бектау (тау. Шет ауданы), Ахмет (е.м. Осакаров ауданы) т.б.

II. Елдің есінде қалар ерекше оқиғаларға себепкер тұлғалар. (*Жау сарбазын жекпе-жекте жеңу, ғашықтардың мерт болуы т.б*) Ботақара, Қоянқара, Шешенқара (тау, е.м. Бұқар жырау ауданы), Едірей, Мыржық (тау. Қарқаралы ауданы), Балқаш (көл, е.м. Балқаш қаласы), Толағай (тау. Жаңаарқа ауданы), Маңақа (өзен, е.м. Жаңаарқа, Шет аудандары), Гүлшат (тау, е.м. Ақтоғай ауданы), Орынбай (е.м. Жаңаарқа ауданы.) Бұл жерде Едірей, Мыржық, Қоянқара атаулары қазақ батырлары қолынан қаза тапқан қалмақ батырларының есімдеріне байланысты қойылса, Шешенқара (Қалмақ қызы), Балқаш, Маңақа атауларының қалуы аңыздар желісі ғашықтық оқиғалары себепкер болған. Ал Гүлшат есімі қазыналы тауға жол бастап барған қызға ризашылығын білдірген ағылшындардың оның құрметіне қойған атауы. Орынбай аңыз бойынша ерте кезеңде ықпалды бір әулеттің аттан құлап оқыста қайтыс болған жас жігітінің есіміне байланысты қойылған атау.

III. Қазақ тарихына қатысы жоқ тұлғалардың есімі. Бұлар негізінен орыс патшалығы мен Кеңестік кезеңде отаршылдық мазмұндағы атаулар. Бұл атаулардың өзін бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

1. *Романовтар әулеті мүшелерінің, князь, ханзада, ханшайым, Ресей империясына қызмет еткен, отарлау саясатын жүзеге асыруға атсалыс-*



қан орыс генералдары, генерал-губернаторларының есімдері, фамилиялары негізінде қойылған атаулар: Николаев (е.м. Осакаров ауданы), Иванова (е.м. Нұра ауданы), Петровка (е.м. Бұқар жырау ауданы) т.б

2. Қазақ жеріне көшіп келген қоныстанушы орыс мұжықтары мен атамандарының фамилия, есімдерінен қойылған атаулар: Осакаров (е.м. Осакаров ауданы. Бұл атаудың қойылуының басқа да нұсқалары бар-авт), Корнеевка (е.м. Қазіргі Керней. Бұқар жырау ауданы.), Ульяновка (е.м. Қазіргі Ботақара. Бұқар жырау ауданы.) т.б

3. Бұрынғы Ресей жеріндегі өз қоныстарының атын қою. Олардың арасында да кісі есімдері көп кездеседі: Ростовка (е.м. Бұқар жырау ауданы.), Киевка (е.м. Нұра ауданы) т.б

4. Орыс мәдениеті өкілдері: Крестовский (е.м. Сәтпаев қаласы.) т.б.

IV. Кеңес дәуіріндегі коммунистік идеология негізінде қойылған есімдер: Ленин (е.м. Жаңаарқа ауданы), Маркс (е.м. Қазіргі Ералиев. Жаңаарқа ауданы.), Киров (е.м. Қазіргі Жаңаталап. Жаңаарқа ауданы.), Чапаев (е.м. Осакаров ауданы), Энгельс, Держинский, Гагарин, Чкалово (е.м. Бұқар жырау ауданы ) т.б.

V. Ру атаулары: Керей (е.м. өзен.Нұра ауданы), Керней (е.м. Бұқар жырау ауданы), Қоңырат (тау. е.м. Ақтоғай ауданы.). Қырғыз, Матақ (е.м. Қарқаралы ауданы), Кеңгір (өзен. Ұлытау ауданы), Қамбар (дөнес. Ұлытау ауданы), Сармантай (е.м. Шет ауданы) т.б.

VI. Бай-бағлан, жер иелері секілді ықпалды, ауқатты кісілердің есімдері: Алшынбай, Алшынбай сай (е.м.сай,тау. Ұлытау ауданы), Батық (е.м. Шет ауданы), Ескене (е.м. Жаңаарқа ауданы), Қалабай (көл. Жаңаарқа ауданы), Сандыбай (тау. Ұлытау ауданы.), Шабан (өзен. е.м. Ақтоғай ауданы), Нығман, Отарбай, Жараспай (е.м. Нұра ауданы), Есенкелді (е.м. Абай ауданы), Баймырза (е.м. Бұқар жырау ауданы) т.б. Халқымыздың көшпелі өмір тұрмысында әрбір жердің, жайылымның, қыстақтардың иелері болған. Тиісінше ауқатты, ықпалды болған сол тұлғалардың жерлерін олардың есімімен атау заңдылық еді. Дегенмен, осындай атаулардың көпшілігі Патшалы Ресей құрамына енген кезеңдер мен Кеңес Үкіметі жылдарындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жаңадан құрылуы, отырықшылық саясаты кезінде және бай-манаптарды қуғындау шақтарында ел санасынан өшіріліп қалды. Бүгінгі кезде осындай тұлғалардың бірен-саран ұрпақтары атабабасының жеріне олардың есімін ресми түрде беру туралы мәселелерді жиі көтеріп тұрады.

*Елдімекендер мен жер-су атауларына кісі есімдері берілуін кезең-кезеңмен алып қарасақ, төмендегідей деңгейлерге бөлуге болады.*

**XV ғасырға дейін:** Жалпы еліміздегі атаулардың тарихы есте жоқ ескі



замандарға жетелейді. Ғалымдардың пайымдауынша көне атаулар жазба пайда болмай тұрып жасалған дейді. Дегенмен, кісі есімдерін қою одан бері деп айтсақ болады. Еліміз бойынша Еділ, Шу секілді атауларды ең көнелер қатарына жатқызуға болады. Ал Қарағанды облысы аумағында Керей, Қыпшақ, Қамбар, Едіге, Балқаш атаулары ерте замандардан халықпен бірге жасасып келеді.

**ХУ-ХҮІІ ғасырлар:** Бұл кезеңдерде көбінесе Ботақара, Шешенқара, Ескене, Батық секілді қазақ батырларының, жер иелерінің және тарихи оқиғаларға қатысты кісілердің есімдері көп қойылды.

**ХҮІІІ ғасыр мен ХХ ғасырлар:** Ұлттық топонимияның сан ғасырлық бірегейлігі, қаймағы бұзылмаған тұрақтылығының сыртқы күштер ықпалымен өзгеріске ұшырай бастауы осы кезеңдерді қамтиды. Ұлттық атаулардың дертке ұшырауы Ресей империясының жүргізген отарлау саясатына тікелей қатысы бар. Елді мекендерге кісі есімдерінің ресми түрде беріліп, карта бетіне түсе бастауы да осы шақтарда басталды десек те болады. Тұтас қазақ даласын шарпыған осы ақтандақтың әрине, Қарағанды облысы аумағына да тікелей қатысы бар. Бүгінгі күнге дейін өңірімізде сақталып келе жатқан Осакаров, Петровка, Киевка, Ростовка секілді көптеген атаулар сол отарлық саясаттың нәтижелері және дәлелі. Өкінішке орай, осындай атаулар қойылған өлкелерде бірнеше буын ұрпақ өсіп-өнді. Сондықтан да, олардың санасында аталған атаулар жатталып, жүректеріне терең сіңіп алды. Атаулары моральдік тұрғыдан ескірген елді мекендерге тарихи не болмаса егемендігімізге сай атауларды беру ұсыныстарына тұрғылықты халықтың жата-жастана қарсы болуы да осының нәтижесі.

**ХХ ғасыр:** Бұл кезең қазақ тарихы үшін ең ауыр да, ең маңызды тарихи бетбұрыстар мен оқиғаларға толы ғасыр. Кеңестік кеңістікке енген қазақ даласына ең көп кісі есімін қою кезеңін жұрт осы шақта бастан өткерді. Коммунистік идеологияның негізгі бағытына айналған атау беру, қайта атау шаралары талай ғасырлық тарихи атауларымыздың тамырына балта шапты. Нәтижесінде, еліміздің оның ішінде Қарағанды облысында Ленин, Маркс, Киров, Чапаев, Энгельс, Дзержинский секілді атаулар үлкен науқаншылықпен қойыла бастады. Елді мекендердің құрамдас бөліктеріне (көше, бульвар, қиылыс, даңғыл т.б) кісі есімін беру де ХХ ғасырдың басында басталды. Қазіргі кезде облысымызда мұндай атаулар әлі күнге дейін сақталуда. Дегенмен, қазақ халқының ақын, жазушылары, еңбек, қоғам қайраткерлерінің есімдері де осы жылдары көп қойыла бастады. Олардың қатарына Сәкен, Аманкелді, Жамбыл секілді көп кездесетін атауларды жатқызуымызға болады.



### **Тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі қойылған кісі есімдері.**

Тәуелсіздігімізді ту еткен жылдарда кейінгі кезеңде күңгірттеніп кеткен қазақ ономастикасы қайта жанданып, өзінің тарихи атаулары қалпына келе бастады. Бұл кезең ұлттық ономастиканың деректік қоры ғылыми-тұжырымдамалық және әдістемелік негіздері біршама жетіліп, әр алуандылық сипатқа ие болған, аса нәтижелі де жемісті болды. Бұл өзгеріс біздің де облысымызда өз нәтижесін көрсетіп, бірнеше қалалар, аудандар, кенттер, ауылдар қайта аталды. Мәселен, Мичурин ауданы – Абай ауданы, Ульянов ауданы - Бұқар жырау ауданы, Совет ауданы - Қазыбек би ауданы, Никольский қаласы - Сәтпаев қаласы болып қайта өзгертілді. Облыс көлемінде Байдалы би, Шашубай, Нармамбет, Кәрім Мыңбаев, Қасым Аманжолов, Тәттімбет, Ботақара, Жарылғап батыр секілді ауыл атаулары пайда болды.

Дегенмен, жүргізілген мониторинг нәтижесіне сүйенсек облысымыздағы елді мекендердің 13%-ы, құрамдас бөліктердің 35%-ы ескірген атаулар санатына жатады. Оның ішінде еліміздің тарихына қатысы жоқ, саяси тұрғыда қажеттілігін жоғалтқан кісі есімдерімен қойылған атаулар әлі де болса өте көп. Осы секілді атаулар тәуелсіз елдің мүддесіне қарай неге толық өзгертілмей жатыр деген пікірлердің жиі айтылатынына да көңіл аудару қажет. Алайда, кісі есімін нысандарға беру жұмыстарында тым асығыстыққа да салынбау керек. Мұндай шешімге кей азаматтар қандай да бір елді мекен не болмаса басқа да жаңа атауды қажет ететін нысандарға ат беру мәселесінде ұлттық мүддеден гөрі жеке мүддесін жоғары қоя отырып, өз ата-бабасының не болмаса туған-туыстарының атын ұсынып жататын фактілер де кездеседі. Біз ең алдымен осыдан сақтануымыз қажет. Жаңа атау беру – ағайын туыс не болмаса белгілі бір ру өкілінің беделін арттыру емес, сол өлкенің тарихына деген жанашырлықпен жүзеге асырылуы тиіс.

Кеңестік кезеңге дейін кісі атын беру жалпы халықтың өз ықтиярында болса, Кеңестік кеңістікте асқан бюрократиялықпен, саяси бағытпен тек қана билік тарапынан жүзеге асырылып келгені белгілі. Ел егемендік алған алғашқы жылдары шыны керек елімізде жаңа атау беру кезінде кісі есімдері өте көп қойылды. Есімдері ұсынылған тұлғалардың бір бөлігі шынымен де елге еңбегі сіңген, кеңінен танымал адамдар болса, бір бөлігі ешқандай атағы жоқ, қолында билігі бар, тамыр-танысы көп азаматтардың туған-туысы не болмаса руластары қатарынан болды. Тіпті көзі тірі азаматтарға да атаулар беріліп жатты. Орын алған олқылықтардың ары қарай жалғасын таппауы үшін елімізде ономастикалық жұмыстар жүргізудің нормативті-құқықтық негіздері қалыптаса бастады. Бұл мақсатта тиісті заңнамаларға сүйене отырып, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы» бекітілді. Осы тұжырымдамада бір есімнің көп дүркін



қайталануына және көбейіп кетуіне жол бермеу мақсатында оларды республика көлемінде үштен аспайтын және олардың қайтыс болған күнінен бастап бес жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асыру, нысандарға есімдер берілген күнінен бастап он жыл өткенде ғана қайта өзгерту, қалаларға, қала үлгісіндегі кенттерге, аудандарға адам аттарын бермеу секілді талаптар қойылды. Дегенмен бұл тұжырымдаманың да тиімсіздігінен 2007 жылдан 2013 жылдар аралығында атау беру, қайта атау жұмыстарына бірнеше дүркін мораторий жарияланды. 2013 жылы ономастика мәселелеріне қатысты кейбір заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, біршама жұмыстар жүргізілді. Онда негізінен жасалған өзгерістер: республикалық және облыстық ономастика комиссиялары ғана қалдырылып, аудандық, қалалық комиссиялар жойылды. **Атау беру, қайта атау жұмыстарын іске асыруда жұртшылықтың пікір-ұсыныстарын ескеру маңыздылығы арттырылды. Сондай-ақ бір әкімшілік-аумақтық бірлік көлемінде бір атауды бір рет қана беру талабы енгізілді.** Бұл өз кезегінде жергілікті деңгейде ғана танымал тұлғаларға атау беруді бәсеңдетті. Алайда, нысандарға кісі есімін беру бүгінгі күні әлі де болса үлкен мәселеге айналып отыр. Аса танымал емес кісілердің есімдерінің нысандарға қойылып кету оқиғаларын болдырмауға қолданыстағы заңнамалар әлі де болса дәрменсіз. Сондықтан да, оны жетілдіру мақсатында 2015 жылы атау беру, қайта атау жұмыстарына Үкімет тарапынан кезекті рет шектеу жарияланды. Бүгінгі күні кісі есімдерін беру мәселесіне қатысты төмендегі ұсыныстар қаралу үстінде:

1. Елді мекендер мен мемлекеттік мекемелерге кісі атын бермеу;
2. Кісі атын беруді мүлдем тоқтату. Оның орнына нөмірлік не болмаса тарихи атауларды қою;
3. Мемлекеттік деңгейде еңбегі сіңген тұлғалардың шектеулі тізімін бекітіп, нысандарға солардың ғана атын беру;
4. Кісі қайтыс болғаннан кейін оның есімін нысандарға 10 жыл өткеннен кейін, тіпті болмаса шет елдік тәжірибеге сүйене отырып, (Жапония) 50 жылдан кейін ғана беру;
5. Атау беру кезінде тек мемлекеттік деңгейдегі қызмет өтілі мен мемлекеттік марапатының болуын талап ету;

Бұл ұсыныстардың барлығы заң шеңберіне сыя қоюы екіталай. Мұның көбісі Конституциямызда белгіленген адам құқықтары бостандықтарына қайшы келеді. Кісі есімдерін беру кезінде талас-тартыс, дау-дамай секілді мәселелер бұған дейін де болған және бола да береді. Оны шешудің екі жолы ғана бар. **Біріншісі:** жоғарыдағы ұсыныстарда көрсетілгендей нысандарға кісі есімін беруге мүлдем тиым салу, **екіншісі:** билік өкілдерінің, атау беру, қайта атау жұмыстарына жауапты тұлғалардың, ономастика комиссиялары мүшелерінің ой-санасы, таным-қабілеті, білімі, біліктілігі мен ұстанымдарының объективті, ашық және жоғары деңгейде болуы.



Уақыт өткен сайын қоғамның ономастика саласына қоятын талабы да жоғары. Бүгінгі таңда өткен уақыттардағы жетістіктеріміз бен жасаған жұмыстарымыздың мөлшерімен шектелуге болмайды. Алдымызда әлі көптеген істелінетін іс-шаралар бар. Көне тарихи ескерткіштерге бай еліміздің, жеріміздің тарихи атауларын зерттеп, зерделеумен қатар кеңес үкіметі кезеңінде өзгеріске ұшыраған және жаңадан пайда болған атауларды қазіргі саяси және тарихи ұлттық көзқараспен електен өткізіп, қажет болса атауларын өзгерту, ел тарихында елеулі істер атқарған ерен тұлғаларымыздың есімін өскелең ұрпақ санасында жаңғыртып, олардың еңбектерін барынша ұлықтау баршамыздың басты парызымыз болып қала бермек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Телғожа Жанұзақ. «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» Алматы. «Сөздік-Словар» ЖШС. 2010 жыл
2. Иманбердиева Сәуле. «Тарихи ономастикалық кеңістік» Алматы. «Сөздік-Словар» ЖШС. 2010 жыл
3. Жартыбаев Асылбек. «Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясы» Қарағанды. Болашақ-Баспа. 2008 жыл
4. «Жер-су атауларының анықтамалығы» Алматы. Арыс баспасы. 2009 жыл.
5. Қарағанды облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы. Қарағанды. Doffin. 2008 жыл.
6. «Жер шежіре» Қарағанды. Қарағанды мемлекеттік университеті. 2006 жыл.



**НҰРША ОРАЗАҚЫНОВА**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы*

## **«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы және тәжірибелік алаң**

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу. Жасөспірімдердің шығармашылық тұлғасының белсенді бағытын оның тек сабақтарға жалпы қатынасы және оның қажеттілігі мен мұқтаждығы ғана емес, сондай-ақ білімді тәжірибелік іскерліктерді қабылдау мен меңгеру үрдісінің өзі де анықтайды. Оның ішінде таңдау курстары – шығармашылық ізденістің алғашқы баспалдағы. Қандай да бір таңдау курсына қатысқан оқушының өзіндік талпынысы, ізденісі болары анық.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – әрбір балаға болашақ мамандығына байланысты тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың тұжырымдамасы баланы жан-жақты дамытумен бірге жеке және жас ерекшелігіне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді, мұндағы басты міндет – баланың жалпы және өзіне ғана тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану.



Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-тарауындағы 41-баптың 1-бөліміндегі «педагог қызметкерлер өз біліктілігін арттыруға міндетті» деп көрсетілуі, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында Елбасының «біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек» деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамытуды өзекті мәселелер етіп енгізіп отырғаны белгілі. Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы – ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жанашыл мұғалім керек.

2006-2007 оқу жылында Қазақстан мектептерінде жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын біртіндеп енгізудің маңызды кезеңі басталды. Бейіндік оқытуға көшу, «оқытуды даралау мен оқушылардың әлеуметтенуіне бағытталған, жалпы білім беру мекемесінің жоғарғы сыныбы оқушыларын арнайы дайындау жүйесі» құрылды. Бейіндік оқыту бір немесе екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Бейіндік оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалімнің төмендегідей кәсіби білімі мен іскерлігі болуы керек:

- оқытудың тұлғалық-бағдарлық, жеке-даралық құзырлығының әдістемелік негізі мен оларды жүзеге асырудың механизмін меңгеруі қажет;
- базалық және бейіндік деңгейіндегі пән бойынша білім мазмұнын, элективтік курстарды әзірлеу мен ұйымдастырудың әдістемесін жете білуі керек;
- оқушылардың жобалық, ғылыми-зерттеушілік қызметін ұйымдастырудың әдістемесін білуі тиіс;
- педагогикалық әдебиетердің жаңалықтарын, оқытатын пән бойынша қосымша ғылыми материалдарды оқып-қарастыру, жаңа бағдарламалар мен оқулықтарды қарастыру, оның талаптары мен ерекшеліктерін анықтауы қажет;
- жұмыс дағдыларын компьютерде қолдану, сабақта оқытудың техникалық құралдарын пайдалану, ғылыми-зерттеу тақырыбымен жұмыс істей алулары керек.

Педагогтер мен оқушыларды базистік оқу жоспарының бейінді компоненті бойынша қазіргі оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету бейіндік оқытуға көшудің өзекті және тез шешуді талап ететін мәселесі болып табылады. Бейінді компонент мазмұны мен білім беру стандартының талаптар жүйесіне



сәйкес келетін курстар, оқу пәндері, модульдер, оқытылатын элективтік курстар жиынтығынан тұрады.

Элективтік курстарды оқытудың мақсаты – оқытуды дараландыру мен оқушының әлеуметтенуіне бағдарлану, өзінің болашақ кәсіби қызметін таңдауға жауапты және саналы түрде дайындалу. Элективтік курстар әр түрлі функциялар орындай алады: қазіргі уақыттың негізгі мәселелерін зерттеу; болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігіне бағдарлану; «кәсіби сынама», танымдық, ұйымдастырушылық қызметінің дағдыларын жетілдіруге бағдарлану; базалық пәндік білімнің тереңдетілуі. Жасыратыны жоқ, элективтік курстар әлі де болса өз дәрежесінде оқытылмай келеді. Оның өзіндік объективті және субъективті жағдайлары бар. Сондықтан бүгінгі таңда өткізілетін арнайы және таңдау курстары өзекті мәселеге айналууда. Ол курстар белгілі бір технологияны басшылыққа алып жүргізілсе оның нәтижесі жоғары болмақ.

Осыған орай Астана қалалық Білім басқармасының Білім беру мекемелері тәжірибелік алаңдарының жұмысы туралы 2013 жылғы 28 тамыздағы №478 бұйрығы негізінде №71 «Мөлдір» балабақшасы, №4 мектеп-гимназия, №8 орта мектеп, №66 мектеп-лицей, 2014-2015 оқу жылынан бастап №74 мектеп-гимназиясы және Алматы облысы, Талғар ауданындағы №49 жалпы білім беретін орта мектеп «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы тәжірибелік алаңына енгізілді.

Тәжірибелік алаң төрт кезеңді қамтиды:

- 2013-2014 жж. Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тәжірибеге енгізу жолдарын зерттеу (Дайындық кезеңі).
- 2014-2015 жж. Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тәжірибеге енгізу (Іс-әрекет кезеңі).
- 2015-2016 жж. Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тәжірибеге енгізу (Іс-әрекет кезеңі).
- 2016-2017 жж. «Сатылай кешенді оқыту технологиясы – сапалы білім беру көзі (Қорытындылау кезеңі).

Тәжірибелік алаң жұмысының негізі мақсаты: Балабақшаның мектепалды даярлық топтарынан бастап тіл дамыту жұмыстары мен бастауыш және орта буында негізгі пәндерден бейіналды даярлықтың интеграциялық түрде оқыту курсы Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы тиімді енгізу.

Осы мақсатты негізге ала отыра, іс-әрекет кезеңінде бірнеше міндеттерді жүзеге асыруды жоспарладық. Атап айтқанда:

1. Сатылай кешенді талдаудың түрлі амал-тәсілдерін, әдістемесін меңгеру;
2. Ана тілі негізінде екінші, үшінші тілдерді меңгерудің негізін қалау;
3. Технология негізінде білім сапасын көтеру.
4. Мұғалімдердің шығармашылық тобын құрып, әдістемелік кешен дайындау және тарату.



5. Білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін, талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби, көркем сөйлеуге дағдыландыру.

6. Таңдау курстарының оқу-әдістемелік кешендерін мұғалімдер ұжымымен бірлесе дайындап, оқу үрдісіне енгізу.

Осы бағытта жазылған «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының оқу-әдістемелік кешендерінде білім алушылардың теориялық материалдарды ғылыми тілде баяндап жеткізуіне, ой ұшқырлығына, шешен сөйлеуіне негіз қалайды. Тәжірибелік алаңның жоспарында белгіленгендей бірнеше пәннен оқу кешендері жасалып, оқу үрдісіне енгізілуде. Бір мақаланың көлемі көтермейтіндіктен тек қазақ тілі пәні бойынша жасалған кешенмен таныстыра кетуді жөн көрдік.

Оларды атап айтар болсақ, **қазақ тілі пәні бойынша:**

- 1 сыныпта «Фонетикалық бірліктерді сатылай кешенді талдау»; екінші сыныпта «Фонетикалық, морфологиялық бірліктерді сатылай кешенді талдау»; үшінші сыныпта «Сөзжасамдық бірліктерді сатылай кешенді талдау»; төртінші сыныпта «Синтаксистік бірліктерді сатылай кешенді талдау». Бұл таңдау курстарының мақсаты қазақ тілі пәні бойынша базалық білімді кеңейту, тереңдету, оқушылардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру, танымдық дүниесін кеңейту.

- 5-11 сыныптарда «Тілдік бірліктерді ғылыми негізде сатылай кешенді талдау». Бұл курсты алудағы мақсат – білім алушыларға тіл білімі салаларын ғылыми негізде меңгертумен қатар түрлі білім сайыстарына, пәндік олимпиадаларға және Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау.

Бірінші сыныптан бастап қазақ тілінен жоғарыдағы аталған тақырыптар бойынша талдау үлгілері үйретіліп, сөздік қорын байытып, логикалық ойлауын жетілдіріп, танымдық көкжиегін кеңейту үшін білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып мол лексикалық материалдар беріледі. Мақаланың көлемі көтермейтін болғандықтан мұғалімдерге, студенттерге, оқушыларға қажет болар деген оймен талдау үлгілерін толық беріп, лексикалық материалдарды ұсынбадық. Сондай-ақ, талдауға алынатын сөз де білім алушыға ой салатындай, күнделікті өмірде қажеттілігіне жарайтындай, ұлағатты сөздер болуы жағына да ерекше мән береміз. Төменде сондай үлгіде жасалған талдауларды беріп отырмыз.



*Ибрахим (Абай Құнанбаев) мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан қадірі азырақ болды. Олай болмағанда бұл данышпан, ғұлама, философ еді. Қор елде туды да қор болып кетті.*

*Ш.Құдайбердіұлы*

**Абай**

Әдістеме аясында

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **Абай**.
2. Тұлғасына қарай – **Абай** – *негізгі түбір*. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – адам есіміне берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – *атау септігінің* нөлдік тұлғасы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *атауыштық мағына*.
7. Абай *кім?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз* – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалқы есім. Себебі, адам есімінің жекелеп, даралап аталуы.
  - ә) Жанды. Себебі, тіршілік иесі.
  - б) Деректі. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын деректі ұғым атауы.
  - в) Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады.



*Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының газырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.*

Мұхтар Әуезов

## Халық

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **халық**. 2. Тұлғасына қарай – **халық** – **негізгі түбір**. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізі бөлігі
3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана негізі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – табиғаттың бір бөлшегі, тіршілік иесі, адамдар тобына берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – **зат есім**.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – **атау** септігінің нөлдік тұлғасы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – **атауыштық мағына**.
7. **Кім?** деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – **зат есім**. **Зат есім дегеніміз** – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі, біркелкі деректі ұғымның жалпылай аталуы.
  - ә) Жанды. Себебі, тіршілік иесі.
  - б) Деректі. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын деректі ұғым атауы.
  - в) Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады.



*Қазір Абайды қайта оқып жатырмын. Артында өлмейтін мұра қалдырған. Неткен дана еді?! Қанша оқысаң да ойдың шым тереңіне тартып отырады.*

Д.А.Қонаев

## Ойдың


Әдістеме аясында

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: *ой + дың*.
2. Тұлғасына қарай – *ой* – *негізгі түбір*. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – дерексіз ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – (*-дың*) ілік септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *иелік мағына*.
7. *Ненің?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз* – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі, біркелкі дерексіз ұғымның жалпылай аталуы;
  - ә) Жансыз. Себебі, тіршілік иесі емес;
  - б) Дерексіз. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болмайтын дерексіз ұғым атауы.
  - в) Нақты емес. Себебі, дерексіз болған нәрсе нақты болмайды.



*Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық азғарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиарат етер, халық пен Абай арасы күшті махабатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар.*

Міржақып Дулатов





*Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес  
 Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
 Қарадан хакім болған сендей жанның  
 Әлемнің құлағынан әні кетпес!  
 ...Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
 Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
 Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,  
 Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.*

Мағжан Жұмабаев

### Жанды

Әдістеме аясында

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: *жан + ды*.
2. Тұлғасына қарай – *жан* – *негізгі түбір*. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – деректі ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – *(-ды)* табыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *жананама объектілік мағына*.
7. *Кімді?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі, біркелкі деректі ұғымның жалпылай аталуы.
  - ә) Жанды. Себебі, тіршілік иесі.
  - б) Деректі. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын деректі ұғым атауы.
  - в) Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады.



*Поэзияда, музыкада, қоғамдық – азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшіпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының гасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды.*

*Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.*

Мұхтар Әуезов

## Музыкада


1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: *музыка* + *да*.
2. Тұлғасына қарай – *музыка* – *негізгі түбір*. Себебі...
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі...
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – жартылай деректі ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – (*-да*) жатыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *жанана объектілік мағына*.
7. Музыкада неде? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі...
  - ә) Жансыз. Себебі...
  - б) Жартылай деректі. Себебі, құлақпен естіп, тыңдауға болатын жартылай деректі ұғым атауы.
  - в) Нақты. Себебі, жартылай деректі болған нәрсе нақты болады.



*Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу – Абай тағлымын бағындырудан басталмақ. Абай қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ой-толғамында ешкім жетпейтін заңғар.*

М.Мағауин

**Танудан**



Әдістеме аясында

1. Бұл сөз үш құрамнан тұр: *таны + у + дан*.
2. Тұлғасына қарай:
  - а) *таны – негізі түбір*. Себебі,...
  - ә) *тану – туынды түбір*, себебі, синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен негізгі түбірге сөз тудырушы (-у) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған туынды түбір.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана туынды түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – дерексіз ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – (-дан) жатыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *жанама объектілік мағына*.
7. Танудан *неден?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі,...
  - ә) Жансыз. Себебі,...
  - б) Дерексіз...
  - в) Нақты емес. Себебі,...



*Абай әлемге ашылған терезе еді. Оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді. Тек қана ақынға ғана тән, тек қана біліммен суарылған ақылға тән қабілетпен, романтикке тән жоғары сезімталдықпен халық өмірінің өзгеруін, найзағай отының туған өлкесінде де дүр сілкіндіруін тіледі. Қамықты да. Бұл ретте де ол XVIII-XIX ғасырлардың Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар, гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты.*

Ш.Айтматов

### Біліммен

1. Бұл сөз үш құрамнан тұр: *біл + ім + мен*.
2. Тұлғасына қарай:
  - а) *біл* – негізі түбір. Себебі,...
  - ә) *білім* – туынды түбір, себебі, синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен негізгі түбірге сөз тудырушы (*-ім*) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған *туынды түбір*.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана туынды түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – дерексіз ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – (*-мен*) көмектес септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *жананама объектілік мағына*.
7. *Неден?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі,...
  - ә) Жансыз. Себебі,...
  - б) Дерексіз...
  - в) Нақты емес. Себебі,...



*Қазақта Абайдан өткен ұлы да, Абайдан өткен ғұлама да, одан өткен ғалым да жоқ. Бұрын да, қазір де Абай менің пірім, Абай менің бірім!*

*Ратбек Арынұлы*

## Пірім

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: *пір* + *ім*.
2. Тұлғасына қарай – **пір** – *негізгі түбір*. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – *дара*. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – адамдардың белгілі бір ерекше қасиетіне берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – *(-ім)* тәуелдік жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *меншіктік мағына*.
7. *Пірім кімім?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз* – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі...
  - ә) Жансыз. Себебі...
  - б) Дерексіз. Себебі...
  - в) Нақты емес. Себебі...

Әдістеме аясында



*Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.*

Зәки Ахметов

## Өркениеттілікке

1. Бұл сөз: *өркен* және *ниет* + *ті* + *лік* + *ке* болып бес құрамнан тұр.
2. Тұлғасына қарай:
  - а) **өркениет** – *туынды түбір*. Себебі, аналитика немесе синтаксистік тәсілмен **өркен** және **ниет** деген екі түбірдің бірігуінен және синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен *туынды түбірге (-ті), (-лік)* сөз тудырушы жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған *туынды сөз*.
3. Құрылысына қарай – *күрделі, кіріккен*. Себебі, ырғағы жағынан бірұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып кірігіп, тұрақталған құрама сөз.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – жалпы дерексіз ұғымға берілген атау.
  - 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
  - 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – (-ке) барыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *жанана объектілік мағына*.
7. *Неге?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім Зат есім дегеніміз ...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі...
  - ә) Жансыз. Себебі...
  - б) Дерексіз. Себебі...
  - в) Нақты емес. Себебі...

Әдістеме аясында



Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ой мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев – өз ұлтының реалист-гуманистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап өз кезінің ең басты мәселелерін дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын. Ол халқының болашағы үшін жан аямай қызмет етті, оны мәдениет нұрына бөледі. Белгілі бір тарихи кезеңнің алға қойған сұрауына жауап беріп, елінің әдебиет көшін зор мақсатқа меңзеді.

Х.Сүйіниәлиев

### Ақыл-ойы

Әдістеме аясында

1. Бұл сөз үш құрамнан тұр: *ақыл және ой + ы*.
2. Тұлғасына қарай:
  - а) **ақыл-ой** – *туынды түбір*. Себебі, аналитика немесе синтаксистік тәсілі екі түбірдің қосарлануы арқылы жасалған *туынды сөз*.
3. Құрылысына қарай – *күрделі, қос сөз*. Себебі, рит-ырғағы жағынан бірұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірігіп, тұрақталған құрама сөз.
  - 3.1. **Қосарлама қос сөз**. Себебі, екі басқа түбірдің қосарлануынан жасалған.
  - 3.2. Екі сыңары да мағыналы.
  - 3.3. Екі сыңары да қосымшасыз.
  - 3.4. Синонимдес қос сөз. Себебі, мағыналары бір-біріне жақын сөздер.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – жалпы дерексіз ұғымға берілген атау.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*.
- 6.2. Екінші грамматикалық арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – *меншіктік мағына*.
7. *Несі?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – *зат есім*. *Зат есім дегеніміз ...*
8. **Мағынасына қарай:**
  - а) Жалпы есім. Себебі...
  - ә) Жансыз. Себебі...
  - б) Дерексіз...
  - в) Нақты емес...



Қорыта келгенде, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында білім алушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін білім алушы өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей күйге түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, өздігінен ізденіп, білім алуға әрекеттенеді. Ондай жағдайда таңдау курсы арқылы алған білімдері негізгі пәндегі алатын білімдерін толықтырып, кеңейтіп, қосымша мәлімет алуға көмегін тигізеді.

Біздің пікірімізше, таңдау курстарының өз дәрежесінде жүргізілуі үшін жоғарыда көрсетілген талдау үлгілері бойынша жан-жақты ойластырылып жасалған оқу кешендері дайындалуы қажет.

### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Алматы, 2006. –97 б.
2. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” // Қазақстан мұғалімі: –2000. –№ 33-34.– 3-4-б.
3. Оразақынова Н.А. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу (әдістемелік көмекші құрал). –Алматы: РБК, 1997. –64 б.
4. Оразақынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы.. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
5. Оразақынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
6. Оразақынова Н.А. т.б. Қазақ тілі (оқу құралы). –Алматы, 2003. –174 б.
7. Оразақынова Н.А. т.б. Синтаксистік материалдарды сатылай комплексті талдау. –Алматы: Телеарна, 2005. –112 б.
8. Оразақынова Н.А. т.б. Қазақ тілі: әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған оқу құралы. –Алматы: Мектеп, 2006. –152 б.
9. Оразақынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
10. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. Монография. Алматы, Дайыр баспасы, 2007 – 289 бет.



**ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ**

*Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру - әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты*

## **Қазақ тілін үйретудің лексикалық және грамматикалық минимумдары**

Тіл дегеніміз – белгілі бір сөздердің өзара тіркесу комбинациясы. Тілдегі сөздік қордың бірліктері кейде атау тұлғада тұрып, кейде түрленіп өзара байланысқа түсетіні де, әр тілдің табиғатына сай байланысу тәсілдері болатыны да белгілі. Сол сияқты әр тілдің грамматикалық заңдылықтары да әр алуан. Әлбетте, жалпы сөздік қордағы тілдік бірліктердің қолданылу жиілігі, соған орай олардың белсенділігі бірдей емес. Мұның тіл үйретуге тікелей қатысы бар. Қазіргі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретуде әлгіндей белсенді лексика толығымен айқындалмай жүр деуге болады. Бастапқыда қандай сөздерді үйрететінімізді іріктеп алмай, тіл үйрету деген сөз, ол барар бағытыңды, аялдар бекетінді болжамай сапарға шығумен бірдей сияқты. Дәл осындай жағдай тіл үйрету әдістемесін жетілдіре алмасы түсінікті. Сондықтан ширек ғасырдай уақыт қазақ тілін үйрету нәтиже бермей келсе, оған тіл саласында жүргендердің де «үлесі» бар деп ойлаймыз. Тіл үйренушінің күнделікті қарапайым қолданысына ең қажетті белсенді лексиканы таңдау сияқты маңызды бастаманы бірлесе атқарудың қамына кіріскен жөн дер едік.

Бұл аса маңызды жұмыстың негізі тікелей болмаса да 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада көрініс тапқан. Оның «Қазақ тілін оқытудың үздіксіз моделі» атты бағытында балабақша-мектеп-орта арнаулы оқу орны-жоғары оқу орны-жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық деп ұласатын тізбесінде тіл үйретудің жалпы мемлекеттік жүйесі қарастырылған. Өкінішке қарай, осы мақсат та мемлекеттік тілге қатысты өзге де маңызды шаруалар сияқты орындалмай жатыр. Егер мемлекеттік бағдарламадағы осы бағыт орындалмайтын болса, онда елімізде тіл үйретуді жүйелеу әлі де қисапсыз



сан жылдарға созыла бермек. Ол қоғамда қазақ тіліне қатысты жағымсыз үш мәселені қалыптастырады. *Біріншіден*, мемлекеттік тілді үйрету әдістемесінде жүйелілік сақталынбайды; *екіншіден*, тіл үйрету нәтиже бермейді; *үшіншіден*, қоғамдық ортадағы «қазақ тілі - қиын тіл, оқулықтары нашар, әдістемесі әлсіз» деген жаңсақ пікір көбеймесе, азаймайды.

Мемлекеттік бағдарламада қарастырылған тіл үйретудің жоғарыда айтылған тізбесінің әр бөлігі бойынша лексикалық минимумдар қабылдануы тиіс деп ойлаймыз. Қазіргі кезде біз алдымен ең болмаса қазақ тілін білмейтін азаматтар үшін бастапқы деңгейдің осындай қажетті минимумын дайындауымыз керек. Бұл қазіргі қалыптасқан жағдайда мектептің бастауыш сыныптарында, орта, жоғары оқу орындарының бірінші курсына және ересек адамдарға арналған тілдік курстардың бастапқы деңгейінде үйретілуі керек. Мұндай тәжірибе әлемде баршылық. Айталық, Жапондарда «Дзэё кандзи», «Кейку кандзи» деген сияқты міндетті тілдік, иероглифтік міндетті минимумдары бар. Білуге тиісті тілдік минимумдарды бекіту Ресейде де қолға алынды. РФ Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі «Шетел тілі ретінде орыс тілін меңгерудің деңгейлері және оның талаптары» атты № 255 бұйрығы бұл елге сырттан келіп жұмыс істейтіндердің орыс тілін білуін міндеттейді. Осы бойынша олар 780 сөз білуі тиіс. Қазіргі халықаралық тәжірибеде, оның ішінде Қазақстанда да танымал болған ағылшын тілін меңгерудің американдық TOEFL және британдық IELTS жүйелері де белгілі бір тілдік минимумды білуді талап етеді. Атап айтқанда, осы екі танымал жүйе ауқымында 650-1000 сөзден тұратын мәтінді білу қажет.

Тіл үйретуде аса қажетті лексиканы таңдаудың ғылыми-әдістемелік дәстүрлері ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан басталады екен. Мәселен, 1921 жылы «Teachers Word Book» атты сөздігінде Ф.Л.Торндайк ағылшын тілінің жиі кездесетін 10 мың сөзін 4 миллион сөздік қолданыстан тұратын әр алуан мәтіндерден жинақтаған екен. 1930 жылы ағылшын жазушысы әрі лингвисті Ч.К.Огден Лондон қаласында ағылшын тілінің негізгі лексикасын қамтыған «Dictionary of Basic English» атты сөздігін шығарады. Бұл сөздік 850 сөзді құраған. Автордың ойынша, осы сөздер қарапайым деңгейде тілдесуге жеткілікті екен. Бұл логикалық және философиялық қағидаттар негізінде құрылған сөздікке 200 нақты зат атауы, 400 жалпы атаулар, сынды білдіретін 150 сөз, автордың қолданысы бойынша «100 сөз - оператор» енгізілген. «100 сөз - оператор» ішіне 18 етістік және басқа сөз таптарының сөздері енгізіліпті. Бір қызығы - Ч.Огден сөздігін зерделеу мақсатында 1943 жылы сол кездегі Ұлыбритания Премьер-Министрі Уинстон Черчилль мен АҚШ Президенті Франклин Рузвельт арнайы комитет те құрыпты. Егер соғыс жағдайында қос империя басшылары осындай шараға барса, онда лексикалық минимумның



тіл үйретудегі маңызының айрықша болғандығы. Ағылшын тілінің мамандары бұл сөздіктің бүгінде маңызын жоймағандығын жазып жүр. Бастапқы сөздік қорды қалыптастыруға бағытталған дәл осындай сөздіктер 1930 жылдардан бері әртүрлі авторлар тарапынан дайындалып келеді. Солардың ішіндегі аса танымал болған тәжірибелердің бірі – ағылшын тілін үйренуге арналған Эрих Вайс сөздігі. Ол ағылшын тілін үйрену үшін бастапқыда ең басты 107 сөз қажет деп есептейді. Оның пікірінше, осынша мөлшердегі сөз күнделікті ауызекі тілдің 50 пайызын қамтиды екен. Дегенмен, Ресейлік А.В. Петроченков өзінің Эрих Вайспен келіспейтінін айтып, ауызекі тілде қолданатын сөздердің 50 пайызын қамту үшін 135 сөз керек деп санайды. Оның «135 основных слов английского языка» деген кітабы көрші елде үлкен сұранысқа ие. Сонымен бірге Ресей ғалымдары, әдіскерлері ағылшын тілімен бірге неміс, француз, итальян, жапон, қытай, корей, фин, португал және тағы басқа тілдерді үйренудің лексикалық минимумдары негізінде оқу құралдарын жарыққа шығарды. Осындай мақсатты һәм жүйелі жұмыс біздің елімізде де атқарылмағы керек. Әлбетте, тіл үйрету әдістемесінің өзіндік бағыттары, тәсілдері бар екендігі белгілі. Олардың қай-қайсы да өз орнында маңызды һәм қажетті. Солардың ішінде қазақ тілінің лексикалық минимумына құрылған бұл бағыт - қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі.

Ғалымдардың айтуынша, белгілі бір тілде ең қарапайым деңгейде сөйлеу үшін адамға 400-500 сөз білу қажет екен. Мәселен, 500 сөз дейік. Енді сөздік қоры аса мол қазақ тілінен осы көлемдегі сөзді қалай іріктеп аламыз соған келейік. Осы арада сөз іріктеудің қағидаттары жөнінде келісіп алғанымыз жөн. Енді осы қағидаттарға келейік.

*Біріншіден*, әрбір тіл өзінің семантикалық жағынан белсенді лексиканы қалыптастырады. Адам бір тілде сөйлеп ойын білдіру үшін соған орай сөздерді таңдайды. Яғни, сөздердің семантикалық мәні алдыңғы қатарға шығады. Мұны сөз таңдаудың семантикалық құндылық қағидаты делік.

*Екіншіден*, әрбір тілдің өз табиғатына сай тіркесу заңдылықтары болады, демек, бұл арада біз сөздердің өзара байланысу ретіне мән беруіміз керек. Оны сөздердің тіркесу қағидаты дейміз.

*Үшіншіден*, бастапқы деңгейде тіл үйретуде ауыспалы мағынадағы сөздердің, архаизмдердің, неологизмдердің, терминдердің, диалектілердің алынбағаны жөн. Яғни, баршаға, әсіресе, өзге тілді тіл үйренушіге біз номиналды мағынадағы сөздерді ұсынамыз. Осыны тура мағыналы сөздерді ғана таңдау қағидаты деп атаймыз.

*Төртіншіден*, белсенді лексика, әлбетте, күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Мұны сөз қолданудың жиілік қағидаты деп атадық.



*Бесіншіден,* тілдің сөзжасамдық арсеналы да ескерілуі тиіс, өйткені әрбір тілдің сөзжасамдық ерекшеліктері бар. Мұны сөзжасам мүмкіндігі қағидаты деп атаған жөн.

*Алтыншыдан,* күнделікті өмірде адам әйтеуір бір ортада әрекет етеді, соған орай сөз таңдаудың тақырыптық қағидаты шығады.

*Жетіншіден,* тілдегі жекеленген сөздер тіркесуі және сөйлемге айналып қажетті ойды білдіруі үшін грамматикалық минимум да қажет. Сондықтан сөз іріктеуде грамматикалық қағидат та ескерілгені жөн. Біздің ойымызша, қазіргі таңда жоғарыда келтірілген қағидаттарға сәйкес қазақ тілін үйретудің бастапқы деңгейіне арналған лексикалық минимумдарды анықтау қажеттілігі туындайды. Егер мұндай минимум анықталмаса, тілімізді үйретудің әдістемесі тиісті жолға қойылады деп айту қиын. Сондықтан қазақ тілін үйрету саласында еңбек етіп жүрген оқытушылар, әдіскерлер, ғалымдар осындай лексикалық минимумды айқындау бағытында ізденгендері жөн деп ойлаймыз. Ол үшін сала мамандарының өздері де, тіл үйренушілер де осы бастапқы минимумға енетін сөздердің тізбесін жасауы қажет. Жүздеген, тіпті мыңдаған адамдардан жиналған мұндай тізбе сараланып, сарапталып, қазақ тілінің ең белсенді қолданылатын алғашқы 100, 200, 500, 700, 900 сөзі тиянақталуы керек. Осы сөздерді қолданып оқу құралдары мен оқулықтар әзірленуі тиіс. Лексикалық минимумға енетін жекеленген сөздерден алдымен сөз тіркестері, сөйлемдер, содан соң мәтіндер дайындалуы қажет. Егер біз қазақ тілін үйренуді енді бастаған тыңдаушыға алғашқы 100 сөзден бастап, 700-900 сөзге дейін жүйелі үйрете алсақ, онда оларды ауызекі тілде еркін сөйлеу дағдысына жеткізе аламыз.

Лексикалық және грамматикалық бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі тұрақтылығы, қайталанушылығы ол бірліктердің жиілігін қалыптастырады. Тіл үйрету барысында мұғалімдер мен әдіскерлер әр деңгейге тән осындай жиіліктің жүйесін оқу үдерісінде пайдалануы қажет. Бұл тіл мен сөйлеудің арасындағы өзіндік ерекшеліктерді аңғартуға үлкен мысал бола алмақ. Жалпы тілдік жүйе бар да, сөйлеу жүйесі бар. Әлгіндей жиілік - сөйлеу жүйесінің көрінісі. Осыдан сөйлеудің семантикалық жүйесі жасалмақ. Лексикалық минимум қалыптастыру барысында біз осыларға айрықша назар аударғанымыз жөн. Ол үшін ілгеріде аталған сөздер тізбесін жасаудың тәжірибелері жинақталуы қажет.

Тіл үйренушіге сол тілдің он мыңдаған, жүз мыңдаған сөздерінен бірнеше жүз, бірнеше мың сөз ғана іріктелініп алынып ұсынылады. Бұл - тіл үйретудегі ең алғашқы, ең маңызды әдістемелік әрекет. Яғни, мұғалім ең алдымен нені және қаншалықты көлемде ұсынуды біліп алуы қажет болса, екіншіден, сол көлемді қалай үйретуді түйсінуі керек. Осы екеуін жетік меңгерген



адам ғана жақсы оқытушы, үздік әдіскер бола алады. Қазіргі кезеңде осындай лексикалық минимумдар анықталмағандықтан, күнделікті ауызекі тілде мүлдем қолданылмайтын немесе аса сирек қолданылатын сөздер оқулықтарымыз бен оқу құралдарымызда көптеп кездеседі. Лексикалық минимумға мән бермегендіктен де сол оқулықтыр мен оқу құралдарында қажетсіз грамматикалық материалдар, қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихына қатысты материалдар шамадан тыс кездесіп жатады. Бұл тіл үйренушінің күнделікті қажетті лексикалық сұранысын ескермегендіктен туындайды. Біз міндетті лексикалық минимумды қалыптастыра алмасак, қазақ тілін үйрету саласындағы олқылықтарға бұдан кейінгі уақыттарда да жол беретін боламыз. Сондықтан осыны болдырмау үшін төл әдістемемізді жүйелі арнаға бұратын уақыт келді.

Тілдің байлығы бар да, оның қызметі бар. Біз сол байлықтың белгілі бір мөлшерін ғана алып тіл үйренушіге ұсынамыз. Тіл үйренуші біз үйреткенді күнделікті өмірде қолдана алса, ол сол тілдің қызметін пайдалана алғаны. Егер оқытушылар мен әдіскерлер қазақ тілін үйретуде ең жиі қолданылатын бастапқы лексикалық минимумға баса назар аударып, оны күнделікті жұмыстарына негіз етсе, тіл үйретудің де сапалық деңгейі артар еді. Біз осы жобаны жүзеге асыруда ең алдымен ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің назарын осыған аударғымыз келді. Әрине, бұл әдістеме саласындағы бұрын белгісіз болып келген беймәлім мәселе емес. Біздің мақсатымызды белгіліні нақтылау, барды ұқсату деп ұғынған жөн. Күнделікті қажетті лексиканы әр сабақта оқытушылар да ұсынып жүргенін білеміз. Оған қоса, «ҚАЗТЕСТ» мамандары да лексикалық минимумдар дайындаған. Бұл жұмыс үстіміздегі жылы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен орыстілді мектептерге арналған кешен ауқымында да орындалыпты. Десек те, бұл жұмыстарды орындаған авторларға құрметпен қарай отырып, әр бастаманың өзіндік ерекшелігі болатындығын айта кеткіміз келеді.

Бұл жобаның негізгі мақсаты - қазақ тілін үйренушілерге ең қарапайым деңгейде білуге тиісті бастапқы сөздік қорды ұсыну. Осы арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады деп ойлаймыз:

- белсенді лексикаға тіл үйренушілердің жіті назарын аударады;
- тіл үйренудегі жүйелілікті қалыптастырады;
- тілді игерудің нәтижелі болуына бағыт береді;
- тек қажетті лексикалық бірліктерді меңгертеді;
- қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдіруге үлес қосады.

Әрине, әр бастаманың толықтырар тұстары боларын түсінеміз. Мұндай бастамашылық жұмыстар көпке ортақ, сондықтан бұл бағытта болашақта атқарылар жұмыстарға ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің атсалысқаны жөн.

Адам санасында жекеленген сөздер емес, өзіндік тілдік семантикалық



жүйелер сақталады. Ең алдымен, біздің санамызда күнделікті ең жиі қолданатын сөздердің бастапқы қоры тұратыны белгілі. Оны «семантикалық ядро» деп атайық. Осы семантикалық ядроға сандаған ұғымдарды білдіретін сөздер жалғасады. Оны «семантикалық өріс» деп атадық. Әлбетте, бұл ұғынықты болу үшін алынған шартты атаулар. Ойымызды осы ұғымдардан өрістетсек, онда бұл жобаның ішкі құрылымы түсінікті болар еді. Атап айтқанда, қазақ тілін үйретудің ең қарапайым қолданыстағы сөздер ретінде семантикалық ядроға 137 сөз, семантикалық өріске 500 сөз енгізілді. Дәл осындай көлемді таңдауға ағылшын, француз және басқа тілдерді үйретудің әдістемелері әсер етті. Ғалымдардың айтуынша, 400-500 сөз білген адам сол тілде қарапайым ойын жеткізе алады екен. Осы лексикалық минимум бірліктерін таңдау, іріктеу барысында алынған 137 сөздің валенттілігі жоғары екені байқалады. Яғни, бұл сөздердің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндіктері мол. Іріктелініп алынған осы сөздердің лексика-семантикалық мазмұнына келсек, онда мынадай көрсеткішті назарларыңызға ұсынамыз: зат есім – 31, сын есім – 11, сан есім – 10, есімдік – 25, етістік – 15, үстеу – 18, көмекші есімдер - 7, көмекші етістік - 1, шылау – 14, модаль сөз – 4, қыстырма сөз – 1. Осыдан ең жиі кездесетін белсенді сөздердің грамматикалық топтары жөнінен де ой қорытуға боларлық.

Бұл әдістемелік жобаның өзге еңбектерден ең басты айырмашылығы – әдістемелік қағидаттар негізінде сөздердің іріктелініп алынуымен байланысы десек, қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында дәл осындай мақсатты түрде лексикалық минимум мұқият таңдалынған жұмыстың жасалмағанын айтуға тиіспіз. Осы арада 137 сөздің де, 500 сөздің де қазақ және орыс тілдеріндегі сөздігі туралы да осыны ескерте кеткіміз келеді. Өйткені әртүрлі көлемдегі және мазмұндағы сөздіктерге енгізілген сөздер олардың күнделікті сөйлесімде маңыздылығын көрсете алмайды. Осыдан барып қазақ тілін оқыту әдістемесінде арнайы оқу сөздігін дайындау қажеттілігі туындайды. Бұл - халықаралық әдістемеде кездесетін тәжірибе. Мұндай оқу сөздіктері, осы тәжірибелер көрсетіп отырғандай, деңгейлер бойынша да, салалар бойынша да дайындалуы қажет. Оқу сөздіктерінде жекеленген сөздердің, сонымен бірге сөз тіркестерінің аудармасы беріледі және олардың мағыналық қатары да қоса ұсынылады. Бұл тіл үйрету сабақтарында негізгі оқулықпен бірге жүріп тіл үйренушілердің маңызды құралына айналады.

Қазақ тілінің ең жиі қолданылатын сөздерінен құрылғандықтан, «Қазақ сөзі» деп атау берілген бұл оқу-әдістемелік құрал өзінің мақсатына орай осы нұсқаулықтан, «тірек сөздер» деп аталынған 137 сөздің қазақша-орысша тізбесінен, осы сөздерден жасалған үлгі сөйлемдер мен сөз тіркестерінен, күнделікті өмірде жиі қолданылатын тақырыптарға жіктелген 500 сөзден,



«үлгілер» деп ұсынылған өткен шақ, осы шақ, келер шақ тұлғаларындағы сөйлемдерден, тілек және қалауды білдіретін сөйлемдерден, өте қажетті грамматикалық материалдан және адамның өмір сүру аясындағы негізгі орталарға құрылған мәтіндерден тұрады. Біздің ойымызша, осындай құрылым жобаның мақсатына сай келіп, тілдік білімді игеруге қолайлы болмақ. Атап айтқанда, бастапқы 137 сөз аудармасымен бірге жатталады, ал осы сөздердің негізіндегі үлгі сөйлемдер мен сөз тіркестері ол сөздерді қолдана білуге бейімдейді. Тақырыптық негізде ұсынылған ең жиі қолданылатын 500 сөз тіл үйренушінің қарапайым деңгейде нені білуге тиісті екенін аңғартады. Егер ғалымдар мен әдіскерлердің белгілі бір тілді ең қарапайым деңгейде игеруі үшін 500 сөз қажет болатынын айтып жүргенін ескерсек, онда қазақ тілін осы көлемде білу тіл үйренудің тиімділігін арттырады. Бұл сөздер адам, есімдік, тұрмыс, орта, табиғат, қимыл, қасиет, этикет, сан, байланыс сияқты тақырыптар аясында ұсынылып, лексикалық минимум қалыптастырудың жоғарыда айтылған қағидаттары негізінде жасалынды. Адамның күнделікті әрекеті мен ортасының ерекшеліктерін мұқият талдаудан таңдалынған сөздер үйренушінің тілді қарапайым деңгейде меңгеруіне негізделген. Құралда берілген шақ категорияларындағы сөйлемдер оның ойын қарапайым деңгейде жеткізе алуына және екінші сөйлеушінің сөзін түсінуіне мүмкіндік береді. Тілек және қалауды білдіретін сөйлемдердің берілуі де құралда осындай мақсатпен ұсынылды. Берілген мәтіндерді құрастыруда, ең алдымен, 137 сөздегі, одан соң 500 сөздегі лексикалық бірліктер алынды. Әдетте, біз танысып шыққан ағылшын және басқа тілдердің 100, 200, 300, 400, 500 сөздік үлгілерінде мұндай мәтіндер ұсыныла қоймайды. Белгілі бір тақырыпқа құрылған мәтіндерді меңгеру арқылы тіл үйренуші сол тақырып аясында өзінің ойын толық жеткізе алады. Сонымен қатар мәтіндер ұсынуындағы біздің негізгі мақсатымыз – үйренушінің тілдік дағдысын бекіту және дамыту.

Бұл еңбекті өзінің сипаты жағынан әрі нұсқаулық, әрі оқу құралы дегенді жөн көрдік. Себебі оның мазмұны мен құрылымы тіл үйренушілердің қолдануымен бірге оқытушыларға да қажет деп ұғындық. Осындай мақсаттан оның құрылымы қалыптасты. Алдымен күнделікті лексикада көп қолданылатын тірек сөздер және олармен жиі тіркеске түсетін сөздер сұрыпталып алынды. Осы сөздерді үйрену арқылы әрбір тіл үйренуші қазақ тілінің ең қарапайым лексикасымен танысады. Жеке сөздерден тіркес жасау, сөйлем құрау, одан шағын мәтіндерге бару арқылы ойын жеткізе алады. Себебі оған ұсынылған сөздер - қарапайым ойын беруге қажетті ең маңызды лексикалық бірліктер. Осы арада қарапайым лексикалық минимуммен бірге бастапқы грамматикалық тұлғалардың да қажеттілігі туындайды. Сондықтан біз «Қазақ сөзінде» тиісті грамматикалық минимумды да бердік.



Өйткені тіл үйренуші жеке сөздерді жаттап алғаннан кейін ойын толығырақ жеткізу үшін сол жеке сөздерден тіркестер, сөйлемдер жасай алу дағдысын игеруі тиіс. Дәл осы арада әр тілді үйретудің өзіндік ерекшеліктері айқын аңғарылады. Тіл үйретуде бастапқы лексикалық мазмұнды ұсыну жағынан ұқсастықтар байқалғанымен, грамматикаға келгенде әр тілдің табиғи ерекшелігі үлкен рөлге ие болады. Айталық, флективті тілдерге жататын герман тілдерін үйрету мен агглютинативті тілдерге жататын түркі тілдерін үйретуде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мұндай айырмашылықтар, негізінен, олардың грамматикалық құрылысына байланысты. Латынша «*agglutinatio*» деген сөз - «жабыстыру, желімдеу» дегенді білдіреді екен, яғни, бұл тілдерде қосымшалар жалғану арқылы мағына берудің рөлі үлкен. Латынша «*flectivus*» деген сөз - «икемді» дегенді білдіреді. Яғни, флективті тілдердің мағына беру тәсілі олардың құрылымының синтетикалық типте болуымен сабақтас. Сондықтан бұл тілдердегі сөзжасам бірнеше мағына беретін флексиялардың, яғни, форманттардың көмегімен жүзеге асады. Бұл құралда қазақ тілінің осындай табиғаты ескеріліп, соған орай біз бастапқы 137 сөздің сөйлем құрау үлгілерін ұсындық. Онымен «Үлгілер» тарауынан таныса аласыздар. Осы үлгілердің тіл үйренуші үшін тиімділігі – олардың қарапайым сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Әр үлгінің жоғары жағына қолданылатын сөздердің тізбесі беріліп, одан соң өткен, осы, келер шақтардағы формалары орналастырылды. Әр үлгі үшін белгілі бір әрекетті білдіретін етістік сөз алынды. Мәселен, алу, оқу, келу, айту, білу деген сияқты. Ал оларға тіркесетін сөздер сырттан емес, осы оқу құралына енгізілген қазақ тілінің белсенді лексикасынан алынды. Мәтін құрастыруда да осы қағидаттың мықтап ескерілгенін айта кеткіміз келеді.

Оқу-әдістемелік құралға енгізілген 500 сөз арқылы қаншама ойды жеткізуге болатындығын аңғару қиынға соқпайды. Яғни, осының өзі тіл үйрету әдістемесіндегі сұрыпталған лексикалық минимумның маңыздылығын дәлелдейді. Мұндағы басты қағидат дұрыс таңдалған аз сөз арқылы да көптеген ойларды жеткізуге болатындығына көз жеткізеді. Философияның қағидасы бойынша үнемдеудің қай түрі болса да, түптің түбінде уақытты үнемдеуге әкелетіні түсінікті. Алдымен 137 сөзді, оған қажетті сөздерді қосып барлығы 500 сөзді жаттау тіл үйрену үшін аса қиын шаруа емес. Ал сол 500 сөзді қолданып күнделікті өмірдегі қаншама әрекетті білдіруге болатыны бұл бастаманың тіл үйренуші үшін қызғылықты болары сөзсіз. Егер осы 500 сөзді компьютермен тізбектей терсек, онда ол А4 форматындағы 1,5 бетке сияды, бағанмен терсек, бірнеше бет қана болады екен. Үлкен көлем емес. Мәселе осы сөздерді қалай ұсынуда. Біз осы арада бұл оқу құралының әдеттегідей сабақтардан немесе оқу блоктарынан тұрмайтынын ескертеміз.



Қазақ тілін оқытудың барлығы дерлік оқулықтар мен оқу құралдары тақырыптық, деңгейлік қағидатқа негізделген. Бұл дұрыс. Бірақ біз сол тақырыптар аясындағы, деңгейлер ауқымындағы қажетті сөздерді белгілі бір әдістемелік, ғылыми қағидаттар негізінде іріктеп алып жүрміз бе, әлде әйтеуір тиянақты таңдаусыз қамтып жүрміз бе деген сауалға жауап іздесек, онда оқулықтарымыз бен оқу құралдарымыз да сөз таңдаудың қағидаттары ескерілмейтініне көз жеткізер едік. Егер тілдің жеке сөздерден тұратынын аксиома деп түсінсек, онда тіл үйретудің ең басты өлшемі де, қағидаты да, ережесі де қажетті сөзді таңдау болмақ. Осы тұрғыдан келгенде бұл оқу құралының басты мақсатының бірі – ең алдымен, сала ғалымдарына, әдіскерлеріне, оқытушыларға ой салу. Егер осы оқу құралымен жіті танысқан әріптесіміз осы қағидатқа мән берсе, оны күнделікті жұмысында қолданысқа енгізе, біздің сеніміміздің ақталғаны. Сол әріптестер оқу құралының жетіспей жатқан жақтарын да тауып, әділ ескертпе, шынайы сын айтып жатса, ондай әріптестерге алғысымызды білдіреміз. Бұл осы оқу құралын дайындаған авторлардың ғана бастамасы болып қалмауы керек. Оны жетілдіру, дамыту, әдістемедегі осы қағидатты жалпының ұстанымына айналдыру - қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан өзіміз байырғы да бай, бейнелі деп жиі айтатын тілімізді ана тілін білмейтін қандастарымызға, мемлекеттік тілді білмейтін отандастарымызға дұрыс, тиімді жолдармен үйрете алсақ, онда еңбегіміздің ақталғаны. Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамытудың қоғамдық-саяси жұмыс комитеті жанындағы Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы мамандары халықаралық тәжірибелерді саралау барысында осы жобаны қолға алған болатын. Оның нәтижесі қолдарыңызда, әріптестер. Онымен танысу, дұрысы мен бұрысына уақытылы пікір білдіру, біз мән берген осы әдістемелік бағыттың қазақ тілін үйрету саласындағы арнасын кеңейту ортақ мақсатымыз деп түсінеміз. Сондықтан әріптес ағайыннан орайлы пікірлер күтеміз.



**БАҚЫТЖАН ХАСАНОВ**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **КӨНЕ РУ-ТАЙПА СӨЙЛЕНІМДЕРІ - ХАЛЫҚТЫҚ ТІЛДІҢ БІРМЕ-БІР НЕГІЗІ** (глоттогенездік аңдатпа)

**Тіл мен сөйленім** (речь) - адамзат мәдениетінің жемісі, олардың **глоттогенездік мәселелерін** әлеуметтік лингвистика мен эволюциялық лингвистика қиылысынан қарастырған жөн.

Тілалды (предъязык), тілашар мәселесіне жалпы тіл атаулының тегіне бет бұрғанда жорамалға (гипотеза) бой алдыра отырып, глоттогенез мәселесін шешу барысында эволюциялық көзқарасқа ойысып барып тілдік эволюцияның **синтетикалық теориясын** жасауға болады<sup>1</sup>.

Адам мен адам тілінің тегі өзара тікелей байланысты. Демек, осы тұрғыдан алғанда, глоттогенез бен антропогенез – аталас ғылымдар. Сөйленімнің негізі (ерекшеліктері) бірыңғай болып келеді, өйткені адамның қалыптасу үдерісі, **ойлауы мен сөйлеуі** сол сияқты **бір бағытта** қалыптасқан, ал нақты алғанда, әр түрлі ұжымдар мен топтардың сөйленімдері әр түрлі болғаны күмәнсіз<sup>2</sup>.

Адам қазіргі түріне енген кезде (homo sapiens), шаруашылық пен қоғамдық қатынастардың жаңа түрлері пайда болуына байланысты, тас дәуірінің (палеолиттің) кейінгі кезеңінде **ру топтары** қалыптасты. Қазақ «Адам күні –адаммен» дейді, рулардың **өзіндік сөйленімі** осы негізінде жасалған.

Қазақ халқының құраған ру, тайпалардың ең ежелгі түрі адамзат тарихы кезеңдерінің соңғы 40 мың жылының кейінгі мыңжылдықтарында пайда болған қуатты материалдық, рухани мәдениет негізінде дүниеге келсе ке-

<sup>1</sup>Д а и л е н к о В.П. От предъязыка– к языку. Введение в эволюционную лингвистику. – СПб: Алетеин, 2015.

<sup>2</sup>Б а р а н н и к о в а Л.Н. Введение в языкознание. – М.: Книжный дом «Либроком», 2010. 338-бет.

<sup>1</sup>Осипов В.Единный язык человечества.-М.:ООО «Издательство Пилигрим –Пресс», 2003. 5- бет

<sup>2</sup>Осипов В.Единный язык человечества.-М.:ООО «Издательство Пилигрим –Пресс», 2003. 5- бет



рек. Сол мәдениеттің жасампаз рухани құралы, мүмкін, тіл емес, сөйленім шығар. Мәдениетті алғашқы таратушы мен тіл эволюциясы, олардың әр деңгейінің эволюциялары мәдениет эволюциясына тең дәрежелі байланысты емес. Тілдік эволюция ішкі жағдайларға (факторларға) да бағынышты. Мәденигенездің тікелей ықпалы негізгі тілдік деңгейдің дамуына – жанама түрде ықпал етеді. Бұл ретте ішкітілдік үрдістің өзіндік әсері болады.

Ежелгі ру, тайпаларға байланысты «тіл» дегеннен гөрі «сөйленім» (речь) сөзін қолданған жөн сияқты. Бұл ретте тілдің қатынас құралы ретіндегі біртіндеп дамуын, яғни эволюциясын ескердік. Атап айтқанда, көпсөзді сөйлем құруда сөзсаптаужасамның (фразообразование) үш кезеңнен, атап айтқанда, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік кезендерден тұратыны қаперге алынды. Міне, осы ретте екінші кезең арнаулы сөз табы көрсеткіштерін жасауды талап етуі мүмкін, алғаш пайда болған үш сөз табы сапында зат есім, етістік және сын есім болды деген сөз бар.

Тілдің мәдениет саласындағы қызметі әр тілдік деңгейдің, атап айтар болсақ, дыбыстық, **сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және мәтіндік** деңгейлердің әрқайсысының эволюциялық даму шамасымен өлшенеді. Барлық деңгейдің даму үрдісі мәдениет эволюциясына тәуелді емес, кей жағдайларда ішкі факторларға да байланысты болып келеді.

Нақты даму жолымен қалыптасқан этнос тілінің тегін сол этностың ежелгі ру, тайпалық деңгейлеріндегі сөз саптау мен сөйленімдерінен іздеу керек.

Кез келген табиғи тілдің, қандай да даму жолдан өтпесін, арғы тегі біреу – ол рулық-тайпалық сөйленім, сондықтан да сол ру, тайпадан тараған адамдар, қандай да жоғары этникалық даму деңгейінде болмасын, өзара түсіністікте қатынас жасай береді. Өзге туыс ру, тайпадан тарағандардың бұл ру, тайпа өкілдерімен түсіністігі толық болмай қалуы да мүмкін. Тілдік даму жіктелуі (дифференциация) осындайда пайда болады.

Адамзатта бір тіл, адамда екі тіл бар, бірі–қаусырма жақ арасындағы дәм айыратын қызыл тіл, екіншісі сөйленімді танытын ми тілі. Мидағы тілді ауыздағы тіл дыбыстандырады. Әлем тілдері үшін сөйленімжасам тәсілі бірыңғай: тілдік бірліктер (жадында сақталған таңбалар жиынтығынан алынған таңбалар) сөйленім ағымынан тұратын сөйленім бірліктерін ағыту үшін үлгі қызметін атқарады.

Тіл деген – таңба, өзінен шығарып алып тікелей жұмсайтын өзіндік құралы жоқ, оның арқа сүйер қаруы әрі жан серігі – сөйленім, сөйленім әрекетінің әлемді билейтіні де хақ, билей беретініне де иманымыздай сенген абзал. Тіл мен сөйленім – екеуі екі басқа құбылыс, бірақ бірінсіз бірі болмайды.

<sup>4</sup>Қараңыз: О с п а н о в С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелер.: – Алматы: Арыс, 2009.



Айта кеткеннің артығы болмас, бала біртүлді болып туады, ол – ауыздағы тіл, миы ақ қағаздай таза болады.

Қоршаған ортадағы адамдар оны күн санап дыбыстық дабылмен (сигналмен) түршіктіреді де тұрады, ал оның іздері жадында қалады. Солар сөздерді айтуға апаратын жалғыз аяқ жол салады. Мидағы тіл, тіс сияктанып, өзінен-өзі өспейді. Оны өсіруді дән себетін құнарлы топырақ дайындаудан бастау керек. Баланы қоршаған ортадағы адамдар оның жадына дыбыстық бейнелер мен таңбалық бірліктердің белгісін қалдырады. Не ексең – соны орасың. Бала қай тілдік ортада болса – сол тілде сөйлейтін болады<sup>3</sup>.

Қазақ «бала тілі – бал» дейді. Мағыналы сөз. Бірақ балада тіл емес сөйленім (речь) болады. Басқа халықтар кездейсоқ «бала сөйленімі» (детская речь) демейді. Ғылыми тұрғыдан келгенде, бізге де осылай деген жөн болар еді.

Алғашқы табиғи сөйленім біткеннің бәрі жанұялық, тұрмыстық салада, алғашқы еңбек үдерісінде, әлеуметтік қатынастарда қоданудан бастау алып, бірыңғай аталастардан тұратын ру деңгейінде, сол ру мекендеген кеңістікте өзіндік қолданысқа ие болады, бара-бара қолданыс көлемі әр ру сөйленімінде түрлене сипат алады. Ал рулардың сөйленімдері негізінде тайпаға, одан әрі тайпа бірлестігіне айналуының, олардың сөйленімдеріндегі лингвистикалық, социолингвистикалық ортақ сипаттың пайда болуы да заңды құбылыс. Бұл құбылыстың ғылыми сипаты өзінше.

Кез келген халықтық әдеби тілдің әлеуметтік қызметінің түрліше болуы әлеуметтік және тілдік ортаға тікелей байланысты. Әр тіл сөйлерменінің дамуы, өзгетілді адамдармен қатынасына қарай, жағрафиялық хәм әлеуметтік жағдайларға орайласқан анатілді немесе бисөйленімге (биречье) құрылған болуы да мүмкін. Мұндайда, бисөйленім жағдайында, қатынасқа түскен екінші тілдік сөйлермендер тобы да ана тілін жоғалтпайды, өздерінің тарапынан – бисөйленімге еркіндік береді. Нәтижесінде бұл халықтар өз кеңістігінде ана тілін сақтай отырып, аса тиімді екіжақты бисөйленім орнатады.

Арғытүркі – ежелгі қазақ ру, тайпаларының ықылым заманнан қалыптасқан этникалық тарихи-рухани-мәдени тілдік құндылықтары онтологиялық, әлеуметтанулық, философиялық тұрғыдан талданып, әдіснамалық қисыны жүйелену, сипатталу үстінде<sup>4</sup>. Ал қазіргі қазақ тілінің арғытектілік (архетиптік) негізі (өзегі) арғы-бергі игілікті сөздерін зерттеуге бетбұрыс жасалған жоқ. Шынын айту керек, біздің тіл мамандарымыз қазақ тілі тарихын зерттеуде жергілікті тілдік ерекшеліктер (диалектілер) мен ортатүркі материалдарын тілге тиек етеді, кейбір ғалымдар көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін тиіп-қашып әңгімеге тартады. Біздіңше, ең болмағанда, бергі ата-тек сөйленімдері – қазақ халқын құраған ежелгі ру,



тайпалардан мұраға қалған сөзсаптау әлемінен суыртпақтап әлеуметтік лингвистикалық сыр тартып, оны қисындық-әдіснамалық әңгімеге арқау етуден бастаған абзал.

Бір әулеттен тараған, қандас, аталас ел *ру* деп аталғаны белгілі, әр рудың өз сөйленімі болған. Руға байланысты сөздер мен сөз тіркестері, қос сөздер, мақал, мәтелдер, ғибрат сөздер ру этникалық тобы мен ру генетикалық бірлестіктері заманында пайда болған. Мысалы, қазақ «у ішсең – руыңмен» дейді (мағынасы- не көрсең де руыңмен бірге көр). «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген мақал және бар (мағынасы – ауыздан шыққан сөз көпшілікке тарайды). Сондай-ақ ру тілі, ру тартысы, рулы ел, ру-соят (ата тек) т.с.с.

Рулар өзара араласпай тұра алмады. Сол кезде, қазіргі қазақтардай, рушілік некелесуге тыйым салынған екен. Тек басқа ру мүшелерімен некелесуге рұқсат етілген. Бұл жағдайлар әр түрлі ру сөйленімдерінің өзара байланысын туғызды. Араласқан және көрші орналасқан рулардың өзара байланысуының нәтижесінде олардың сөйленімдері ортақ сипат ала бастады. С.П. Толстовтың сөзімен айтқанда, «алғашқы лингвистикалық толассыздық» («первобытная лингвистическая непрерывность») түріндегі құбылыс көрініс берді.

Рулар бірлестігі мен аталастардан құрылған этникалық қауымдастық *тайпа* деп аталған. Әр *тайпаның* өз сөйленімі болған. *Тайпалар бірлестігі*, онымен мәндес *тайпалар одағы* болғаны белгілі. Заманында бір тайпадан шыққандар мен бір тайпаға қарайтындар *тайпаластар* атанған.

Қазақы ру, тайпалар үздіксіз бірлестіктерге бас біріктірген, соның кейінгі көрінісі – «үш жүз» атты саяси бірлестік. Үш жүздің әртекті ру-тайпа сөйленімдерінен халықтық тілдің қалыптасу үдерісінде сөйленімдердің елеулі айырмалары өшіп, ақыры толық *бірыңғайланады*. Бұл жағдай ғылымда *сөйленімдер мен тілдердің бірігуі* (интеграция) ретінде сипатталады.

Бір ғажабы, қазақта әр ру-тайпаның төл сөйленімі болуы тілдік әртүрлілікке әкеле алмаған. Қазақтың кең даласы, келбеті мен табиғи-географиялық жағдайы күрделі болса да, тайпа бірлестіктері мен үш жүз саяси одағының орталықтандырылған *билік тілі* қалыптасты сонымен қатар мәдениет пен фольклор саласында ортақ тілге де қажеттілік пайда болды.

Қоғам өмірінің рухани қажеттілігін біртіндеп өтейтіндей *әдеби тілдің белгілері* көрініс бере бастады. Мұны нақты дәлелдеуге болады. Қазақ ру-тайпалары тарих сахнасында өте ертеден көрінген сияқты. Қазақ тайпалары ішіндегі ең үлкені Үйсіндер одағы, солармен қатар Қаңлы, Қыпшақтар б.з.д. IV-II ғасырдан белгілі. Жетісу жерінде өмір сүрген көне түркі тайпаларының бірі – V-VIII ғасырлардағы көне орхон-енесей түркілерінің әулетінен тараған



Дулаттар. Қытай тарихына сүйенсек, Арғындар (қытайша – *а-лунь*) V ғасырда өмір сүрген. Монғолия, Қазақстан мен Орта Азия тарихында ерекше орыны бар түркі тайпасы – Найман. Алшындарға жергілікті жерде өмір сүріп келген Адай, Кете, Кердері, Шөмекей, Беріш деген рулар қосылды. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Керейдің бір тармағы ауып барып, «Керейт» деген атпен Алшынға бірікті. Кіші жүздің ұлығы болып Алшын белгіленді, себебі олар сан жағынан өзгелерден көп басым еді.<sup>1</sup>

Алшындардың ежелгі мекені – Алтай. X ғасырда Алшындардың бір бөлігі Қыпшақтармен бірге батысқа қарай аттанып, Мысырға дейін барған. Ондағы мәмлүктер әулетінің үстемдігін орнатуға атсалысқан. XII-XIV ғасырларда Алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының негізін қаласқан.

Кіші жүз Он екі ата Байұлы бірлестігі ру – тайпаларының этностық тарихи тамыры ежелгі заманнан, яғни Алтай дәуірінен бағзы түркілермен байланыстырыла сипатталған.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> С ә д і б е к о в З. Қазақ шежіресі. Ташкент 1994. 128-129 беттер (Мына кітап бойынша; Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк – Пресс, 2008).

<sup>2</sup> С ә р к е н о в а К. Байұлы бірлестігінің этностық тарихы.-Алматы: Қазақ университеті 2012.

Үйсін тайпасының өз мемлекеті біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырда Жетісуда пайда болған. Тарихшы Х. Әділгереевтің айтуынша, «үйсін тайпасы басшылық еткен тайпалардың одағынан тұратын мемлекет пайда болды. Үйсіндердің бұл мемлекеті Арал-Каспий даласындағы тайпаларды біріктірген мемлекеттің құрамына осы атаумен кіріп, кейін Ұлы жүздің негізгі ядросын құрған болатын. IX-XII ғғ. аталған территорияда қыпшақтармен біріктірілген мемлекет негізі үш бөліктен тұрған немесе Үш жүзден – Ұлы, Орта және Кіші жүздерден тұрды. Осы Үш жүз кейін XV ғасырда, яғни Моңғол мемлекеті – Алтын Орданың ыдырауынан барып, **қазақ** атауына ие болды...»<sup>1</sup>

Ал қазақ халқы, Х.М. Әділгереевтің пайымдауынша, б.з.д. II ғасыр мен

<sup>1</sup> Ә д і л г е р е е в Х. Қазақ халқының қалыптасуына орай // ҚазССР ҒА Жаршысы 1951.№1.92-94-беттер.

<sup>11</sup> М у с а б а е в Г. Становление и развитие казахского литературного языка // Вопросы казахской диалектологии. Алматы, 1952. 12-15 бб. Мына кітап бойынша: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. 119 – бет. – Алматы, 1959.

<sup>2</sup> А м а н ж о л о в С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. 121 – бет.

<sup>3</sup> С о н д а. 121- 122 – беттер.

<sup>4</sup> А м а н ж о л о в С. Аталған еңбек, 120-бет.

<sup>5</sup> А м а н ж о л о в С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. 36-бет.



б.з. XII ғасыры арасында пайда болған («Вестник АН КазССР. 1951, №9. 74 – бет»). Ол бұл пікірін академик Н.Т. Сауранбаев пен профессор Ғ.Ғ. Мұсабаевтың пікірлеріне сүйеніп айтқан. Мысалы, Н.Т. Сауранбаев кезінде қазіргі қазақ тілін кейбір ерекшеліктеріне байланысты **көне қыпшақ тілінің жалғасы** (субстраты) ретінде қалыптасқан деп қараған (Вестник АН КазССР. 1952. №6. 19 – 20-беттер). Біздіңше, қазақ ру, тайпа сөйленістері мен қыпшақ тайпасы сөйленісінің (тілінің) арасының тым жақын екендігіне ортатүркі жазба ескерткіштерінің тілдік мәліметтері куә болады. Ал Ғ.Ғ. Мұсабаев «современный казахский язык, несомненно, возник на базе уйсунского диалекта, ... что уйсунский диалект стал основой казахского языка в V веке н.э., с тех пор диалекты в казахском языке исчезли, а единый общенародный язык казахов оформился.»<sup>1</sup> Ал С.А. Аманжолов мынадай қорытындыға келген:

I. «Задолго до нашей эры на территории Сибири, Казахстана, Средней Азии жило множество тюркских народов и племен, как ответвления от единого ствола...

II. Примерно с IV века до н.э. в силу возрастающей плотности населения и роста количества поголовья скота, тюркские пастушеские племена очень часто то объединялись, то разъединялись... Причем до образования прочных союзов племен их состав менялся по несколько раз...»<sup>2</sup>

III. Современный казахский язык образовался на базе трех территориальных диалектов, носителями которых являлись три союза племен, куда входят все племена, в том числе и уйсуны, и кыпчаки.»<sup>3</sup>

Қытай деректері бойынша, көне заманда Талас бойында Қаңлы тайпасы тұрған, көне түркі жазуын пайдаланған, талас жазуы қаңлылардікі екені күмәнсіз.<sup>4</sup>

Профессор С. Аманжоловтың пікірінше: «Современные Дулаты – прямые потомки древних орхоно – енесейских тюрков V-VIII веков, которые свое до монгольское название «Ду-Лу» получил от имени заподно-тюркского кагана Ду-Лу (умершего в 683 г.).»<sup>5</sup> Ғалым бұдан әрі былай дейді: «Орхонские, Таласского – селенгинские надписи, относимые нами к государству Дулатского союза пелемен, следует признать первым образцом письменности языка древних племен казахского народа.»<sup>1</sup>

С. Аманжолов қазақ тілі мен «көне түркі ескерткіштері» тілінің ұқсастықтарын нақты мысалдармен дәлелдейді (*ертіс*, *кісі* сөздерінің *с*-мен айтылуы. *Алматы* сөзінің (*Алмалы* орынына) *т*-мен айтылуы, «көне түркі» ескерткіштеріндегі *барты* сөзін (*барды*, *алды* орынына) еске түсіреді. Міне, бұл сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

<sup>1</sup> К ә р і б а е в Б.Б. Қазақ хандығы құрылуының этникалық негіздері жөнінде // Қазақ хандығына 550 жыл. «Қазақ хандығы дәуірі: тіл әдебиет және тарих» атты ғылыми танымдық дөңгелек үстелдің материалдары. Алматы, 2015.18-19 – беттер.

<sup>2</sup> С о н д а. 23-бет



Қазақ халқының негізін құраған ру, тайпалар көптеген елдерге тараған және олар қай елде болмасын, өз атауымен аталады, олардың сөйленімдері сақталған, танбалары мен атаулары қоса аталған. Мысалы, хронологиялық жағынан ең көне 1509 ж. Ферғанада жазылған Сайф ад-дин Ахсикентидің «Маджму ат-таварих» атты еңбегінде Өзбек ұлысындағы көшпелілердің құрамында 92 тайпа тізімі берілген, соның ішінде, маңызына қарай, Жалайыр тайпасы 4-, Қоңырат 6-, Алшын 7-, Арғын 8-, Найман 9-, Қыпшақ 10- болып жалпы тізімнің ішінде алғашқы он тайпа арасында аталады, бұдан басқа тоғыз тайпа (Табын, Тама, Рамадан, Үйсін, Телеу, Кердері, Қаңлы, Оймауыт, Шеркес) солардан кейінгі орын алған. Өзбек этно-қауымдастығы ыдыраған кезде қазақ этно-қауымдастығы бөлініп шыққан.<sup>1</sup>

Сүйтіп, ғалым Б.Б. Кәрібаевтың сөзімен айтқанда, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырап, одан ордаежендік тайпалар тобының бөлініп шығуы, сөйтіп олардың «Қазақ» деген этникалық мәндегі атаумен жеке дербес саяси құрылымға – Қазақ хандығына этникалық негіз болуы алып келеді.<sup>2</sup>

Қазақтың тайпалар одағынан тұратын жүздері V – VIII ғасырдағы түрік қағанаты кезеңінде пайда бола бастады.

*«Ұлы жүз: албан, суан, жалайыр, қаңлы, шапырашты, шанышқылы, сіргелі, ошақты, қатаған, сарыүйсін; ноқтаұстары – жалайыр.*

*Орта жүз: арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ, қоңырат; ноқтаұстары – тарақты.*

*Кіші жүз: он екі ата Байұлы (адай, алышын, жаппас, масқар, беріш, таз, есентемір, алаша, байбақты, ысық, ызылқұрт, тана, шеркеш.); алты ата – Әлімұлы (шөмекей, шекті, төртқара, қаракесек, кете, қарасақал); жеті ата – Жетіру (жағалбайлы, кердері, табын тама, керейіт, тілеу, рамадан) атты рулардан тұрады», – деп көрсетіледі. (Ш е ж і р е // Ана тілі. 1991)*

Қазақтың көшбасшысы руларынан тұратын **Ноқта ағалары** (*Жалайыр, Тарақтылар мен Әлімұлылар*) ешқандай артықшылықты пайдаланбаған, қайта, керісінше, өз топтарында екінші қатарда болып келген.

Ұлы жүз өмірінде *Дулаттар*, әсіресе *Қаңлылар* көрнекті рөл атқарған, батырлар, қолбасшылар мен саяси жетекшілер солардың арасынан көп шыққан.

Орта жүзде *Арғындар* мен *Наймандар* көрнекті рөл атқарған.

Кіші жүзде *Алышндар* арасында *Байұлылықтар* бірінші орында болды.

<sup>1</sup> Мына кітап бойынша: . Қ а й д а р Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. 431 – бет.

<sup>2</sup> А м а н ж о л о в С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959.9-10, - 12-20 – бб.

<sup>3</sup> Қараңыз: Қ а й д а р Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. 440-441 бб.

<sup>4</sup> Қараңыз: Қ а й д а р Ә. Аталған еңбек. 444-445 – беттер.



Ғалым Ә. Қоңыратбаевтың құла-дала қазақ жері шығыстан батысқа қарай үш аймаққа бөлінетінін айта келіп былай дейді: Бірінші бөлік: **Ұлы жүз** (дала) – **Үйсін даласы**. Ол Жетісу жері: Шығыс – Қаратал өзені, батысы – Шу мен Қаратау, Балқаш өңірі. Бұған Қаратаудың Шыршық, Ангрэн, Сыр, Арал өңіріне созылған **Қаңлы даласы** қосылды. Бұл даланы ежелден **Үйсін** мен **Қаңлы** мекендеген. Олар көне **Ғұнның** тұстасы. Кейін бұл өңірге Шығыстан **Жалайыр** тайпасы келіп қоныстанды. Осы үш үлкен тайпаның негізінде **Ұлы жүз** (*Үлкен орда*) құрылды. Ұлығы жалайыр елі болды. Ұлы жүздің таңбасы – «Жалау» [П] (ту), ұраны – Бақтияр... Екінші бөлік: **Орта жүз** (дала) – Қыпшақ даласы. Кейін ол «Оғыз-Қыпшақ», «Дешті Қыпшақ» атанды. Бұған Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Арғын және Моңғол ішінен шыққан Қоңырат деген алты тайпа енген. Олардың ұлығы Арғын болған. Үшінші бөлік: **Кіші жүз** (шекті дала) – Алшын даласы. Бұл даланы негізінен Шыңғыс хан заманынан бұрын шығыстан батысқа қарай Қыпшық – Қаңлыға қосылып, үдере көшіп келген Алшын тайпасы жайлады.<sup>1</sup>

Үш жүздің арғы атасы ерте замандардың өзінде-ақ сөзге, сөйленімге, тілге еркеше мән берген. Ерте замандардың өзінде-ақ *«тіл тас жарады, тас жар-маса, бас жарады», «Басқа бәле тілден»* деген де екен.

Ру, тайпа сөйленімдері өте бай. Осының бәрі тілде қолданыла бермейді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, тайпа саны Ұлы жүзде – 23, Орта жүзде – 24, кіші жүзде – 33. Демек, сексеннен аса тайпа ішінде сан алуан ру бар, барлығының өзіндік **атауы** мен **таңбасы, ұраны** бар.<sup>2</sup> Бір ғана Қаңлы тайпасының сөйленімінде қырықтан астам атауы бар, олардың баршасы бір буынды **кан / канг / қаң** (өзен мағынасындағы апеллатив) түбір сөзден тараған және барлығы да **қаңлы** этносына қатысты ұғымды білдіреді. Олардың тізімі жасалған.<sup>3</sup>

Бізге керегі – Қаңлы сөйленімінде кездесетін тайпаның тармақтары мен этностық (аталық, рулық, әлеуметтік т.б.) топтарының атаулары. Атап айтқанда, сексенге жуық атау тізімге енген.<sup>4</sup>

Қазақтың ру, тайпа сөйленіміне тән төл лексикалар алуан түрлі, солардың бәрі «этносөздердің» өзі, кем дегенде, үш мың үш жүз – төрт мыңдай бірліктен тұрады. Атап айтқанда, үш жүз тайпа атауы, үш мың ру атауы, соларды қамтитын жүз, ру, тайпа атауы бар, «*Ұлы жүз*», «*Орта жүз*», «*Кіші жүз*» атау және бар.

Қазақы ру-тайпа сөйленімдерінде бейнеленген мұралар мыңдаған атаулар мен ауызша әдебиет, ауыз әдебиеті, мақал-мәтел, шешендік, ғибрат сөз үлгілері және олардың ұзын-ырғасы біздің заманымызға өз мәртебесін сақтай отырып жетті.

Қазақ ру-тайпа сөйленімдері қолданылған нақты **өмір салалары** бізге белгілі, олардың кейбіреуін атауға болады. Солардың ішінде ерекше бір қолданылу саласы – сөз өнері мен ауыз әдебиеті.



Руға байланысты шығармалар аз емес. Мысалы, «Айман-Шолпан» жыры, ондағы рубасылары – Маман мен Көтібар.

Әлбетте, «Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандардағы патриархалдық-рулық құрылыс кезінде Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Керей, Қыпшақ замандарында әр рудың өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін күрескен адамдардың істерін ерлікке айналдырып жыр еткен»<sup>1</sup>-, дейді Қ. Жұмалиев пен М. Ғабдуллин.

Тайпалық эпостардың негізінде ел тілегі жатады. Ғалымдарымыз «Қобыланды», «Алпамыс», т.с.с жырларының негізгі идеясы өз Отанын басқа елдердің шабуылынан қорғау, жау қаншама көп, қаншама күшті болса да, жырда халық өз батырларын үстем етеді. Эпостар негізінде елдік мәселесі де жатады. Ал елдік күші бірлікте, сол себепті тайпа «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген.

Тайпалық эпос – тайпа мәселелеріне арналған тайпаның төл шығармасы. Бірақ ол жатқа айту барысында немесе көшірулерден кейін бір нұсқа негізінде бірнеше нұсқаға айналуы мүмкін. Барлық нұсқада ру, тайпа өзгеріссіз қалады. Мысалы:

Кешегі өткен заманда,  
Қаракыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай  
Халықтан асқан болды бай...

Жаз жайлауы Көзді көл  
Көзді көлді жайлаған  
Қалың Қыпшақ жағалай...

(Қазақ эпосы. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958, 23 бет). Немесе:

Бұрынғы өткен заманда  
... Жиделі Байсын жерінде  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай шықты

Тоқсан мың екен қорасы

...

Ұлыңның аты Алпамыс

<sup>1</sup> Жұмалиев Қ., Ғабдуллин М. Қазақ эпостары туралы//Қазақ эпосы.-Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958, 9-10 беттер;

<sup>1</sup> Асқар О. Қара өлеңнің қайнары // Қара өлең, - Алматы:Жалын, 1997. 4-бет.

<sup>2</sup> Сонда .5-бет;

<sup>3</sup> Сонда.



Қалмақтармен болар қас...

(Қазақ эпосы. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. 224-бет).

Немесе

Алпыс үйлі Арғынның  
Токсан үйлі Тобырдың  
Қабыл болды тобасы.  
Қайнады майға қазаны  
Қарақасқа жем беріп  
Қамбардың бар деп тұлпары  
Алашқа барды дабысы,  
Кедейсің деген кісіге  
Қылмайды батыр намысты.

(Қазақ эпосы. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. 418-бет).

Тек мәселесі барлық қазақ эпосына тән деуге болады.

Қазақ ру-тайпа эпостарының басты кейіпкерлерінің бірі – басты кейіпкерлі (мысалы, батырлардың жары). Олар кейде батырдың көмекшісі, кейде ақылшысы (Құртқа), кейде батырға дем беруші, қиын-қыстаудағы серік, жанқиысар досы (Ақжүніс), қайсы бірде алды-артын болжағыш, батырды жұртқа үлгі, елге тұлға деп қарайтын ақылды әйел бейнесінде суреттеледі (Назым). (Қазақ эпосы. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. 15-бет)

Қазақтың «**Қара өлеңі**» – көненің көзі. Мұндағы «Қара» атауы осы арада заттың түсін білдіретін негізгі мағынасынан әлдеқайда кең ұғымда. «Қара өлең, Оразақын айтқандай, - әлемнің алғашқы қалпы, ежелгі, байырғы деген ұғымды білдіреді. Демек, «қара өлең – дегеніміз – ежелгі сөз ұланту. Байырғы өлең – өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз»<sup>1</sup> Ал «Өлең» ұғымы болса, ол бізге тозбай жеткен, тегі көне Қыпшақ тайпасы сөйленімінің «ұла» деген сөзі.

Ру-тайпа ақындары:

«Қара өлеңге келгенде қақалмаймын,  
Күндіз-түні өлеңнен бас алмаймын.  
Іріктелген алтындай өлеңімді  
Көрінгенге қор қылып шаша алмаймын»,- деген ғой.

<sup>1</sup> А с қ а р О. Қара өлеңнің қайнары // Қара өлең, - Алматы:Жалын, 1997. 18 бет.

<sup>1</sup> И л ь м и н с к и й Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия// Ученые записки Казахского университета. Т.III. Казань, 1861. 108-бет.

<sup>2</sup> На память о Н.И.Ильминском. Казань, 1982. 149-бет.



Қара өлең – арғы тегі ру мен тайпадан тараған арғы ауыз әдебиетінің мұрасы. Сол ауыз әдебиетінің арғы атасы – қара өлеңмен ұштасқан эпостық поэмалар мен тұрмыс-салт жырлары. Керек десеңіз, қара өлеңнен де ықшам мақал-мәтелдердің өзінде қара өлеңнің нышаны бар. Ауыз әдебиетінің ең әріден келе жатқан түрлерінің бірі – айтыс, ол да қара өлеңнің бел баласы.<sup>3</sup>

Қазақ «ұлы ақын өзінің ұлттық топырағында туады» деп тегін айтпаған, мұнда қазақ өлең-жырларының түп атасы болған қара өлеңге уызына жарығандық ескерілген.

Шіркін, қара өлеңнен ғұмыр бойы нәр алу үстіндегі ақынымыз Оразақын тауып айтқан: «Қара жердей мәңгі, қара жолдай даңғыл, қара таудай байырғы, қара ормандай қалың қазақтың қара өлеңін қара шаңырақтай қастерлеп, көзіміздің қарашығындай сақтайық» 1. Өйткені «Қара өлең – қазақтың ежелгі ру- тайпасының байырғы сөз саптау мен халықтық әдеби тілінің қак төріндегі мәңгі өшпес өзіндік өнері.

Тікелей қазақ тайпаларының тіліне, сөйленіміне байланысты бөгде ұлт ғалымдарының тартымды пікірлері баршылық. Бірер мысал келтірелік. Академик Василий Васильевич Радлов түркі тайпалары халықтық әдебиет үлгілері туралы еңбегінде («Образцы народной литературы тюркских племен» Т.Ш. СПб, 1870) қазақ туралы «... смотрит на ритмическую речь как на высшее искусство в мире» деген екен.

Радлов В.В. «Сибирские древности...» (СПб., 1986) еңбегінде «қазақтардың өткен жүз жылдығы тарихынан бізге мәлім болып отырғандай, егер де ол шетсіз, шексіз далада соншалықты тентіреп көше берген, соншалықты ұрыстар мен шапқыншылықты басынан өткерген болса, онда кез келген отырықшы тайпа баяғыда-ақ қырылып-жойылып кеткен болар еді, көшпенділер үшін бұл бақытты кезең болды, өйткені нақ осы жағдайларда қазақтардың байлығы тасып, ықпалы артқан.

Кең байтақ далада өмір сүрген қазақтардың тілі жағынан да тұтас бірлікте болып, Каспий теңізі мен Жоғары Ертіс қазақтары тіліндегі диалектілік айырмашылық онша-мұнша аңғарылмайтынын» атап көрсеткен.

Қазақ тілін зерттеген Николай Иванович Ильминский қазақ көшпенді тайпасының шешендік сөзін мадақтап былай деген: «...красноречие и поэзия, всегда просветавшие в кочевых племенах, значительно развиты и у киргизов (казахов – Б.Х.)...».<sup>1</sup> Тағы бірдегі айтқан сөзі осы пікірін еске түсіреді: «... я полюбил киргизский (казахский – Б.Х.) язык, характерный, сохранивший в себе много следов древнего тюркского быта... Киргизская степь окончательно воспитала во мне уважение вообще к народному языку, на который я стал смотреть как на подлинный документ для лингвистических исследований, тогда как книжный язык представляет более или менее искусственную, случайную смесь разных языков и наречий».<sup>2</sup>

Қазақ хандығы тұсында ру-тайпа тілдері мен сөйленімдері қазақтың



халықтық тіліне айналды. Бұл ретте Академик Р.Ғ. Сыздықтың сөзі әлеуметтік лингвистикалық сипатты болды: «Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққанда оған қызмет еткен тіл – қазақ тілі болды, өйткені бұл тіл – осы хандықты құрған қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, найман, керей, жалайыр, тағы басқа да ру-тайпалар сөйлейтін тіл болды. Қазақ тілі аталған ру-тайпаларды бір-бірімен табыстыратын ұйытқы хандықты құрған күштердің бірі болған дейміз, – дейді ол. Сонымен қатар бұл тіл қатынас құралы ғана емес, хандықтағы жұртшылықтың (адамдардың) мәдени-рухани талабын өтейтін толыққанды әдеби тіл болған. Тіл бұл сипатқа хандық құрылған кезден бұрындары ие бола бастаған. Өйткені тіл және оның өзі немесе қарапайым тіл, әдеби тіл, ауызша тіл, жазба тіл деген түрлері бір сәтте, бір жылда пайда болмайтыны мәлім».<sup>1</sup> Осы орайда ғалым былай дейді: «XV-XVIII ғасырлардағы өлең-толғауларда және осы жыраулардың аузынан шыққан деп танылатын бірқатар батырлар жырларында бұл күнде қалың оқырманға түсініксіз жеке сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Олар тек сол ғасырларда пайда болған сөздер емес, негізінен, әріден келе жатқан, XV ғасырдан бұрын толғап өткен ақын-жыраулардан келген көрікті сөздер».<sup>2</sup>

Қазақтың халықтық тілі – бірыңғай, біртұтас (монолит) тіл. Бірақ қазақ халқын құраған әр түрлі ру, тайпалардың сөйленімдерінен нәр алған алтын дәндер енген. Олардың халықтық тілдегі орыны айқындары да бар әлі күнге тұспалдап табуға болатындары да кездеседі, ал дені ежелден барлық ру, тайпаға ортақ болып орныққан.

Қорыта келгенде айтарымыз сол-ежелгі қазық ру-тайпа сөйленімдерінің қазіргі қазақтың халықтық тілі мен аймақтық сөйленісі құрамында сақталған сарқыншағын алтай тілдері жанұясының төл мұрасы ретінде алып, қазіргі 35 түркі тідері мен диалектілерімен және жазба түрде сақталған 6 көнетүркілік, ортағасырлық ескерткіштер тілдерімен қабаттастыра айналысқа түсірсек, ол *қазақтың халықтық тілінің ұстынына* айналады. Бұл - бір. Екіншіден, *алтай тілдерінің арғы тегін* (архетип) анықтауда, үшіншіден, олардың алтай тілдері жанұясының өзге этностармен *тілдік қатынасын* айқындауда өз үлесін қосады.

Қазақ ру, тайпаларының шығу тегі, көне түркі тайпаларына туыстық қатынасы туралы алуан түрлі пікірлер кездеседі, оларды сараптап бір қорытындыға келу – уақыт уағызы.



*Альманахтың бұл айдарында тілдің адам мен қоғам өміріндегі маңызы туралы жазылған классикалық еңбектер ұсынылады. Бұл айдарды немістің ұлы ойшылы, жаңа бағыттағы тіл білімінің негізін салушы Вильгельм фон Гумбольдт еңбегімен бастадық, себебі, тіл мен ұлттың ажырамас бірлігін, халықтың өзіндік «менінің» тілде сақталатынын алғаш ғылыми негізде дәлелдеген ғалымның ойлары біздің тіліміздің бүгінгі өзекті мәселелерімен сабақтас екендігі түсінікті. Сонымен бірге, осындай еңбектерден соң халық пен тілдің ажырамас бірлігін аңғартатын афоризмдерді де жариялап тұрмақпыз.*

Вильгельм фон Гумбольдт

## **Адамзат тілдері құрылымының ерекшеліктері және оның адам баласының рухани дамуына ықпалы туралы**

Адамзат баласының халықтар мен тайпаларға бөлінуі және олардың тілдері мен диалектілерінің айырмашылығы өзара сабақтас, дегенмен олар тағы бір үшінші жоғары деңгейдегі құбылысқа да тәуелді болады, ол – мейлінше жаңа, мейлінше жиі жасалып тұратын адамның рухани күші...

Сандаған халықтар тілдерінің пайда болуындағы тәсілдердің ортақ шешімдері көрініс табатын тілдерді салыстырмалы түрде зерттеуде, олардың алуандығын мұқият зерделеуде, егер тілдің халық рухын қалыптастырумен байланысы қарастырылмаса, онда олардың өзінің жоғары мақсатына жетпегені.

Халықтың шынайы болмысына және тілдің ішкі байланысына бойлау... жалпы рухани ерекшеліктерді зерттеуге бүтіндей тәуелді.

Тіл ішкі өзіндік таным мен көріну үдерісінде болатын ішкі болмыстың органы, болмыстың өзі.

Тіл өзінің тамырындағы барлық нәзік өскіндерімен халық рухымен байланысты және соңғысы тілге мейлінше кеңірек ықпал еткен сайын оның дамуы заңдырақ әрі аса бай болмақ.

Тіл өзінің өзара тәуелді байланыстарында халықтың тілдік санасының жемісі болатындығы жөніндегі көзқарасқа бармайынша тілдің пайда болуының ішкі тыныс-тіршілігін, оның аса маңызды ерекшеліктерінің қалыптасуын толықтай шешу мүмкін емес.

Бұл арада тілдерді салыстыра зерттеуге материал іздеудің қажеті шамалы, өйткені, ол өзінің табиғаты жағынан тек тарихи болатындығы белгілі; бірақ бұл арада тек осы жолмен ғана құбылыстардың бастапқы байланысына бойлаймыз және тілді іштей өзара байланысты организм ретінде танимыз, бұл өз кезегінде әрбір құбылысқа жекелей дұрыс баға беруге мүмкіндік жасайды.



Тілдің жасалуы адамзаттың ішкі қажеттілігімен сабақтас. Ол адамдардың қоғамдағы сыртқы қарым-қатынасының құралы ғана емес, тіл адамдардың табиғатымен бітiскен және оның рухани күштерi мен көзқарастардың қалыптасуының негiзi. Егер әрбiр тiлдi, сонымен бiрге тiлдер қатарын адамның осындай қажеттiлiгiн өтеуiнен туған қадам дейтiн болсақ, онда адамзаттың тiл жасаудағы қуаты толықтай және iшiнара қашанда адамзаттың қажеттi талаптарын толық қанағаттандырғанша жалғаса бередi. Осы сипатқа орай, тiптi өзара тарихи ешқандай байланысы жоқ тiлдер мен тiлдiк семьяларды олардың жасалу үрдiсiндегi әр түрлi деңгейлер деп қарауға боларлық. Олай болса, сыртқы жағынан бiр-бiрiмен бiрiкпейтiн құбылыстардың байланысын олардың шығармашылық даму қуаты өрiстейтiн жалпы iшкi себептерiнен iздеу қажет. Тiл жалпыадамзаттық рухани күштi үнемі қозғалысқа түсiретiн, ынталандыратын құбылыстардың бiрегейi. Басқаша айтқанда, бұл арада тiлдi толық ашу үшiн оның қызметiн ашуға талаптанған дұрыс.

...Тiлдердiң тууы рухани күштiң пайда болу себептерiмен орайлас және тiл қашанда рухани күштi ынталандырушы принцип. Тiл және рухани күштер бiр-бiрiнен жеке тұрмайды және бiрiнiң соңынан бiрi ермейдi, олар сананың бөлшектенбейтiн қызметiн құрайды. Өзiнiң тiлiн адам қызметiнiң құралы ретiнде еркiн қалыптастыра отырып, халық сонымен бiрге қандай да бiр биiкке жетедi; көркем шығармашылықтың жолы мен саналылыққа жете отырып, керiсiнше, халық ендi тiлге ықпал етедi.

Халық тiлiнiң рухани төлтумалылығы мен құрылымының бiр-бiрiне терең енiп кеткенi соншалықты, нәтижесiнде олар бiр-бiрiнен өрiстеп отырады. Саналы әрекет және тiл өзара бiр-бiрiн қанағаттандыратын формаларды ғана жасап шығуға ықпал етедi. Тiл халық рухының сыртқы көрiнiсi; халықтың тiлi - оның рухы, халықтың рухы - оның тiлi, дәл осылар сияқты бiр-бiрiне тең нәрсенi табуды елестетудiң өзi қиын. Олардың бiртұтас және бiздiң түсiнiгiмiз жетпейтiн бастаулар екенiн ұғыну бiз үшiн түсiне алмайтын мәселе. Олардың қайсысының басымдықта екенiн анықтауға әрекеттенбей-ақ, халықтың рухани күшiнен бiз нақты анықтаушы принциптi және тiлдердiң әр түрлi болуының шынайы негiзiн аңғаруға тиiспiз, өйткенi халықтың рухани күшi оның өмiрлiк және дербес құбылысы болса, ал тiл соған тәуелдi.

Тiл - халықтың мұраттары мен көзқарастары құйылған, сақталған және ұрпақтарға берiлетiн құтысы.

И. Гердер

Халықтың тiлiне шабуылдау – оның жүрегiне шабуыл жасау деген сөз.

Г. Лаубе



Әр адамның ана тіліне деген қатынасынан, оның мәдени деңгейі ғана емес, азамат ретіндегі бағасы да аңғарылады.

К. Паустовский

Тіл – «менің» және әлемнің қосылатын тұсы.

Х.Г. Гадамер

Не атау, не діни сенім, не бабалар қаны адамды бір халықтың өкілі ете алмайды... Кім қай тілде сөйлесе, ол сол халықтың өкілі.

В. Даль

Тілді өзгерту – ойлауды өзгерту.

С. Аверинцев

Тіл – болмыстың ұясы.

М. Хайдеггер

Әрбір тіл – белгілі бір логика.

Э. Золя

Халықтың мәңгілігі – оның тілінде.

Ш. Айтматов

Адаммен оның түсінетін тілінде сөйлессең, сен оның басымен сөйлескенің, егер оның ана тілінде сөйлессең, онда жүрегімен сөйлескенің.

Н. Мандела

Тіл – халықтың аса зор қазынасы. Оны бағаламау туған халқын құрметтемеумен бірдей.

И. Мелеш

Отан деген, бәлкім, ең алдымен тілің болар.

Мартин дю Гар, Роже

Белгілі бір аумақтағы әрбір тілдік бірлік қашан да алдыңғы саяси бірліктің нәтижесі.

Ортега-и-Гассет



**Сырым Датұлы – 1712-1802 жылдары өмір сүрген қазақтың батыр әрі шешен биі. Шыққан тегі Кіші жүздің Байбақты руынан. Байбақты ішінен Әйтімбет, одан Шолан. Шоланнан Түкіш, Дат, Есенбай, Байторы, Даттан: Адамбай, Сырым, Амантай, Жомарт, Базарбай, Барлыбай, Жандыбай, Дүйімбай, Қорлыбай, Қалдыбай, Шыбынтай деген он бір ұл тарайды. Туған ауылы Сарыой. Орал облысы, Жымпиты ауданы. Дат момын орта шаруа, есті кісі екен. Ал, анасы адуынды, бір ауылды сөзімен де, ісімен де билеген ақылды бәйбіше болыпты. Сырым жеті-сегіз жасынан ақ естілігі, сөз тапқыштығымен ел аузына ілігеді. Өсе келе сол өңірдегі билер, шешендер, сұлтан, хандарды тани жүріп, олардан шешендік тапқырлықты, ел билеу ісін үйренеді. Сол билердің кейбіріне өзі іздеп барып, бата, жөн-жосық алады.**

Бірде Сырым бала сол өңірге батырлық, билік атағы жайылған Малайсары батырға сәлем бере барады.

- Уа, қай баласың?

- Даттың баласымын.

- Қой жая алмайтын жаманнан қолақпандай ұл туды деп еді, сірә, сол боларсың?

- Болсақ, болармыз. Бірақ бір құшақ отыннан бір оқтаулық мүсін шығады деуші еді. Әкем жаман болса, сондай-ақ болар. Өзіңді қазыналы қарт екен деп келсем, қазымыр қарт па едің?

- Бала, әкең нашар болғанмен шешен пысық еді. Күндіз келген жиырма адамды, түнде келген жиырма адамды ренжітпей атқарушы еді, шешене тартқан боларсың.

- Шешем пысық болса, оның несін айып көрдіңіз? Әкем би болмаса да, би түсетін үй болыпты. Шешем күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні режітпей аттандырса – қырық адам екен, қырықтың бірі қыдыр деген, онда қыдыр дарыған болар. Шалдар үш түрлі болады деуші еді: қазымыр шал, қадырсыз шал, қыдырымпаз шал. Өзіңіз соның қайсысыз?

- Балам, сынайын деп айтқан бір-екі ауыз сөзімді көңіліңе алма. Жаманнан жақсы туады – адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады – бір елтіре алғысыз. Сен де маған шалдың үш түрін айтып қарсы сын қойдың ғой. Кісінің қадірін өзінен сұрамас болар. Қадірсіз десең – халқымнан сұра; қыдырымпаз десең – көршімнен сұра; қазымыр десең – кемпірім өліп, келінге қараған жетім шалмын, келінімнен сұра. Енді келген жұмысыңды айт.

Сырымның көңілі жадырап сонда былай депті:

- Аулыңның алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең, аулыңда ақылды қарт боса, жазулы хатпен тең деуші еді. Сәлем беріп, бата алғалы келдім.

- Жарайды, балам! «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар». Ақыл қуып сөз бастайын деген бала екенсің, атқа мініп, ел бастайын деген бала екенсің. «Ақыл жастан, асыл тастан»



шығады деген, алдыңнан жарылқасын. Шиеленген түйінді, шиыршықталған қиынды шешіп, елдің ісін тындыратын, жаудың белін сындыратын әділ би, айтулы кісі бол, аумиын!» - депті Малайсары қария.

\*\*\*\*\*

Сырым Үргеніштің ханына барып жүз көріс қылған. Хан Сырымның атағына сырттай қанық: «Қазақтың өзі шешен, өзі батыр кісісі», – деп естиді екен. Хан Үргеніш шешені мен Сырымды айтыстырыпты:

Үргеніш шешені:

– Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не? – деп сұрайды.

Сырым батыр:

– Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ,

Жол анасы – тұяқ! – деп жауап береді.

Үргеніш шешені:

– Дау мұраты не?

Сауда мұраты не?

Қыз мұраты не?

Жол мұраты не? – дейді.

Сырым батыр:

– Дау мұраты – біту,

Сауда мұраты – ұту.

Қыз мұраты – кету,

Жол мұраты жету, – дейді.

Үргеніш шешені:

– Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, оныңыз не? – деп сұрайды.

– Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз? – дейді.

Үргеніш шешені:

– Сізді екі аяқты, бір тілді адам баласы жеңді ме? – дейді.

Сырым батыр:

– Сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам Сырымды күнде жеңеді, – дейді.

**Қаз дауысты Қазыбек би – қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би Әз Тәукенің**



*тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.*

Біз - қазақ деген қырда қой баққан елміз,  
Жүйрік жаратып, қымызға бие байлатқан елміз.  
Дәм-тұзды ақтай білген,  
Достықты сақтай білген,  
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!  
Төрімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Туырлыққа ту іліп,  
Қыннан қылыш суырып,  
Көк найзаның ұшына күлтелі үкі таққан елміз!  
Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз,  
Басымыздан сөз асырмаған елміз!  
Асқақтаған хан болса,  
Сөз ұқпайтын паң болса,  
Қанға- қан, жанға – жан алатынымызды жасырмаған елміз!  
Атадан ұл туғанда – құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туғанда – күң боламын деп тумайды.  
Ұл мен қызды қаматып,  
Намысқа шаппай үн атып,  
Көз жұмып кекке текке отыра алмайтын елміз!  
Сен – қалмақ болсаң, біз – қазақ,  
Қарпысқалы келгенбіз!  
Сен – шоқ болсаң, біз – жалын,  
Шарпысқалы келгенбіз!  
Сен – темір болсаң, біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз!  
Екі еліктің баласын теліткелі келгенбіз!  
Қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз,  
Жаңа үйреткен жас тұлпар шабысқалы келгенбіз!  
Ұғынысар кез болса,  
Сертке лайық сөз болса,  
Тұқыр сары желімдей жабысқалы келгенбіз!  
Сен – қабылан болсаң, біз – арыстан,  
Алысқалы келгенбіз!  
Қызыл сөзді көк семсер қағысқалы келгенбіз,  
Айтқаным көнбесең,  
Тілегімді бермесең,  
Тұрысатын жерінді айт – шабысты да көргенбіз!



## Мемлекет тілдері

Бір мемлекеттің қол астына қарап тұрған неше түрлі халықтар мұқтаж болып, бек қатты керек қылады, бір-бірін біліп танымақтарын. Соның үшін олардың әр қайсысына тиісті бірнеше түрлі тілдерді білмектік. Бірақ мұның бәрін білу бек қиын һәм мекен-жайы сонан болса да әрбір мемлекеттерде мүмкін қатары жаһұт етіп білуге тырысады, қарап тұрған жайттарының тілдерін үйреніп білмектеріне, керекті мақсатына қарай. Еліне мұндай болмаған мезгілінде қиын болмай, жеңіл болса керек.

Біздің уақытымызда шыққан машина арқылы жүретұғын нәрселердің себебіменен қандай үлкен дүниенің жүзін ойыншық секілді қылып, адамдардың жүріп-тұруларына жақын қып қойғандарының себебінен әрбір жұрттардың бір-біріне араласып, қатынасулары көбейіп кеткеннен кейін, бүткіл халық араларына керекті тілдерді үйреніп білмектеріне керектігінің барлығы білініп қалды. Соның үшін ең белгілі халықтардың бір-біріменен көнісіп уағда қылғандары баршаға керекті тіл болсын француз тілі деп.

Осылай болған мезгілде әрбір адам тәлім қылып, уақыты бола қалған кезде оған керекті білмектің ең жоқ дегенде үш түрлі тілді. Тұрмыс уақытында қиыншылық көрмей біреудің болыспағын сұрап, оған тәуелді болғанша. Әуел білмек керек өз тілінді. Онан кейін қарап тұрған мемлекетінің тілін және мүмкін қатары француз тілінде. Бұл тілді барша халықтар үйреніп, жатыр, орыстар, арабтар, немістер, қытайлар һәм басқалары да.

Тұрмыс мемлекетінің тілін білмектік әр қайсысына пайда һәм қарап тұрған мемлекетінің өзіне де пайдасы бар. Қолдарындағы халықтары тілдерін біліп төзімдеріменен мекеме бұйрықтарын ұғып тұрғаннан кейін оларды жақсы қылып сақтап ұстамақтарына. Соның үшін әр бір мемлекет жайлары жаһұт қылады, қол астына қарағыштары мүмкін қатары білсе екен деп, тұрмыс жағының тілдерін.

Және неміс ұлтының мемлекеті жаһұт етіп қалайды, қол астарына қараған Россия халқыменен поляк халықтары неміс тілдерін үйреніп білсе екен деп. Және Россия халықтары жаһұт етеді, өзіне қараған халықтары орысша ұғып, тілдерін білсе екен деп. Соның үшін міндет – тілі қылып қойған баршаларына тілді үйретпектерін һәм бүкіл медреселерде табиғи қаратып қойған ең үлкен ғылым мекемесіне әрбір тексеруші жайларда және мемлекетке қараған мекеме жайларында басқа тіл болмасын, жалғыз қарап тұрған мемлекет тілінен болады деп.

*Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. 2 том Алматы:  
"Қазақ энциклопедиясы", 2014. 12 бет.*



**ШЕРУБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**  
ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

## АЛАШТЫҢ ӘЛИХАНЫ және ҚАЗАҚ ТІЛІ

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жан-жақты энциклопедиялық білім иесі, алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан ормантанушы, публицист, экономист, аудармашы, заңгер ғалым болумен қатар қазақ тілінің дамуына да елеулі үлес қосқан ірі саяси тұлға. Алаш көсемі туралы сөз қозғалғанда ірі саяси қайраткер болғандықтан оның саясаткерлік қыры мен күреске толы ғұмыры туралы көбірек айтылуы да орынды. Кейінгі жылдары алаштың ардақты ұлының соңына қалдырған мұрасын зерттеуші түрлі сала мамандары тарапынан оның саясаттану, көсемсөз, экономика, ауыл-шаруашылығы, әдебиеттану, тарих ғылымдары саласына қатысты еңбектері зерделеніп, құнды ғылыми тұжырымдар жасала бастады. Қайраткер-ғалымның шығармаларының толық жинағы, алаштанушы ғалымдардың оған арналған кітаптары, мақалалары жарық көрді. Әлихантану өріс алып келеді. Ол жөнінде жазылған осы еңбектердің бірқатарымен танысқанда бірлі-жарым мақалалар болмаса, қайраткер мұрасын тіл мамандары тарапынан зерттеуге көп көңіл бөліне қоймағандығы аңғарылды. Қазақтың қайсар рухты күрескер ұлының ұлт тілінің, ұлттық тіл ғылымының дамуына сіңірген еңбегін, қосқан үлесін арнайы зерттеу, оның ғылыми мұрасын тілдік тұрғыдан қарастыру бүгінгі тіл мамандарының төл міндеті болса керек. Сол себепті біз тіл маманы әрі алаш зиялыларының тілдік мұрасын зерттеушілердің бірі ретінде оның қазақ тілі мен ұлттық тіл білімінің дамуына қосқан үлесі, осы салаға қатысты еңбектері туралы арнайы сөз қозғауды жөн санадық.

Әлихан Нұрмұхамедұлы өз замандасы, ұлт ісінде қанаттасып қатар еңбек еткен сенімді серігі тіл ғылымының ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақ тілін арнайы зерттеп көлемді ғылыми еңбектер жазбағанмен, өзінің мақалаларында, рецензияларында тілдің түрлі мәселелерін көтеріп, құнды ғылыми пікірлер білдіріп, маңызды тұжырымдар жасаған қарымды



қалам иесі. Әсіресе, оның тіл саясаты мен қазақ тілінің қоғам өмірінің түрлі салаларындағы қолданылуын қамтамасыз етуге арналған еңбектері мен жасаған қызметі үлкен тарихи мәнге ие.

Әлихан Бөкейханның қазақ тілінің дамуы жолындағы сіңірген еңбегі мен қызметін бірнеше қырынан қарауға болады. Ең алдымен, ғалым өзінің бүкіл саяси және шығармашылық ғұмырында қазақтың баспасөз тілінің, ғылым тілінің, жалпы жазба әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына мақсатты, саналы түрде қызмет етіп, елеулі үлес қосты. 1923 жылы Дінше Әділұлына жолдаған хатында ол «Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасак, не қазақ тілінде кітап жазбасак, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп жазады. Ол өмірінің соңына дейін осы ұстанымынан айныған емес. Ғалым көптеген ғылыми, ғылыми-танымдық, оқу-әдістемелік, публицистикалық еңбектер жазды. Әлем әдебиетінің классиктері Г. Мопассан, О. Уайльд, Л. Толстой, И.С. Тургенев, А.П.Чехов және В.Г. Короленко, Д.М. Мамин-Сибиряк сынды көрнекті қаламгерлердің көркем шығармаларын, бірқатар ғылыми еңбектер мен оқулықтарды қазақ тіліне ұлт танымына сәйкестендіріп аударды. Редактор болып газеттер шығарды, журналист болып жүздеген мақалалар жазды. Соңында қыруар мұра қалдырды. Ұлт болашағы мен оның мәдениеті үшін аса маңызды бұл іспен тек өзі ғана айналысып қоймай, алаш көсемі, XX ғасыр басындағы ұлт көшбасшысы ретінде өзінің төңірегіне топтасқан бүкіл қазақ оқығандарын қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруға жұмылдырды. Оларды қазақша кітап, мақала жазуға, газет шығаруға тартты. Жақсы, сауатты жазылғандарын өзгелерге үлгі етіп, нашар, сауатсыз жазылғандарын сынға алды. Баспа бетін көрген қазақша кітаптардың көпшілігіне рецензия, әдеби сын жазып, пікір білдірді. Олардың мазмұнына, тіліне, сөз қолданысына, қазақ ұғымына сай аударылуына да үлкен мән беріп отырды. Мәселен, 1914 жылы Қазанда басылған «Қара қыпшақ Қобыланды» (Махмұд-Сұлтан Тұяқбаев) жыры жөніндегі сын мақаласында ол жыршының өз тарапынан батырлық жырға Қобыланды заманында болмаған, кейінгі кезеңде пайда болған сөздерді орынсыз қосқанын, қолданыстағы емлені сақтамағанын және жер-су, кісі аттарының кітап соңында әліпбилік тәртіппен берілмегендігін сынға алады. «Салдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрі бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған... Жоғарыда жазылған беттерде осындай қозы қоспай, ескі заман салтын жаңа заманға аударған сөздер толып жатыр.

«Қобыланды» кітабы осы күнде қазақ арасына жайылып келе жатқан «қазақ» емлесіне қарамастан, өзге бұрынғы ескі жолмен басылған. Қазақ ішіне көп таратылатын кітаптардың қазақ емлесімен басылуы біздің рухани міндет жолына жақсы болар еді.



«Қара қыпшақ Қобыланды»-да мынау жер-су атаулары бар: Қараспан тау, Ындулы тау, Алалай һәм Сың-Сылам өзендері, Жүн төбе, Арыс, Азулы, Елек өзендері, Есенбай, Борсықбай, Аманбай (Тікен), Күдері, Қарадөң, Ембе, Жем, Темір өзендері, Тобынғылы Нұра, Барлы-берлі, Барлы тау, Қарлы тау, Алатау, Атасу, Манашы, Күнгилі, Сары өзен, Есіл, Ақсай, Мұштан (қала) балалы тау, Жайық...

«Қобыланды»-ны қайта басқанда мұндағы жер, су һәм кісі аттары әліппе тәртібімен кітаптың аяғына басылса һәм шыққанда кітаптың қайсы бетінде қайсы сөз бар екені көрсетілсе, біріншіден – бұл кітап тәрбиелі болар еді» – деп жазады. («Қазақ», № 129, 1915 жыл).

Тілдің өз дәуіріне тән сипатының сақталуына, жыр мәтінінің о бастағы қалпын бұзбаудың маңызын ғалым терең пайымдайды. Соңғы абзацта автор кітап соңында әліпбилік көрсеткіш жасау жайын айтады. Мұнда кітап шығару мәдениетімен қатар ономастика мен лексикография мәселелері де қозғалып отыр. Одан әрі «жырдан қазақ тарихына жем іздеген адамдарға оңай болар еді» деу арқылы ол жалқы есімдердің, тарихи атаулардың тізбесін жасаудың маңызын атап көрсетеді.

Алаш көсемі Абай, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған көптеген қазақ ақын-жазушыларының еңбектері мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» жырларын өңдеп, баспадан шығуға мұрындық болды, тікелей бұл іске өзі басшылық етті. Шығарғаннан кейін де оларды халыққа таныстырып, насихаттады.

К. Фламарионның «Астрономия әліп-биі» (–Мәскеу, 1924. -225.), Д. Гравенің «Дүниенің құрылысы» (–Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. -101.), Т.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (–Мәскеу, 1926. -102) сияқты еңбектерін қазақ тіліне аударған ғалым ұлттық ғылым тілінің, терминологияның қалыптасуына да көп еңбек сіңірді. Осы еңбектерде ғалым *бойлауық, жанартау көгі, жантайма, жұлдыз жасуын, тұтылыс, жартылай тұтылыс, жердің белбеуі, жердің білегі, күн қотаны, күннің сепкілі, қашаған күш, қырағы түтік, сақина тұтылыс, үйектік, үйектік шеңбер, құбылнама, қарауыл үй* т.б. көптеген терминдер қолданылады. Бұл жеке әңгіме арқауы боларлық мәселе.

Соңғы демі біткенше халқына қалтқысыз қызмет еткен қайраткердің сөзі мен ісінің арасында алшақтық, сәйкессіздік болмады. Сол себептен де ұлт зиялылары «Алаштың Әлиханы» атанған көшбасшының төңірегіне топтасты, ел де оған сенді. Басқан ізі аңдулы, үнемі қуғын-сүргінде жүріп, түрмеде, Мәскеуде ұйқамақта отырса да, оның айтқан әр сөзі, жазғаны елге жетіп жатты. Қазақ зиялыларының арасында да, бүкіл халықтың алдында да үлкен беделге ие болған тұлғаның қашанда сөзі өтімді, ықпалы зор болды. Оның ел ішіндегі осы зор беделі мен жан-жақты білімі қазақ тілін



баспасөз тілі, ғылым тілі, көркем әдебиет пен ресми ісқағаздар тілі ретінде орнықтыру жолындағы қайраткерлік қажырлы еңбегі мен тіл тұтынушысы, шығармашыл тұлға ретінде қолынан қаламын тастамай көрсеткен жеке үлгісі ақын-жыраулардан, Махамбет, Ыбырай, Абай, Шоқандардан басталған ұлттық әдеби тілдің іргетасының берік қалануына қосылған өлшеусіз үлес болды. Бұл орайда онымен замандас алаш зиялыларының бірі Қошмұхамед Кемеңгерұлының «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азаттық тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан. Әлиханның қазақ еліне сіңірген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды» деген пікірі өте орынды айтылған. Ғалым мұрасымен толық танысқан адамның оған анық көз жеткізері кәміл.

Екіншіден, Ә.Бөкейхан өзінің саяси күреспен өткен саналы ғұмырында қазақ тілінің қоғам өмірінің барлық саласында, ел аумағында кеңінен қолданылуына қол жеткізу үшін бар күш-жігері мен жан-жақты білімін жұмсады. Қазақ ұлтына адал қызмет етуді өмірінің мәні санаған саяси қайраткер тіл саясатымен де тікелей айналысты. Ол қазақ тілінің ел ішіндегі қолданысын заң жүзінде бекітуге ірі саясаткер әрі кәсіби заңгер ретінде атсалысқан және ХХ ғасыр басындағы ұлт көшбасшысы ретінде бұл іске басшылық жасаған аса көрнекті ұлт зиялысы. Сол себепті бүгінгі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, дамуының тарихы, бұл жолдағы күрестің бастаулары туралы сөз болғанда Ә. Бөкейханға соқпай өтуге болмайды. Өйткені ол бұл істің басында тұр. 1905 жылы қарашада Ресейдің «жергілікті және қалалық қайраткерлерінің» Мәскеудегі сиезінде сөйлеген сөзінде: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы» деді. Ә.Бөкейхан Қарқаралы уезі қазақтарының 11 тармақтан тұратын құзырхатын өз атынан орыс тілінде Санкт-Петербургте «Сынъ отечества» газетінің 1905 жылғы 4 қыркүйектегі 173-санында және 1906 жылғы 26 тамызда өзі басушы-редакторы болған «Иртышь» газетінің 32-санында Омскде екі рет жариялаған. Осы 11 тармақтың 2,3,7 және 8-тармақтарында қазақ тілінің мәселелері көтерілді. 14 500 адам қол қойған осы құзырхаттың 2-тармағында «...Қазақтың ұл балаларына арнап ашылған ауыл мектептерінде сабақ орыс тілінде жүреді. Осы мектептердегі сауат ашу сабақтары қазақ тілінде де жүргізілуін сұраған қазақтардың өтініші орындалмады. Бұл мектептерде қазақ балаларына қазақ сөздерін орыс әріптерімен жазуға үйретеді. Олар қазақ дыбыстарын бере алмайды» деп, қазақ мектептерінің жай-күйі мен балаларды қазақша, ұлт тілінің әліпбимен оқыту мәселесі күн тәртібіне қойылады. 3-тармақта «Қазақ халқының күнделікті қажеттіліктерін біліп отыру үшін типография ашып, алдын ала жүргізілетін цензурасыз қазақ тілінде газеттер шығару қажет» делінеді. 7-тармақта жүздеген кеңселерде



ісқағаз жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылып жатқандығы, қолданыстағы дала ережесінің штатына сәйкес уездер мен облыстық басқармаларда қазақ тілін білетін аудармашылар болуға тиіс екендігіне қарамастан, жергілікті әкімшілік бұл орындарға қазақ тілін білмейтін орыс шенеуніктерін алып отырғанын, кейде қажеттілікке байланысты бұл іске басқа адамдардың тартылатынын және крестьян бастықтардың қазақ тілінде жазылған өтініштерді қабылдамайтындығын айта келіп, мынадай талап қояды: «Қазақтардың мүддесі үшін: болыстықтардың кеңселері мен халық соттарында ісқағаздарын қазақша жүргізу, аудармашы лауазымына қазақша білетін және қазақша хат танитын адамдарды алу, және қазақтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіріп – өтінішті өз ана тілінде жазу». 8-тармақта Соттың өзі қызмет етіп отырған халықтың тілін білуі – сот төрелігін дұрыс жүргізудің қажетті шарты. Соған қарамастан, қазақ даласында сот пен тергеуші болып халық тілін білмейтін орыстар қызмет етіп жүр. Ал неге екені белгісіз қазақ заңгерлері қазақтар тұратын уездерге тағайындалмайды, осыдан Далалық өлкеде сот төрелігі зардап шегіп отыр. Сондықтан, соттар қазақ тілін білетін болсын және қазақ даласында алқабилер соты енгізілсін» (орысшадан аударған – Ш.Қ.) делінген. Бұл құзырхатта қазақ балаларына ана тілінде білім беру, кеңселерде ісқағаздарын қазақша жүргізу, сот пен тергеу ісін қазақша жүргізу талаптары анық қойылған. Яғни, Алаш Орда үкіметі, ҚазКСР-і құрылудан, Қазан төңкерісінен едәуір бұрын, сонау ХХ ғасыр басында-ақ қазақ даласында қазақ тілінің қолданысын қамтамасыз ету мәселесі көтерілген. Іс жүзінде қазақ тілінің мемлекеттік тілге жүктелуге тиіс қызметтерді атқаруы талап етілген. Ол судьялардың қазақша білмейтіндігін сынға алып, сот ісін қазақша жүргізу мен білікті қазақ судьяларын мәселесін де үнемі күн тәртібіне қойып отырды. Оның мына мақаласында айтқан пікірінен де оны анық көреміз: «Біз бұл орыс судьясына құл болсақ, судья біздің жұрттың тілін білмейді. Біздің өзімізден судья болатын қазақ жоқ есебінде. Переводчик пен биге түскен соң бұл дауда не қасиет қалады. Бірі бас десе бірі құлақ деп қарап тұрмай ма?» (*Қыр баласы. Тағы да би һәм билік. «Қазақ» газеті, № 50, 1914 жыл. Самар қаласы*).

Алаш ардақтысы қазақ балаларының ана тілінде білім алуын ұлтты сақтаудың, тіл саясатының аса маңызды мәселесі ретінде қарастырып, оған үнемі ерекше мән беріп отырады. Ол «Иртышъ» газетінің осы 32-нші нөмірінде қазақ даласында II Александр мен II Николай жүргізген өлкелерді орыстандыру саясатын жалғастыруға барынша ынталы қайраткерлердің бар екендігін ашық айта келіп, «Орыстандыру саясаты қазақтардың ана тілінде хат тануын тежеудің барлық амал-тәсілдерін қарастыруды талап етті» – деп жазды. Алаш қайраткері қазақ балаларының алдымен бастауыш мектепте ана тілінде білім алуына ерекше мән беріп, 1913 жылғы «Қазақ» газетінің 14-інші нөмірінде «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек; керек



болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи жаза білген соң, шама келсе орысша білу қажет» – деп, алдымен қазақша оқып, орыс тілін содан кейін игеру керектігін атап көрсетеді. Мемлекет қайраткерінің бұл пікірінің өте орынды айтылғанын уақыт өзі дәлелдеп берді. Қазақ – кеңестік кезеңде қалада тұратын ұл-қызының көпшілігін алдымен орысша оқытып, орысша тәрбиелеп алып, тәуелсіздігін алғанына ширек ғасыр өтсе де солардың бетін бері бұра алмай отырған халық. Қазақ арасынан «орыстілді қазақ» деген қауымды қолдан жасап алдық. Бір қазақты «таза қазақ», «шала қазақ», «ада қазақ» (қазақы қасиеттен мүлде жұрдай болған) деп жіктейтін болдық. Қазақтың жазғанын қазақ оқи алмай, қазақтың айтқанын қазақ түсінбей, енді бір-бірімізге «қазақша сөйлесейік» деп үгіт-насихат айтатын халге жеттік. Өзге мәдениет бойына әбден сіңіп, өзге тіл санасын билеп алған мыңдаған бауырларымыз қанша жерден тамағымызды жыртсақ та үйірін табуға асығар емес. Өйткені, адам қай тілде тәрбие мен білім алса, ол – сол тілдің жемісі. Басқа бақшада өсіп, басқа топырақтан нәр алған жемісті тамырымен қопарып жұлып алып, өз бақшаға қайта егіп жерсіндіру оңай емес. Адамның баласы қандай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан қай тілде тілі шықса, тәлім-тәрбие мен білім алса, қандай тілдік ортада өссе сол тілдің өкіліне айналады. Сол тілде жасалған құндылықтарды бойына сіңіру арқылы ол тіл иесі болып табылатын халықтың дүниетанымын, мінезін, стеротиптерін, психологиясын, дағдыларын да қабылдайды. Бұл үрдіс ұрпақ алмасқан сайын жалғаса берсе, онда өз ата-бабасының мұраларынан қол үзіп өзге мәдениет, өзге тіл бесігінде тербелгендер біртіндеп өзге халықтың өмір-салтымен ғұмыр кешуге көшіп, өз халқынан тамырын үзіп, алшақтап кетеді. Мұндай жолға түскен жұртта туған халқының тілін, дінін, дәстүрін, өнерін жатсынатындар, қораш көретіндер қатары өсе береді. «Мәмбет», «қазақбай» деген кемсітуші атаулар солай пайда болған. Өз ұлтын менсінбеушілер арта бастаған сайын аралас некелер көбейеді. Ұлттардың ассимиляцияға түсуі осылай жүзеге асады. Ал бұған үстемдік етуші мәдениет пен тіл өкілдері осы үрдістің тоқтаусыз жалғаса беруіне қашанда мүдделі болады. Сондай-ақ өзге жағалауға өтіп кеткендер де сол мүддеге қызмет етіп, біртіндеп өз балалары мен бауырларын, қандастарын солай қарай тарта береді. Тәуелсіз елдің ұл-қыздары әлі күнге дейін өзге тілде оқып тәрбиеленуді жалғастырып отыруы соның айқын көрінісі. «Қазақ болайық, қазақша өмір сүрейік, қазақ тілін меңгерейік» деп күндіз-түні қаншама уағыз, қаншама үгіт-насихат айтылып жатса да, біз күткендей нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырға жуық мерзімінде біз әлі тілі бір, ділі бір біртұтас ұлтқа айнала алған жоқпыз.

Қазір біз қазақ, ағылшын, орыс тілдерін меңгерген үштілді ұлт болуды мақсат етіп отырған елміз. Жөн-ақ. Әлемге кең тараған ағылшын тілі мен



іргелес көршіміздің өз тіліміздей меңгеріп алған тілін ұмытып қалмай шет тілдерінің бірі ретінде сақтау маңызды. Оларға қоса біздің қабілетті жастарымыз алып көршіміз Қытай мен дамыған елдердің немістің, испанның, француздың, жапонның және басқа да халықтардың тілдерін де білсе көптік етпейді. Бірақ бұл тілдердің бәрін біз алдымен ана тілімізді, мемлекеттік тілімізді меңгергеннен кейін оқып-білуіміз қажет. Қазақтар үшін тәрбие мен бастауыш білім беру тілі тек қазақ тілі болғанда ғана қазақтың ұлт ретінде өркендеуіне негіз қалаймыз. Басқа тілде тілі шығып, тәрбие алған өркен сол тілдің жетегінде кетіп қалады. Ұлт боламыз десек, мұны ұмытуға қақымыз жоқ. Мал екеш мал да отпаған жеріне, су ішкен құдығына қарай қашады да тұрады. Адам да саналы, бейсаналы түрде өзі сусындаған мәдениетке, дүниені таныған тіліне қарай тарта береді. Қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан адамға оны дәлелдеп жату, мысал келтіру артық болар деп ойлаймыз. Айналамыз толған мысал. Міне, сондықтан осыны жан-тәнімен де, білім-парасатымен де сезіп-біле отырып айтылған алаш көсемінің орыс тілін білу «...қазақша оқығанның үстіне керек» деген пікірі құнын еш жойған жоқ. Керісінше, қазіргі қазақ қоғамы үшін тіпті маңызды болып отыр. Мыңдаған қазақтар орысша оқығанның үстіне, қазақша оқып, қазақша жазып, қайтадан қазақ болуға бет бұра алмай жүр. Өйткені, олардың іргетасы баяғыда балалық шағында қаланып, миында, санасында басқа тіл берік орнығып алған. Олардан қазақжанды қазақ жасау салынып қойған үйді бұзып, күреп тастап қайтадан үй салғанмен барабар. Біздің ересектерді оқытуға жұмсалған қыруар қаржымыздың ақталмай, оқытушыларымыздың еңбегі мен жазған оқулықтарымыздың нәтижеге жеткізе алмай жатуының түпкі сыры сонда жатыр. Енді бірқатарының қазақтануға мүлде құлқы да жоқ. Себебі олар дәл бүгін-ертең оған айтарлықтай сұраныс пен қажеттілік болады деп ойламайды. Өзі жүрген сүрлеумен ұрпағын да сүйреп, баласын орысша оқытып, ағылшынша үйретіп өзге мәдениеттер мен тілдердің жетегіне еріп барады. Аюдың апанына өзің барып кіру – ажалыңнан үш күн бұрын өлуге ұмтылумен бірдей. Бұл – ұлт тағдыры үшін қауіпті құбылыс. Әлихан бастаған қазақ зиялылары Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Халел, Мағжан, Жүсіпбек сынды алаш ардақтылары ұрпағын осы жолға түсіп кетпеуден сақтандырды. Сол үшін күресті. Қазақтың елдігі мен ұлттық болмысын жоғалтпау үшін ақырына дейін аянбай алысып-тартысып жүріп құрбан болды. Сондықтан да біз оларға мың мәрте қарыздармыз. Алаш зиялыларының алдына қойған мұраты, көздегені – қазақтың мүддесі, қазақтың арманы болды. Бізге заманауи білім-ғылымды, технологияны өзгеден үйренуге болады. Бұл орайда қазаққа ағылшын мен немістен де, американдықтар мен үндістандықтардан, жапондар мен кәрістерден де, қытай мен орыстан да үйренетін нәрселеріміз көп-ақ. Өркениет көшінің алдыңғы легіне шығып кеттік деп лепіруге бізге



әлі тым ерте. Алайда, Отанға, ұлтқа адал қызмет етудің, мемлекетшілдіктің үлгісін алыстан, өзге жұрттардан іздеп қажеті жоқ. Оның жарқын үлгісі өзімізде де бар. Ол – алаш өнегесі, алаш мұрасы. Алаш тағылымы дегенді олардың осы өсиетіне, мұрасына адалдық деп түсінуіміз керек. Абай мен Махамбеттен сусындап, Әлиханды, Ахметті, Мағжан мен Міржақыпты оқып, көкейіне тоқып өскен ұрпақ, елшіл ұлтжанды болмауы, қазаққа қызмет етпеуі мүмкін емес.

Ә.Бөкейхан өзі бастаған алаш зиялылары жасап, 1917 жылы Орынборда «Қазақ» газетінің № 251 санында жарияланған «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасында «Би һәм судия жергілікті жұрттың тілін білу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болуы. Присяжныйлар қазақтан алынуы» («Билік һәм сот» бөлімінде), «Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы: қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы» («Ғылым-білім үйрету» бөлімінде) анық жазылған. Осы бағдарламадан алаш көсемінің қазақ тілінің болашағы жөнінде алдына қандай мақсат қойғанын көруге болады. Саяси қайраткердің қазақ тілінің заңды мәртебесін орнықтыру жолындағы күресі әрі қарай да жалғаса береді. Алаш көсемі өмірінің ақырына дейін ұлт тілінің мүддесі мен оның дамуы, қолданысының жайын бір сәт те есінен шығармаған. Қайраткер мұрасымен танысқан сайын оған анық көзіңіз жетеді.

Ә. Бөкейхан қазақтың тілі мен өмір-салтын жетік білген нағыз ұлт зиялысы. Оны айналасындағы алаш зиялыларымен қатар онымен қызметтес болған мәскеулік әріптестері де атап айтады. 1922 жылдың 14 желтоқсанынан 1927 жылдың 1 қазанына дейін Мәскеудегі КСРО халықтары Орталық баспасының Қазақ секциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істегені белгілі. Орталық баспа бас редакторының орынбасары Великовский мен хатшысы Дурасс ол жөнінде «Өзінің ғылыми және әдеби жұмысында... Ә.Н. Бөкейханов қазақтардың тілін, шаруашылығы мен тұрмысын білумен қатар өзіне артылған міндетке барынша ынта-ықыласымен қарады» деген пікір білдіреді.

Үшіншіден, Ә. Бөкейхан қазақ тілі дыбыстық жүйесінің бұзылмауы, сөздердің этимологиясы, кісі есімдерінің ұлттық үлгіде жазылуы, сөздердің аударылуы мен дұрыс қолдануы, қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелерін де көтеріп, ұсыныстарын білдірген ғалым. Сонымен қатар ол өз мақалаларына қазақ тіліндегі білім берудің, қазақ тілін пән ретінде оқытудың сапасы мен мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру, ауыл мектептеріндегі оқыту кемшіліктерін жою мәселелерін де арқау етті. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 14-санында жарияланған «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында былай деп жазады: «Мен жүздесіп, сөйлесіп көргендерімде қазақ мұғалімдері түгел ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей сол сотие



жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Менің көргендерімде медресе Ғалие, медресе Хасейненен шыққандардың өзі болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді. Көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб хәрпіне есептеді. Араб хәрпіне дұрыс келмейтін дыбыс, қазақ тілінде бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын сол сөтие жолымен жақсылап оқытуға болмайды. Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де – оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін иә білмегендік иә білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспенен балаларды жаттықтыру оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзету мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады».

Қайраткер-ғалымның бұл жазғандарынан оның қазақ тілінің дыбыстық жүйесін де жақсы білетіндігі аңғарылып тұр. Мәскеуге жер аударылған алғашқы жылдары ғалым қазақ мектептеріне арналып жазылған оқулықтарды сараптап, іріктеуден өткізетін комиссия құрамына кіріп, осы комиссияның «Құрметті төрағасы» болып сайланады. Қазақ тілінде жазылған оқулықтарды қарауға, олардың сапасын жақсартуға өзі басшылық етеді. Ол А. Байтұрсынұлына жазған хатында оның әліппесі мен М. Жұмабайұлының еңбегі туралы да пікірлерін білдіреді. Ғалым-ағартушы қазақ тілінде шыққан оқулықтарға ғана емес, өзге де кітаптарға пікір жазып, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетіп отыруды өзіне міндет санаған деуге болады.

Ә. Бөкейхан «Примечания к пообщинным таблицам» деп аталған жазбасында ғалым «жайлау», «жерошақ», «жұрт», «енші», «ерулік» «қазы», «қонақасы», «қыстау», «киіт», «қотан», «онбасы», «соғым», «тебін», «тоқал», «шошала», «шойынтіс» сынды 54 сөздің мағынасына орысша түсініктеме береді. Кей атаулардың (киік – сайгақ, құл – раб, құдық – колодец) орыс тіліндегі баламасын көрсетеді. Оның бұл еңбегі ұлттық ұғымдардың шағын түсіндірме сөздігі іспетті. Ғалым бірқатар мақалаларында «алаш», «қазақ», «анда», «құда-анда» сияқты сөздердің этимологиясы жөніндегі пікірлерді ортаға салып, оларға қатысты өз тұжырымдарын айтады.

1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» Ә. Бөкейхан қазақ аты-жөнін жазғанда орыс тіліндегі -ов, -ев қосымшаларын алып тастап, ұлттық үлгіде әкесінің атына «ұлы», «қызы» сөздерін қосып жазуды ұсынды. Оның ұсынысы делегаттар тарапынан талқыланып, мақұлданды. Съезде қабылданған бұл шешім қазақша пән сөздері (терминдер) жөніндегі съезд қаулысына қосымша енгізілді.

XIX ғасыр мен өткен ғасыр басында татарша оқығандар татарша ара-



ластырып сөйлеп, татар тілінде жазуды енгізуге ұмтылғаны белгілі. Бұл мәселеде де алаш қайраткерінің ұстанымы айқын. Ол қазақ ісқағаздардарын татарша емес, қазақша жүргізуі керек деп санайды. Ресми іс қағаздарының басым бөлігі әлі орыс тілінде жүргізіліп, қазақ тіліндегі құжатайналым үлесін ұлғайтып көрсету үшін ғана қыруар орысша құжатты аудармашылар қолымен қазақшалап, өзімізді-өзіміз алдап отырған біздің жағдайымызда оның бұл пікірі өте өзекті болып тұр. Кейбір өз тілін өзекке теуіп, қазақ тілінен басқа тілдің бәрін оқып-үйренуді, жазып-сөйлеуді зор жетістік санап, құлдық сана құрсауынан босай алмай жүргендер мемлекет қайраткерінің жүз жыл бұрын айтылған мына пікірлеріне ден қойса, ұйықтап қалған ұлттық санасы оянар ма еді деп ойлайсың. Қайраткер тұлға былай деп жазады: «Мұсылман сиезі закон жобасында жазылған екен, рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп. Бұл біздің қазақ жұртына ыңғайсыз екені көзге көрініп тұр. Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып, қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді біздің қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біз кітап жазып, журнал, газет шығара бастағанымыз осы 3-4 жылдың ғана арасында. Анық түрік затты қазақ тілі біздің қазақта. ...Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады.

Біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар, біз – қазақ татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес; Қафказ, Қырым ауылындағы татарды Қазақ татарымен сөйлестірсе, бірін-бірі ұға ма? Жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр облыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһаншаһ екеуміз».

Басқа тілдің артына мінгескендердің бөтен тілдің бөктергісінде кететінін біздің халық Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр болса да әлі толық түсіне қоймаған сынайлы. Бүгін бізге туысқан татар тілінен қауіп жоқ. Керісінше, қазір түбі бір бұл екі тілдің мұңы мен мүддесі ортақ болып отыр. Қазір бізге өздері үрім-бұтағымен орыс тіліне мінгескені аздай оған бүкіл қазақты мінгестіріп жібергісі келетіндер қауіпті болып тұрған кезенді кешудеміз.

Ұлт көсемі қазақ тілінің мәртебесі үшін күресумен қатар, тіліміздің байлығын бағалап, оның әлеуеті мен мүмкіндігін де көре білді, болашағына кәміл сенді. Қайсар рухты қайраткер тұлғаның төмендегі мына пікірі соның айқын дәлелі емес пе? Ол былай деп жазады: «Қағаз тілі бір болса, мұсылман бірігуіне жақсы, законда татар тілі болсын деп көріне сөйлеген хазірет Хасан ғата, өзге хазіреттер де Хасан ғата пікірін қабылдайтын көрінді. Бақытжан ағамыз қазақта тіл жоқ деді. Көп таластан кейін сиез рухани мекеме қағазы «татар-түрік» тілімен жазылсын деді. Біз қазақ тілі законға жазылған деп қарыса алмадық. Бүктемеде қалатын болған соң, «түрік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық. Түбінде біздің қазақ тілі, бізбен тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды байытпаса, біз бірімізге қоңсы қоймаймыз ғой! **Ғұмыр жүзінде**



**біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар:** Абай, Ахмет, Мір Яғқұп, Шаһкәрім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой!» *(Ғали хан. Мұсылман сиезі. «Қазақ», 1914. № 88. Самар қаласы.)*

Бұл пікірдің ар жағында өз жұртын, ұлт зиялыларын айрықша құрметтейтін, асылдарын ажырата білетін, ұлт мәдениеті мен тілін шын сүйетін, үлкен білім-парасат иесі тұрғанын пайымдамау мүмкін емес. Кеше де бүгін де арамыздан шыққан талай оқығандарымыз қазақ тілінің болашағына сенбей «қазақта тіл жоқ», «қазақ тілі ғылым тілі, заң тілі, ісқағаз тілі бола алмайды» деп жүргенде оның осыдан бір ғасыр бұрын айтқан бұл сөзін көсемнің көрегендікпен айтқан пікірі десек, еш әсірелеушілік болмайды. Жалпы кешегі кеңестік заманда қазақтың Лениннен басқаға қимаған «көсем» деген сөзі ұлтымыздың маңдайына біткен марқасқа ұлы Алаштың Әлиханына қатысты қолданылса, сөзіміз жүйесін де, иесін де тауып орнымен жұмсалып тұрғандай көрінеді. Халықтың ең қасиетті де қымбат қазынасы тілі десек, осы баға жетпес рухани құндылығымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, ол үшін күресте алаштың ардақтылары Әлихан мен Ахандардан өнеге алсақ, ұлтымыздың рухы асқақ, тіліміздің тұғыры биік боларына күмән жоқ. Бұл аталғандармен бірге аса көрнекті мемлекет қайраткері, жан-жақты энциклопедиялық білім иесі болған ғалымның ұлттық баспасөз тілінің қалыптасуына сіңірген еңбегі мен аудармалары да қазақ тілінің дамуына елеулі үлес болып қосылды. Оның қазақ журналистикасы мен баспасөз тілін, ұлттық аударматануды дамытуға сіңірген ерен еңбегі өз алдына жеке-жеке қарастыруды, арнайы зерттеуді қажет етеді. Қыр баласының қыруар мұрасын неғұрлым терең зерттеп, зерделеген сайын ғалымның ұлт тілін өркендету, өрісін кеңейту жолындағы еңбегі еселене түсетініне еш күмән келтірмейміз.

Үлкенді-кішілі атқамінерлер мен мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет етіп жүрген лауазымды тұлғалардың көпшілігі бүгін мемлекеттік тілдің Ата заңымызда белгіленген мәртебесі мен Тілдер туралы заңымызға сәйкес қолданысын қамтамасыз етуге атсалысып, оның мүддесі үшін күреспек түгілі, елінің тілін қызметтік міндетін атқаруға қажетті деңгейде білуге де асықпай отыр. Сондай-ақ орысша, ағылшынша оқығандарды айтпағанда қаланың қазақ мектептерінде оқыған қазақтың ұл-қыздарының көбі ана тілінен алшақтап, үйренген тілдерінің жетегінде кетіп қалатын, оны кәсіби қызметінде, күнделікті өмір-тіршілігінде пайдаланғысы келмейтін өзгеге бейімделгіштік дертіне ұшырады. Солар Омбының техникалық училищесін және Петербор Орман технологиялық институтының экономика факультетін орысша бітіріп, орыс тілін жетік меңгеріп, еркін жазып-сөйлей білсе де, Мәскеуде он бес жылға жуық тұрса да өмірінің соңына дейін қазақ мүддесіне, қазақ тіліне қалтқысыз қызмет еткен алаштың Әлиханындай болмаса да, оның өнегелі өмірі мен халқына еткен адал қызметінен үлгі алуға жараса ғой. Онда қазақ тілінің еліміздегі мәртебесі биік, мерейі үстем тіл болатындығы еш күмән туғызбас еді.



## Мазмұны

Оқырманға арнау.....	3
<i>Салиқалы сұхбат</i>	
<b>Т. Әбдік.</b> Мемлекеттік тіл – міндетті тіл.....	4
<i>Терминдер әлемі</i>	
<b>Ө. Айтбайұлы.</b> Терминдену принципі хақында.....	7
<b>С. Әлісжан.</b> Түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдер.....	12
<i>Түбі бір түркі тілі</i>	
<b>М. Сабыр.</b> Орта түркі жазба мұраларының қазақ тілімен тілдік-мәдени сабақтастығы.....	21
<b>Ә. Ыбырайым.</b> Түркі халықтарының ортақ жазу проблемасы.....	31
<i>Жеріңнің аты – еліңнің хаты</i>	
<b>А. Пангереев.</b> Атаулар құпиясы немесе байырғы жер-су атауларының тарихы.....	37
<b>Ә. Аманжолов.</b> Жер-су, елді мекендерге кісі есімін беру мәселелері.....	43
<i>Әдістеме аясында</i>	
<b>Н. Оразақынова.</b> «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы және тәжірибелік алаң.....	50
<b>Е. Тілешов.</b> Қазақ тілін үйретудің лексикалық және грамматикалық минимумдары.....	66
<i>Әлеуметтік лингвистика</i>	
<b>Б. Хасанов.</b> Көне ру-тайпа сөйленімдері - халықтық тілдің бірме-бір негізі.....	75
<i>Әлемдік ақыл-ойдан</i>	
<b>В. Гумбольдт.</b> .....	87
<i>Маржан сөз</i>	
<b>Сырым Датұлы.</b> .....	90
<b>Қазыбек би.</b> .....	91
<i>Қалтарыста қалған қазына</i>	
Мемлекет тілдері.....	93
<i>Мерейтой</i>	
<b>Ш. Құрманбайұлы.</b> Алаштың Әлиханы және қазақ тілі.....	94

## **РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ**

Авторлардың стилі,  
Орфографиялық хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы  
тілдерді дамытудың республикалық  
үйлестіру-әдістемелік орталығында  
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған  
Баубекова С.

### ***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Сауран көшесі, 7 А,  
Тел.: 8 (7172) 40-83-97  
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 24.06.2016 ж.  
Басуға қол қойылған күні 27.06.2016 ж.  
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс № 1623

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.